



«КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ  
Н.НАЗАРБАЕВ ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ  
ДІНИ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ САРАПТАМАСЫ ИНСТИТУТЫ

# Дін саласындағы ақпараттық- түсіндіру жұмысының жағдайы және жетілдіру бағыттары

ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

Нұр-Сұлтан - 2020

Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысының жағдайы және жетілдіру бағыттары / Е.К.Байбол, Р.И.Камарова, З.Б.Малғараева, А.А.Темирбаева, К.К.Тлеубаева, З.Г., А.О.Орынтай, М.Ж.Кикимбаев, А.С.Укенов – Нұр-Сұлтан: «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КеАҚ, 2020. – 102 б.

Талдамалық баяндамада Қазақстан Республикасының дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысының ағымдағы жағдайы мен жетілдіру бағыттарына жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижелері қамтылып, соның ішінде келесідей аспектілердің зерделенуіне ерекше назар аударылды: дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде ақпараттық-түсіндіру қызметінің репрезентативтік ерекшелігі, жұмыстың сапалы орындалуына қажетті инфрақұрылымның болуы және оның қызмет көрсету деңгейі, ақпараттық-түсіндіру топтарын кәсіби мамандармен, сондай-ақ материалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету жұмысы, діни-уәждемелі экстремизмнің профилактикасы бойынша халықаралық тәжірибені талдау.

Баяндаманы дайындау барысында арнайы жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің деректері, мемлекеттік органдардың ресми ақпараттары және ашық қолданыстағы талдау материалдары пайдаланылды.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мемлекеттік тапсырысы аясында әзірленіп, дін саласы бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бағытында қызмет атқаратын мемлекеттік органдарға, үкіметтік емес ұйымдар мен сарапшыларға арналған.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
I. ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІН САЛАСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	8
1.1 Дін саласындағы өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметтерін талдау.....	31
1.2 Адрестік топтармен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы.....	31
1.3 Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі туралы тұрғындардың ақпараттану деңгейі.....	32
1.4 Қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар.....	30
II. ТАРАУ. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	33
2.1 Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің дайындық деңгейі.....	33
2.2 Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметтік тиімділігін арттыру.....	43
2.3 Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын талдау.....	52
2.4 Қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар.....	58
III. ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІН САЛАСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ.....	63
3.1. Ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімді әдістерін талдау (өңірлік тәжірибе).....	63
3.2. Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің қызметін ынталандыру.....	74
3.3 Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша халықаралық тәжірибе .....	81
3.4 Қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар.....	93
ҚОРЫТЫНДЫ.....	98
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	100

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

**АБҚО** – Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы

**АИК** – Аналитикалық интернет карта

**АҚ** – Акционерлік қоғам

**АҚШ** – Америка Құрама Штаттары

**АТТ** – Ақпараттық-түсіндіру тобы

**АТЖ** – Ақпараттық-түсіндіру жұмысы

**БАӘ** – Біріккен Араб Әмірлігі

**БАҚ** – Бұқаралық ақпарат құралдары

**БҚО** – Батыс-Қазақстан облысы

**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**ВК** – «ВКонтакте» әлеуметтік желісі

**ДБ** – Діни бірлестік

**ДДА** – Деструктивтік діни ағымдар

**ДМЗО** – Дін мәселелерін зерттеу орталығы

**ДІБ** – Дін істері басқармасы

**ДІК** – Дін істері комитеті

**ЕҚЫҰ** – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

**ЕО** – Еуропалық одақ

**ЖАО** – Жергілікті атқарушы орган

**ЖК** – Жеке кәсіпкерлік

**ЖШС** – Жауапкерлігі шектеулі серіктестік

**КММ** – Коммуналды мемлекеттік мекеме

**КАҚТЖДО** – Конфессияаралық қарым-қатынастырды талдау және дамыту орталығы

**ҚБ** – Қоғамдық бірлестік

**ҚК** – Қылмыстық Кодекс

**ҚҚО** – Құқық қорғау органдары

**ҚМДБ** – Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ҚР ӘҚБтК** – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі

**ҚР АҚДМ** – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

**ҚР ҰҚК** – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

**ҚСЗИ** – Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты

**ҚХР** – Қытай Халық Республикасы

**ОПШ** – Орыс Православ шіркеуі

**«Парасат» КӘО** – «Парасат» кеңес-әдістемелік орталығы

**ПД** – Полиция департаменті

**РФ** – Ресей Федерациясы

**СОО** – Сауда-ойын-сауық орталығы

**ТҚК** – Терроризмге қарсы комиссия

**ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

**ҰҚШҰ** – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы

**ҮЕҮ** – Үкіметтік емес ұйымдар

**ФБ** – «Фейсбук» әлеуметтік желісі

**ФТБ** – Федералдық тергеу бюросы

**ШҚО** – Шығыс-Қазақстан облысы

**ШЫҰ ӨТҚҚ** – Шанхай ынтымақтастық ұйымының Терроризмге қарсы өңірлік құрылымы

**ІІМ** – Ішкі істер министрлігі

## КІРІСПЕ

**«Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысының жағдайы және жетілдіру бағыттары»** талдамалық баяндама дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысының проблемалық қырларын анықтауға және осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бағыты бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының (бұдан әрі – АТТ) қызметін жетілдіру жолдарын айқындауға арналады.

**Өзектілігі.** Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан бастап дін саласындағы мәселелер жылдан жылға қоғамдық маңызға ие болуда. Дінге сенушілер мен ғибадат үйлерінің саны көбейіп, діни тәжірибе кеңістігінің аясына кіретін адамдардың қатары артып келеді.

Қазақстанды тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, әр түрлі ұлттар мен діни сенім өкілдері бейбітшілік пен ынтымақтастықта өмір сүретін поликонфессионалды және полиэтникалық мемлекет ретінде көпшілікке танылғаны баршаға мәлім.

Мемлекеттегі қазіргі ахуалдың дамуына діни уәждемелі экстремизм мен терроризмнің таралуы, дінаралық және конфессияаралық шиеленістердің шет жақтан ену ықтималдылығы сияқты жаһандық сын-қатерлер әсер етіп келуде. Ақпараттық технологиялардың да қарқынды дамуы кейбір азаматтардың глобалды және шексіз интернет арқылы экстремистік және террористік ұйымдардың қатерлі ықпалына түсу мүмкіндігін арттыруда. Осыған байланысты, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау мақсатында әрбір мемлекет тиісті шаралар қабылдауды өзіне міндет санайды.

Көпұлтты және поликонфессионалды қазақстандық қоғамда бірлесіп берекелі және бейбіт өмір сүру үшін өзара сыйластық принциптерін нығайту, конфессияаралық және этносаралық ынтымақтастықты күшейту, кез-келген радикализмға «мүлдем төзбеушілік» ұстанымын қалыптастыру қажет. Аталған міндеттерге еліміздегі діндердің дәстүрі мен құндылықтары, қоғамның дамуына олардың қосқан үлесі, дін саласындағы қазіргі үдерістер туралы тұрғындардың білімін арттыру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Тек тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру және оларды конфессияаралық бейбітшілікті сақтауға бағытталған мемлекеттің жұмысы туралы ақпараттандыру арқылы ғана Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасып, қоғам тарапынан мемлекеттік саясатқа деген сенім презумпциясы нығаюы ықтимал. Сол себепті, дін саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру үшін ақпараттық-түсіндіру топтарының ағартушылық қызметі үлкен маңызға ие болып отыр.

**Зерттеудің мақсаты** – дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін талдау, осы бағыттағы өзекті мәселелерді анықтау және тиімді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін қойылған міндеттер:

- Ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу барысында орын алатын мәселелерді айқындау, оларды шешу және жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтарының жұмысы жөнінде тұрғындардың ақпараттандыру деңгейін анықтау;
- Адрестік топтардың арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының сапасын және қолданыстағы әдіснаманы зерделеп, оларды одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- Адрестік топтарды қамтуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының ең тиімді және нәтижелі әдіс-тәсілдерін анықтау;
- Діни-уәждемелі экстремизмнің алдын алу бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу негізінде дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар дайындау.

### **Зерттеу әдіснамасы мен ақпарат жинау әдістері**

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында зерттеу барысында келесідей әлеуметтанулық әдістер қолданылды:

- Қазақстанның 14 қаласында ақпараттық-түсіндіру топтарының мамандарымен 20 эксперттік сұхбат өткізілді (Нұр-Сұлтан, Өскемен, Түркістан, Семей, Петропавл, Павлодар, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Қарағанды, Жезқазған, Атырау, Ақтөбе, Ақтау).

Дін істері комитетінің ұсынымдарына сүйене отырып, эксперттер ретінде өңірлік дін істері басқармаларының, діндерді зерттеу орталықтарының тәжірибелі және білікті қызметкерлері тартылды.

Эксперттік сұхбаттың сауалнамасына 27 сұрақ енгізіліп, шартты түрде 3 негізгі топқа жіктелді:

1. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мен әдіснамасы;
2. Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі туралы тұрғындарды ақпараттандыру;
3. Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің белсенділігін ынталандыру.

• Қазақстанның 17 өңірінде фокус-топтық зерттеулер ұйымдастырылды (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Ақмола облыстары).

Фокус-топтың сауалнамасына 17 сұрақ енгізіліп, шартты түрде 3 негізгі бағыт бойынша ұсынылды:

1. Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі туралы тұрғындарды ақпараттандыру;
2. Дін саласы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысының сапасы;
3. Дін бойынша қоғамдағы өзекті сұрақтар.

Бұдан бөлек, ҚР АҚДМ-нің ДІК ұсынған деректер мен материалдардың негізінде АТТ-ның сандық және сапалық құрамына, әр түрлі мақсатты топтар арасында ұйымдастырылып отырған іс-шараларға кешенді талдау жүргізілді.

**Құрылым.** Баяндаманың тарауларында дін саласындағы ғылыми зерттеулерге, мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректеріне, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне зерделеу жүргізу негізінде дін саласы бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға бағытталған АТТ-ның қызметі жан-жақты талданды.

**Бірінші тарауда** өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі, адрестік топтармен қолданып отырған әдістер мен тәсілдердің ерекшелігі талданды, сондай-ақ дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы туралы тұрғындарды ақпараттандыру деңгейі зерттелді.

**Екінші тарау** ақпараттық-түсіндіру топтарының құрамын кәсіби мамандармен қамтамасыз ету, іс-шаралардың инфоқұрылымын нығайту және тиімді жүзеге асыру (АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру, АТЖ барысында сапалы ақпараттық-әдістемелік материалдарды пайдалану) мәселелеріне арналды.

**Үшінші тарауда** ақпараттық-түсіндіру жұмысы барысында қолданылатын әдістерге, ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін материалды және қаржылық жағынан қамтамасыз ету деңгейіне талдау жүргізілді. Сонымен бірге діни-уәждемелі экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша халықаралық тәжірибенің мәселелері арнайы бөлімде қарастырылды.

Зерттеу жұмыстарының бағдарламасын жоспарлау барысында 2019 жылы ҚР АҚДМ ДІК-мен әзірленген «Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» назарға алынды.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу аясында И.К. Беркімбаева (Шығыс-Қазақстан облысының АТТ мүшесі) және З.Г. Сақтағанова (тарих ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры) жобаның сарапшылары ретінде қызмет көрсетті.

# ТАРАУ І.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІН САЛАСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

### 1.1 Дін саласындағы өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызмет-терін талдау

Поликонфессионалдық қоғамның тұрақты тұрғыда дамуы негізінен мемлекеттік билік органдары мен әлеумет арасындағы өзара әрекеттесу механизмдері арқылы қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік органдардың дін саласы бойынша тұрғындармен өзара байланыс құру формаларының бірі – ақпарат-тық-түсіндіру жұмыстары (одан әрі – АТЖ).

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 11 қазанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының қабылдануынан кейін бастау алды. Осы Заңның 4-бабының 3-ші және 5-ші тармақтарына, 5-бабының 6-шы тармағына сәйкес, дін саласында ақпарат-тық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құзырына жатады.

Осы кезеңнен бастап дін саласы бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының (одан әрі – АТТ) жұмы-стары белсенді түрде жүргізіле бастады. Мәселен, ресми дереккөздердің мәліметтеріне сәйкес, 2012 жылы Қазақстан Республикасында 170 астам АТТ қызмет жасап, олардың тарапынан 200 мыңнан астам адамды қамтыған 3450 іс-шара өткізілді.<sup>1</sup>

2013 жылы аталған жұмысты құрамына білікті мамандар тартылған 500 АТТ жүргізіп, жыл бойы 1,5 миллион адам қамтылып отыр.<sup>2</sup>

АТТ қызметіндегі өзгерістердің келесі кезеңі Қазақстан Республикасының дін саласындағы мем-лекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасын қабылдануымен байланысты, оның шеңберінде қоғамдағы тұрақтылықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауға, азаматтар арасында деструктивті діни идеологияға иммунитет қалыптастыруға бағытталған ақпарат-тық-ағартушылық жұмыстар ерекше күшейтілді.

#### ***Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының құқықтық негіздері***

Дін саласына қатысты АТТ қызметі келесідей нормативтік-құқықтық акттер арқылы реттеледі:

- 1) Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 тамызында қабылдаған Конституциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 11 қазанындағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы (5-баптың 3 және 5 бөліктері);
- 3) Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 18 ақпанындағы № 31-III «Экстремизмге қарсы іс-қи-мыл туралы» Заңы (5 және 6-баптары);
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 20 маусымдағы № 500 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жыл-дарға арналған Тұжырымдамасы;
- 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 15 наурызындағы № 124 Қаулысымен бекітіл-ген Қазақстан Республикасының 2018-2022 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қар-сы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы;

Сондай-ақ, АТТ қызметін жүзеге асыру тиімділігін ілгерілету мақсатында 2019 жылы Дін істері ко-митеті тарапынан «Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру ту-ралы әдістемелік ұсынымдар» (одан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) әзірленді.<sup>3</sup>

1 Қазақстандағы діни ахуал тұрақтандырылды [https://forbes.kz/news/2013/02/15/newsid\\_19119?](https://forbes.kz/news/2013/02/15/newsid_19119?) (қаралған күні: 21.06.2020 ж.)

2 Қазақстандағы дін саласында қысқа уақыт аралығында түбегейлі реформалар жүргізілді [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31624625#pos=10;58](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31624625#pos=10;58) (қаралған күні: 21.06.2020 ж.).

3 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар / Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К. - Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.



### ***Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысының мақсаты мен міндеттері***

Діни мәселелерге қатысты АТТ жұмысының өзектілігі конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, қоғамның назарын дін саласындағы мәселелерге аудару және оларды бірлесіп шешуге жұмылдыру саясатын жүзеге асыру бойынша маңызды орнымен байланысты.

АТТ қызметінің мақсаты – білікті сарапшылар тарапынан дін саласына қатысты толық және сенімді ақпарат алу бойынша азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризм идеялары таралуының алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру.

Одан бөлек, АТТ жұмысы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- 1) Қазақстандағы конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясаттың бағыт-бағдары туралы тұрғындардың ақпараттану деңгейін арттыру;
- 2) Қоғамдағы мемлекеттік құрылымның зайырлы қағидаттарын нығайту;
- 3) Дін саласындағы ықтимал шиеленістердің алдын алу және болдырмау;
- 4) Төзімділікті қалыптастыру, рухани келісімді дәріптеу, қазақстандық қоғамның рухани-өнегелік құндылықтарын насихаттау;
- 5) Қоғамда деструктивтік жалған діни ұйымдар мен ағымдардың, сондай-ақ экстремизм мен терроризмнің идеялары таралуының алдын алу.

АТТ қызметінен туындайтын комплементарлы нәтижелерге дін саласында жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа деген тұрғындардың сенімділігі артуын және қоғамдағы келісім мен тұрақтылықтың нығаюына бағытталған белсенді азаматтық ұстаным қалыптасуын жатқызуға болады.

### ***Дін саласындағы өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметіне қатысты принциптер***

Талдау барысында АТЖ-ның ұйымдастыру үдерісінде келесідей принциптер басшылыққа алынатыны анықталды:

1. *Адрестік жұмыс* – аудиторияға ықпал ету түрлері мен әдістерді жасаралық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіби, этникалық және өзге де ерекшелектерге сәйкес дифференциялау. Бүгінгі таңда аталған принцип қоғамдағы әртүрлі топтардың әлеуметтік желілердегі онлайн белсенділігіне тұрақты мониторинг жүргізіп отырған «Kazdream Technologies» ЖШС деректері негізінде тиімді жүзеге асырылып келуде.

2. *Кезеңділік* – АТЖ-ның міндеттерін арнайы құрастырылған әдістеме негізінде кезеңді түрде жүзеге асыру. «Білім» оқыту орталығының директоры Р.С. Иржановтың пікірінше, жалпы профилактикалық АТЖ 4 кезең бойынша рет-ретімен жүзеге асырылуы қажет: тұрғындарды дін саласындағы мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттандыру, мемлекеттік бағдарламалардың негізгі идеологиялары мен басымдықтарын түсіндіру, қабылданған мемлекеттік бағдарламалар өзекті және қатесіз екендігіне тұрғындарды сендіру, насихаттау және үгіттеу механизмдерін қолдану. Алайда, сарапшының айтуынша, аталған кезеңдердің реттілігі бойынша пропорционалдық ұстаным көп жағдайда сақталмай келеді.<sup>4</sup> Іс жүзінде АТЖ-ның әрбір бағыты кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, өзінің концептуалдық құрылымын сақтауы керек.

3. *Жаңашылдық* – жұмыстың жаңа тиімді түрлерін, тұрғындарға оңтайлы әсер ету жолдарын анықтау бойынша ізденісте болу. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, АТТ мүшелері өздерінің жұмыс әдістерін жетілдіруге, заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдалануды мақсат етеді. Тіпті, Қазақстан Республикасында пандемияға қатысты төтенше жағдай жарияланған уақытта өңірлік АТТ-ның қызметі интернет кеңістікте өзінің жалғасын тапты. Мәселен, әлеуметтік желілерде демотиваторлар, иллюстрациялық суреттер (флаерлер, электронды буклеттер), әлеуметтік роликтер және тағы басқа өнімдерді тарату арқылы аудиовизуалды ықпал ету әдістері барлық өңірлерде тұрақты қолданып келеді.

4. *Жарқындық пен бейнелілік* – эмоционалды әсер ету әдістерін пайдалану, көпшілікке түсінікті және өтімді ұрандарды (слогандар) қолдану. Аталған принцип АТТ-ның жастармен жұмыс жүргізу кезінде кеңінен көрініс табуда. Мысалы, Жезқазған қаласындағы қоғамдық демалыс орындарында

---

<sup>4</sup> Иржанов Р. Діни-уәждемелі экстремизмнің профилактикасы барысында ақпараттық әсер етудің формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 143 б.

этнографиялық топтардың, ақсақалдардың, беделді қоғам белсенділердің қатысуымен қазақ халқының салт-дәстүрлері бойынша көріністер ұйымдастырылады.<sup>5</sup>

5. *Түсінікті және қонымды болуы* – АТТ-ның іс-шаралар кезінде пайдаланатын материалдары түсінікті және көлемі жағынан қабылдауға жеңіл болуы қажет. Ақпараттың күрделілігіне қатысты талаптар аудиторияның білімі мен ой-өрісінің даму деңгейіне сәйкес болуы абзал. Зерттеу барысында АТТ мүшелері өздерінің материалдарын аудиторияның жасына, сандық және өзге де ерекшеліктеріне байланысты құрастырып дайындауды мақсат ететіндігі айқындалды.

6. *Кеңінен қамту* – түрлі тәуекелділік деңгейдегі (төменгі, орташа және жоғары) барлық мақсатты топтарды қамтуға ұмтылу. Жалпы алғанда өңірдегі сарапшылар аталған жұмыстың деңгейін жоғары бағалауда, алайда қамтылуы қиын топтардың қатарына жұмыссыздар мен өзін-өзі қамтыған азаматтарды атап кетуде. Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері, саяси ғылымдарының кандидаты Б. Шерияздановтың пікірінше, тұрғындардың арасында әсіресе жұмыспен қамтылмаған, өзін-өзі қамтыған және қандас азаматтарды іс-шараларға қатыстыру дәрежесінің төмендігі сақталуда.<sup>6</sup>

7. *Тұтастылық, жүйелік және кешенділік* – АТТ қызметін құрылымдық жағынан әрбір элементі белгілі бір міндеттерді тиімді атқаратын жүйе ретінде ұйымдастыру. Аталған принцип АТТ-ның кез-келген міндеттеріне қол жеткізу үшін кешенді жұмыс жүргізуді талап етеді. Осы кезде бір тақырыпқа басымдық беріп, өзге тақырыптарды назардан шығару тиімді нәтижеге (генерациялық эффект деңгейіне) қол жеткізуге кері әсерін тигізеді.

### АТТ-ның қызмет жүргізу бағыттарын талдау

Қазақстан Республикасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары үш бағытқа бөлінген:

1. *Жалпы профилактикалық жұмыс*. Тұрғындардың басым бөлігімен өткізілетін алдын алу сипатындағы шаралардың басты міндетіне сақтандыру бағытындағы іс-шараларды жүргізу болып табылады, атап айтқанда тұрғындарға діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм идеяларының таралу қауіп-қатерлері туралы сенімді ақпараттарды жеткізу. Сонымен қатар, дін саласындағы мемлекеттік саясатты, мемлекеттік құрылымның зайырлы қағидаттарын түсіндіру өткізілетін іс-шаралардың маңызды бөлігін құрайды.

Сарапшылардың пікіріне сәйкес, АТЖ барысында негізгі назар адрестік профилактикаға аударылуы тиіс болғанымен, жалпы профилактикалық іс-шаралар қоғамның радикалдануына қарсы іс-қимыл механизмнің маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді.<sup>7</sup>

Тәжірибе жүзінде байқалғандай, егер жалпы профилактикалық жұмыстар белгілі бір ортада тиімді өткізілген болса, сол орта адамдарының ДДА қатарына өту ықтималдылығы төмендейді және болашақта олармен «тәуекел тобы» ретінде адрестік профилактикалық жұмыс жүргізу қажеттілігі азаяды.

2. *Адрестік (мекен-жайлық) жұмыс*. Адрестік профилактикалық жұмыстарының басты міндеті адамдарды райынан қайтару, өйткені бұл жерде негізгі жұмыс жүргізу нысаны ретінде радикалды діни идеялардың ықпалына түскен адамдар, сондай-ақ «тәуекел топтарының» қатарына жатқызылатын жұмыссыз және әлеуметтік қорғалмаған азаматтар, шалғай ауылды елді-мекендердің тұрғындары қамтылады. Адрестік профилактика 4 кезеңнен тұрады:

- а) өңірдегі «тәуекел топтарды» анықтау;
- б) дін саласына қатысты сипаттамаларға сәйкес аудиторияны классификациялау;
- в) адрестік жұмыстардың өткізу кезеңділігі мен ұзақтығын айқындау (ұзақ немесе қысқа мерзімді уақыт бойынша);
- г) адрестік профилактика аяқталған соң, АТТ мүшелерінің жұмыс нәтижелерін талдау.

Адрестік топтармен жүргізілетін АТТ-ның ерекшеліктері осы талдамалық баяндаманың 1.2-бөлімінде жан-жақты қарастырылған.

3. *Пенитенциарлық жұмыс*. Профилактикалық жұмыстардың бұл түрі түзету мекемелерінде сотталған адамдар арасында жүргізіледі. Зерттеу әдіснамасының ерекшеліктеріне орай, сондай-ақ

5 Эксперттік сұхбат материалдары, Жезқазған қаласы

6 Шериязданов Б. Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары. <https://kazislam.kz/informatsionno-razyasnitelnaya-rabot/> (қаралған күні: 26.07.2020 ж.)

7 Эксперттік сұхбат материалдары, Павлодар қаласы.

пенитенциарлық мекемелердегі ішкі тәртіп пен талаптарына байланысты, аталған үшінші бағыт бойынша талдау жүргізілмеді.

### АТТ-ның сандық құрамын талдау

2020 жылдың 1 қазандағы мәліметтерге сәйкес, Қазақстан бойынша құрамына 2 505 адам қамтылған 229 АТТ қызмет етуде (облыстық – 20, қалалық – 49, аудандық – 160). Ағымдағы жылдың алғашқы 8 айында АТТ дәріскерлерінің қатысуымен 12 665 іс-шара өткізіліп, 1 млн. 600 мың адам қамтылды.

2019 жылы құрамында 2393 мүшесі бар 224 АТТ жұмыс жасады.<sup>8</sup> Жалпы, 2019 жылы АТТ мүшелері тарапынан 2 005 257 адамды қамтыған 35 523 іс-шара өткізілген.

Деректерге сәйкес, 2012 жылы республикада 170 астам АТТ қызмет жасап, олар 200 мыңнан астам адамды қамтыған 3 450 іс-шара жүргізген.<sup>9</sup> 2013 жылы 500 АТТ қызмет жасаған, жүргізілген іс-шараларға қатысқан адамдар саны – 1,5 миллион.<sup>10</sup> 2017 жылы 249 өңірлік АТТ қызмет етіп, мүшелерінің саны 3,5 мың адамды құраған. Сол жылы олардың қатысуымен 1 млн. 800 адамды қамтыған 17 мыңға жуық іс-шара жүргізілді.<sup>11</sup> Осы орайда, жалпы алғанда, іс-шаралардың өсу үдерісі байқалып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен қамтылған халықтың саны артқанын атап кетуге болады.

### 1 График

АТТ сандық құрамы және өңірлерде өткізілген шаралар саны, 2019

## АТТ ЖҰМЫСЫНЫҢ 2012-2019 ЖЫЛҒЫ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



2020 жылдың қазан айындағы жағдай бойынша АТЖ қатысушылардың жалпы саны

**2505 адам**

**229 АТТ**

■ АТТ принциптері қалыптасты

■ АТЖ негізгі 3 бағыт бойынша жүргізіледі

■ АТЖ тоқсан сайын жоспарлау

Сұхбаттар барысында жиналған сандық және сапалық мәліметтерге жүргізілген кластерлік талдау нәтижесі бойынша АТТ құрамындағы сандық өзгерістер келесідей себептерден туындауда:

8 Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ДІБ-ның 2019 жылғы есептері (Дін істері комитетінің жинақ есебі).

9 Қазақстанда діни ахуал тұрақтандырылған. [https://forbes.kz/news/2013/02/15/newsid\\_19119?](https://forbes.kz/news/2013/02/15/newsid_19119?) (қаралған күні: 21.06.2020ж.).

10 Әзілханов М. Қазақстандағы дін саласында қысқа уақыт аралығында түбегейлі реформалар жүргізілді. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31624625#pos=10;58](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31624625#pos=10;58) (қаралған күні: 21.06.2020ж.).

11 Қазақстанда тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын 863 дінтанушы жүргізеді. <https://mail.kz/ru/news/kz-news/v-kazahstane-razyasnitelnuyu-rabotu-sredi-naseleniya-provodyat-religioveda#hcq=5cZ4K8s> (қаралған күні: 26.08.2020ж.).

а) АТЖ-ның мақсатты нұсқамаларының өзгеруі;  
б) АТТ-ның сапалық құрамына енгізілетіні өзгерістер (теологтар мен дінтанушылар үлесінің артуы);  
в) кабинеттік жоспарлау;  
г) өңірлер және жалпы республика бойынша діни тұрақтылықтың деңгейіне байланысты себептердің ықпалы.

Сонымен бірге, сарапшылар КАҚТЖДО құрамындағы кадр тұрақсыздығы мәселесін көтеріп,<sup>12</sup> келесідей себептерді атады:

- 1) еңбек ақының төмендігі;
- 2) сарапшының жұмыс ауыстыруы;
- 3) өзге өңірге көшіп, мекен-жай өзгеруі.

АТТ-ның сапалық құрамына, соның ішінде мамандардың даярлау мен біліктілік арттыру деңгейлеріне қатысты талдау нәтижелері осы баяндаманың II тарауында көрсетілген.

### Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жоспарлау

Жоспар – өзара байланысқан шешімдер жүйесінің негізінде тиісті нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған құжат. Барлық қажетті құралдардың жоспарда көрініс табуы және оларды пайдаланудың мақсатын айқын түсіну, сондай-ақ алдын ала белгіленген қисынға сәйкес әрбір қадамдарды ойластыру жұмыстың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

2020 жылға арналған өңірлік жоспарлардың талдау нәтижелері бойынша барлық өңірлер АТЖ-ны бекітілген жоспарға сәйкес жүргізетіні және келесідей негізгі параметрлер енгізілетіні анықталды: тәуекелділік деңгейі ескерілген мақсатты аудитория, жауапты тұлғалар, орындау мерзімдері, күтілетін нәтижелер және т.б. Жалпы алғанда АТЖ жоспарында қажетті құралдар, мақсаты және оның жүзеге асыру алгоритмі көрініс табады.

Сонымен бірге, өңірлік АТТ-ның 2020 жылғы жұмыс жоспарларының талдауы төмендегідей мәселелерді көрсетті:

- *Жоспарлау кезінде әр түрлі амалдардың қолданылуы.* Мәселен, өңірлік АТТ-ның көптеген жоспарларында іс-шаралар туралы ақпарат толыққанды көрсетілмеген (Нұр-Сұлтан және Шымкент қалалары, Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары). Ұсынылған есептерді талдау нәтижесінде нақты өткізілген іс-шаралар саны жоспарға енгізілген іс-шаралардан артық өткізілетіні анықталды.

- *Адрестік топпен жұмыс жүргізу барысында кезеңділік, тұтастық және жүйелілік принциптерінің сақталмауы.* Нақты адрестік топта жүргізілетін іс-шара тақырыптары әрбір адрестік топтағы АТЖ жүргізудің ұзақ мерзімді стратегиясын, сондай-ақ мақсатты аудиторияның тәуекелділік дәрежесін ескере отырып жоспарлануы керек. Бұл қадам АТТ мүшелерінің қызметін сапалы жоспарлауға, жұмыстағы формализмге жол бермеуге, тақырыптардың қайталануы мен бір маманды барлық шараларға қатыстыра беруге жол бермейді. АТЖ – бұл бір реттік жеңіс стратегиясы емес, керісінше, ол терең жоспарлауды қажет ететін ұзақ процесс.

- *Жоспарланған шаралар саны мен жекелеген адрестік топтармен жұмыс арасындағы әлсіз корреляцияның орын алуы.* Мысалы, Батыс-Қазақстан облысының 2020 жылғы АТЖ жоспарына сәйкес, жұмыссыз жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу сәуір және қазан айларына белгіленген, яғни жылына тек екі-ақ рет жоспарланып отыр.<sup>13</sup> Жауапты мекемелер ретінде Дін істері басқармасы, Жастар саясаты жөніндегі басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, сонымен қатар Орал қаласының әкімдігі мен аудандық әкімдіктер көрсетілген. Тіптен, аталған өкілетті органдардың әрқайсысы жұмыссыз жастармен жылына 2 іс-шара жоспарланғанын өзінде, айтарлықтай нәтиже алу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Осы орайда, мақсатты топтармен өткізілетін шаралар саны АТЖ-ның жоспарлануы кезінде ескеру аса маңызды. Әрине, сандық көрсеткіштер жұмысты бағалаудың негізгі индикаторы болып табылмайды, алайда олар АТТ қызметінің қорытынды нәтижелеріне әсер етуі ықтимал.

- *Адрестік топтың тәуекелділік дәрежесін анықтау кезінде бірыңғай ұстанымның болмауы.* Мысалы, Қарағанды облысының 2020 жылғы жұмыс жоспарында аналитикалық интернет картаның әлеуметтік

<sup>12</sup> Эксперттік сұхбаттар материалдары. Петропавл, Ақтөбе, Өскемен және Семей қалалары

<sup>13</sup> Батыс Қазақстан облысының 2020 жылғы дін саласындағы АТТ жұмысын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралары.

желілер бойынша ұсынған мәліметтері негізінде Сатпаев қаласындағы «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің 4 қызметкері «орташа дәрежедегі тәуекелділік» тобына жатқызылған. олармен тиісті жұмыс жүргізу Қарағанды облысының 2020 жылғы жоспарына енгізілді. Алайда, Қарағанды, Жезқазған, Теміртау қалалары мен Қарқаралы ауданының «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының қызметкерлерінде (40 адам) ұқсас сипаттамалар болғанына қарамастан, олар «төменгі дәрежедегі тәуекелділік» тобының қатарына жатқызылған.

• *Адрестік топтың тәуекелділік деңгейі мен жоспарланатын шаралар саны арасындағы корреляцияның төмен болуы.* Мысалы, Қарағанды қаласындағы төрт ЖШС-ның ұжымдарында («Нәтиже», «Стройнур», № 3 автопарк, «ЖылуСервис») <sup>14</sup> «жоғары деңгейдегі тәуекелділік» тобына кіретін жалпы саны 40 адамды қамту үшін әрбір ұйымда 1 іс-шарадан өткізу жоспарланған. Сонымен қатар, Балқаш қаласының «Саяқ» кенішіндегі «төменгі деңгейдегі тәуекелділік» қатарына кіретін 6 адаммен де сол 1 іс-шараны өткізу мақсат етіледі. Осы орайда, әр түрлі тәуекелділік деңгейіне жатқызылған мақсатты топтарда саны жағынан бірдей іс-шаралар өткізу көзделгенін атап кетуге болады.

• *Іс-шаралардың форматы мен тақырыптарын таңдау жұмысы тиісті дәрежеде ойластырылмаған.* Әрбір аудиторияның ерекшеліктеріне сәйкес АТТ іс-шараларының тақырыптары мен форматы анықталуы тиіс. Өңірлерлік жоспарлардың басым көпшілігінде іс-шаралардың екі негізгі форматы ғана қолданылады: кездесу және әңгімелесу. Іс-шара тақырыптарын таңдау бойынша да формалды ұстаным байқалады. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласының жоспарларына сәйкес, барлық мектептерде тек қолданыстағы заңнамалардың талаптары мен дін саласы бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ғана түсіндіру көзделген. Ата-аналарға мектеп формасы бойынша және мемлекеттің зайырлы ұстанымына қатысты тақырыптарды түсіндіру жұмысы назардан тыс қалып отыр. АТЖ-ның форматы тек дәрістер түрінде ұйымдастырылуы тиімсіз. Оның тақырыптары аудиторияның дайындық деңгейіне сай болып, жиналған адамдарды қызықтыратын мәселелер қамтылуы қажет.

• Жоспарлардың мазмұнында қысқа және ұзақ мерзімді міндеттер толыққанды көрініс таппаған. Адрестік профилактика жұмыстарын жүзеге асыру барысындағы АТТ қызметі кезеңділік пен ұзақтық жағынан екі түрге бөлінеді:

- 1) бір реттік шаралар шеңберіндегі қысқа мерзімді жұмыстар (төмен деңгейлі тәуекелділік);
- 2) ұзақ мерзімдік жұмыстар (орташа және жоғары деңгейлі тәуекелділік).

Сұхбаттар өткізу кезінде эксперттер ұзақ мерзімді жұмыстар жүргізудің ерекшеліктерін атап өтті. Бірінші сатысында дін саласына қатысты негізгі сұрақтар бойынша ықшамды түрде дәріс немесе әңгімелесу жүргізіледі. Аудитория сарапшыға «үйренісіп» кетуі маңызды, сондай-ақ дәріскерге де адресстік топтың негізгі қажеттіліктерін түсініп алуға уақыт қажет. Сұрақ-жауап әдісі және айтылған ақпаратқа аудиторияның реакциясын білу арқылы келесі кезеңде өткізілетін АТЖ-ның алгоритмі құрылатын болады. Негізінен, осыдан кейінгі іс-шаралар едәуір ашық форматта өткізіліп, бұрынғыдан күрделі тақырыптар ұсынылады. <sup>15</sup>

### Әлеуметтік желілердегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Қазақстан Республикасындағы танымал әлеуметтік желілер қатарына «ВКонтакте», «Instagram» және «Facebook» қосымшалары кіреді. Мәселен, Brand Analytics компаниясының ақпараты бойынша <sup>16</sup> Қазақстан аумағында әлеуметтік желілердің келесідей қолданушылары тіркелген:

- 1) «ВКонтакте» – 1 781 760 белсенді пайдаланушы;
- 2) «Instagram» – 1 008 360 белсенді пайдаланушы;
- 3) «Facebook» – 413 026 белсенді пайдаланушы.

Зерттеулер көрсеткендей, БАҚ беттерінде ақпарат шығару жұмыстарымен қатар, интернет пен әлеуметтік желілерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстар жүргізудің маңызы артып отыр. <sup>17</sup> Мәселен, 2019 жылы өңірлік дін істері басқармалары жариялаған ақпараттардың басым көпшілігі (80% астамы) интернет-ресурстарына тиесілі. <sup>18</sup>

<sup>14</sup> Қарағанды облысы АТТ жұмыс жоспары (2020 жылдың наурыз айы мен II тоқсаны аралығы).

<sup>15</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, Нұр-Сұлтан қаласы.

<sup>16</sup> Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желілер. <https://www.kp.kz/online/news/3585076/>

<sup>17</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, Петропавл қаласы

<sup>18</sup> Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ДІБ-ның 2019 жылғы есептері (Дін істері комитетінің жинақ есебі).



Соңғы жылдары әлеуметтік желілердегі АТЖ-ның белсенділігін едәуір артып отыр. 2018 жылы Сорос-Қазақстан қоры бұқаралық саясат бойынша жас зерттеушілерге арналған бағдарламаның шеңберінде «Қауіпті желілер: Қазақстандағы онлайн-радикалданумен қалай күресу қажет» тақырыбындағы зерттеуді жариялаған болатын. Бұл зерттеуде өңірлік ДІБ, ДМЗО және КАҚТЖДО сияқты мекемелердің әлеуметтік желілердегі жұмысына талдау жүргізілді (1 кесте).

#### 1 кесте

ДІБ әлеуметтік желілеріндегі пабликтері мен парақшаларына қатысты деректер, 2018<sup>19</sup>

Өңір	INSTAGRAM	ВКОНТАКТЕ	FACEBOOK
1 НҰР-СҰЛТАН		+	+
2 АЛМАТЫ		+	+
3 АҚМОЛА ОБЛЫСЫ			
4 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	+	+	+
5 АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ		+	+
6 АТЫРАУ ОБЛЫСЫ		+	
7 ШҚО		+	+
8 БҚО			
9 ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ			
10 ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ		+	+
11 ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ			
12 ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ			+
13 МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	+	+	+
14 ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ			+
15 СҚО			+
16 ОҚТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ			

Ұсынылған кесте бойынша 2018 жылы «Instagram» желісінде тек 2 өңірде, «Вконтакте» желісінде 8 өңірде, «Facebook» желісінде 10 өңірде АТЖ жүргізілген. Сондай-ақ, зерттеуде Ақмола, Батыс-Қазақстан, Жамбыл, Қостанай және Оңтүстік-Қазақстан облыстарында әлеуметтік желілер арқылы АТЖ мүлдем жүргізілген жоқ деп көрсетілген.

Алайда, қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі АТЖ-ның белсенділігі айтарлықтай артып келетіндігі байқалады (2 график). Жалпы, эксперттердің пікірінше әлеуметтік желілерде таргетинг (ағылш. target – мақсат) өткізуді, яғни белгіленген критерий бойынша мақсатты аудиторияны қамту әдісін қолдануды күшейтіп,<sup>20</sup> сондай-ақ SMM-маманын қызметке тарту мәселесін қарастыру қажет.<sup>21</sup>

19 Решетняк А. Қауіпті желілер: Қазақстандағы онлайн-радикалдану үрдісімен қалай күресу қажет [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/%D0%A0%D0%B5%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%BD%D1%8F%D0%BA\\_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0\\_.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/%D0%A0%D0%B5%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%BD%D1%8F%D0%BA_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0_.pdf)

20 Эксперттік сұхбат материалдары, Нұр-Сұлтан қаласы


21 Эксперттік сұхбат материалдары, Қарағанды қаласы

## 2 График

ДІБ, ДМЗО, КАҚТЖДО және өзге де мекемелердің  
пабликтері мен парақшаларының жұмыс жүргізуі, 2020

### АЙМАҚ


Нұр-Сұлтан қ.  
Алматы қ.  
Шымкент қ.  
Ақмола обл.  
Ақтөбе обл.  
Алматы обл.  
Атырау обл.  
Шығыс Қазақстан обл.  
Жамбыл обл.  
Батыс Қазақстан обл.  
Қарағанды обл.  
Қостанай обл.  
Қызылорда обл.  
Маңғыстау обл.  
Павлодар обл.  
Солтүстік Қазақстан обл.  
Түркістан обл.



Әлеуметтік желілердегі АТЖ-ның жүзеге асырылуын салыстырмалы талдау кезінде өңірлік тұрғыдан алғанда жұмыстың бірқалыпты еместігі анықталды. Мәселен, ҚР АҚДМ ДІК-ның деректері бойынша 2019 жылдың 4 тоқсанында ДІБ/КММ сайттарына жүктелген материалдардың саны – 17 563, ал соның ішінде 13 802 ақпарат Атырау облысы ДІБ-ның сайтында жарияланған (3 график).

## 3 график

2019 жылдың IV тоқсанында облыстар, Нұр-Сұлтан,  
Алматы және Шымкент қалалары ДІБ-ның жұмыс нәтижелері



Осы ретте өңірлерде таратылған ақпараттардың сандық көрсеткіштері арасындағы үлкен айырмашылықтарға орай, ұсынылған есептердегі ақпараттардың сенімділігі, контент сапасы, әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізуге қызығушылық төмендігі мәселелері бойынша сұрақтар туындайды. Мәселен, жарияланған ақпараттарға жасалған талдау негізінде материалдарды көшіріп тарату, ақпарат жариялауға немқұрайлықпен қарау, ресми парақшаға мақсатты емес аудитория (сән салондары және т.б.) өкілдерін тіркеу сияқты мәселелер анықталып отыр.

### Елдегі төтенше жағдай кезеңіндегі АТЖ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Қаулысына сәйкес, пандемия кезінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай жарияланып, елдің барлық өңірлерінде шектеу шаралары енгізілген болатын.<sup>22</sup> Осы уақыт АТТ-ның қызметі үшін үлкен сынақ жағдайымен іспеттес болды. Ел аумағында енгізілген карантин жағдайында өңірлік АТТ мүшелері өз жұмыстарын онлайн форматында жалғастырды. Әлеуметтік желілердегі жұмыс жүргізу белсенділігі артты, басылымдар саны айтарлықтай ұлғайды. Сарапшылардың айтуынша, соның нәтижесінде белсенді кірушілер қатары артып, дін саласы бойынша интернет-парақшалар мен бейнеөнімдерді көретін тұрғындардың саны көбейді.

Мысалы, өңірлік ДІБ, ДМЗО, КАҚТЖДО ресми интернет-сайттарында, Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшаларында АТЖ-ның өзекті тақырыптары бойынша онлайн конференциялар жүргізілді. Әрбір шараның бейнежазбалары аккаунт парақшаларында сақталып, орта есеппен 200-400 аралығындағы көрілімдер саны тіркелді, кейбір бейнежазылымдар 1000 рет қаралған. Карантин уақытында мемлекеттік және орыс тілдерінде алдын ала анонс жасалып, аптасына үш немесе одан артық трансляциялар өткізіліп келді. Трансляциялар мазмұны кең ауқымды тақырыптарды қамтыды.

Сонамен бірге, АТТ мүшелерінің дәрістерінде діни мазмұндағы тақырыптардың басымдылығы байқалып, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағытымен қайшылықтар орын алуда. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы неоиндуисттік ұйымдар», «Қиыншылықтар мен тауқыметтерге қатысты православ дінінің көзқарасы», «Онлайн «Құрбан айт» және тағы да басқа осы сияқты тақырыптар жиі кездеседі.

### Онлайн-форматтағы АТТ шараларының анонсы

Осы орайда, дін саласындағы өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін талдау нәтижесінде айқындалған келесідей ерекшеліктерді атауға болады:

- өңірлерде АТЖ-ның іс-шараларын өткізу және жоспарлау барысында ұсынылған Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты пен міндеттері басшылыққа алынуда. Алайда, 2020 жылдың жоспарларына жасалған талдау нәтижесінде нақты адрестік топтармен жұмыс жүргізу кезінде кезеңділік, толыққандылық және жүйелілік қағидасы үнемі сақталмайтыны анықталды;
- діни қағидаларды насихаттауға жол берілуде, бұл жағдай мемлекет құралымының зайырлы принциптеріне қайшы келеді;
- адрестік топтармен жүргізілетін АТЖ іс-шараларын жоспарлау барысында тәуекелділік деңгейлерін нақты анықтау (жоғары, орташа, төмен), аудиторияны толық қамту және іс-шараларды қайта өткізу кезеңділігін сақтау бойынша бірыңғай ұстаным қолданылмайды;

<sup>22</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылдың 15 наурызындағы №285 «Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілуі туралы» Қаулысы. [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=32648341#pos=8;52](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32648341#pos=8;52)



- еңбек ақының төмен болу себептеріне байланысты өңірлік КАҚТЖДО штаттарында мамандардың тұрақтамау мәселелері орын алуда;

- АТЖ-ның өзекті бағыты ретінде жалпы профилактикалық іс-шараларды тұрақты өткізу маңыздылығын сақтауда, себебі оның тиімді жүзеге асырылуы адамдардың тәуекелділік топтарына кіру ықтималдығын анағұрлым төмендетеді;

- АТТ-ның жалпы белсенділігі интернет кеңістікте едәуір артқандығы байқалады. Өңірлік ДІБ, ДМЗО, КАҚТЖДО әлеуметтік желілерде өздерінің пабликтері мен парақшаларын ашып, жұмыстарын күшейтуде. Сонымен қатар, өңірлер бойынша бірізділік сақталмайды, сол себепті визуалды, мәтіндік, аудио және бейнематериалдарды интернет арқылы тарату жұмысында диспропорция жағдайы орын алуда. Одан бөлек, материалдардың бір бөлігі формалды сипатқа ие, ақпаратты толығымен жаңалықтар порталдарынан көшіру көп кездеседі, кейбір мәтіндердің күрделілігіне байланысты тұрғындардың басым көпшілігі үшін оларды қабылдау қиындық тудырады.

## 1.2 Адрестік топтармен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы

АТТ қызметінде адрестік топтармен жұмыс жүргізу маңызды орын алады. Бұл жерде нүктелі жұмыстардың нысаны ретінде тәуекелдер ықтималдылығы бойынша жіктелген адрестік топтар нақты белгіленеді.

Адрестік топ – бұл ДДА-ның идеологиялық ықпалына түсуге ықтималдылық сипаты бар белгілі бір адамдардың жиынтығы.

Әдістемелік ұсынымдарда келесідей адрестік топтар белгіленген: жастар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, әлеуметтік осал топтар (жағдайы төмен отбасы мүшелері, жалғыз басты аналар, әйел жамағаттары, табысы төмен көп балалы отбасылар), автопарк жүргізушілері, таксисттер, вахталық әдіспен жұмыс жасайтындар, жазасын өтеп шыққандар және т.б.<sup>23</sup>

Қазіргі таңда әрбір топтың өзіндік өмірлік ұстанымдарынан, әлеуметтік статусынан, сондай-ақ діни мәселелерге қатысты жеке көзқарастарынан туындайтын жұмыс жүргізу ерекшеліктері қалыптасып үлгерді.

## Жастар арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Жастар ДДА ықпалына жиі түсуіне байланысты олардың арасында мақсатты түрде АТЖ жүргізу адрестік профилактиканың басты бағыттарының бірі болып есептеледі. Сарапшылар аталған топтың дінге деген үлкен қызығушылық танытуына әсер ететін келесідей жас ерекшеліктерін атайды: толық қалыптаспаған өмірлік ұстанымдар жүйесі және дүниетанымдық тірек болатын көзқарастарды іздеу, бірегейлі дағдарысы, дамымаған сезімдік ой-сана, әлеуметтік және экономикалық факторлар.

Мәселен, 2019 жылы өткен әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық жастардың басым көпшілігі өздерін дінге сенуші деп анықтаған – 92%, олардың ішінде мұсылмандар – 76,6%, православтар – 15,4%, католиктер – 0,8%, протестанттар – 0,2%, иудаистер – 0,1 %. Сауалнама қатысқандардың ішінде өздерін ешбір дінге жатқызбайтын жастардың үлесі 5,3%-ды құраған.<sup>24</sup>

ҚР АҚДМ ДІК-нің деректеріне сәйкес 2019 жылы жастар арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының шеңберінде 624 819 адамды қамтыған 13 128 шаралар жүргізілген, яғни барлық өткізілген іс-шаралардың 37% жастарды қамтып отыр.<sup>25</sup> 2020 жылдың 1 тоқсаны бойынша АТЖ-ның жұмыс жоспарларында іс-шаралардың 40-50% жастарды қамтуға бағытталған.

Жастар ортасында нүктелі жұмыстарды жүргізу үшін оларды категорияларға жіктеу әдісі пайдаланылады (орта білім алушылар, жоғары білім алушылар, жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, балалар үйінің тәрбиеленушілері, интернат тұрғындары, жатақхана тұрғындары және т.б.), сәйкесінше, олармен жұмыс жүргізу мақсатында келесі бөлімдерде кеңінен баяндалатын әртүрлі тәсілдер қолданылады.

23 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

24 «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасы, 239 б.

25 Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ДІБ-ның 2019 жылғы есептері (Дін істері комитетінің жинақ есебі).

## Жалпы білім беру мекемелеріндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысы

2020 жылғы жұмыс жоспарларын талдау нәтижелері бойынша орта білім беру мекемелерінде исламдық үлгідегі киім (хиджаб) кию және интернет желісі мен өзге де жолдар арқылы ДДА идеологиясының таралау мәселелері мақсатты АТЖ жүргізудің басты факторлары екендігі анықталды.

### 2 кесте

Профилактикалық жұмыстар барысында мақсатты топтарды анықтау, тақырыптар мен өткізу форматын тандау себептерінің таңдамалы ақпараттар негізінде жүргізілген салыстырмалы талдауы (2020 жылдың наурыз айы мен II тоқсан аралығы)<sup>26</sup>

АЙМАҚ	ІС-ШАРА ТАҚЫРЫБЫ МЕН ФОРМАТЫ	ТОПТЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ СЕБЕПТЕРІ
1 НҰР-СҰЛТАН Қ.	Қазақстан Республикасының заңнама-сын, дін саласы бойынша мемлекеттік саясаттың басты бағыттарын түсіндіру (оқушылар, ата-аналар және ұстаздармен кездесу)	Хиджаб кию оқиғалары тіркелген
2 ШЫМКЕНТ Қ.	Қазақстан Республикасының заңнама-сын, дін саласы бойынша мемлекеттік саясаттың басты бағыттарын түсіндіру (оқушылар, ата-аналар және ұстаздармен кездесу)	Хиджаб кию оқиғалары тіркелген
3 АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	Жалған діни идеологияға қарсы им-мунитет қалыптастыру және рухани құндылықтарды дәріптеу (оқушылармен кездесу)	Мектеп формасы талаптарын бұзу, интернет желісіндегі ДДА-ның ақпараттарына қызығушылық таныту, оқу ережелерінің бұзылуы
4 ШҚО	Жалған діни идеологияға қарсы им-мунитет қалыптастыру. Іс-шараларды 3 деңгейде өткізу: 1. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесу; 2. 6-8 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттарын өткізу; 3. 9-11 сынып оқушыларымен жеке кездесулер мен дәрістер өткізу. Бейнематериалдар көрсету	Себептердің 3 деңгейі анықталған: 1. Оқушылардың ата-аналары арасында ДДА ұстанушылары тіркелген 2. Отбасы мүшелерінің бірі ДДА ұстанушысы болып саналады 3. Оқушылар тарапынаң дінге немесе ДДА идеологиясына қызығушылық танытуы

Осы ретте АТТ мүшелерінің этнографиялық бірлестік мүшелерімен, мұражай қызметкерлерімен және өзге де қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ұлттық салт-дәстүр бойынша қойылымдар мен көріністер өткізгені оқушыларға ерекше әсер беретінін атап кету қажет.<sup>27</sup>

Өңірлерлік АТЖ жоспарларының мәліметтеріне таңдамалы түрде өткізілген кросс-табуляция нәтижесінде анықталды:

- белгілі болған себептер негізінде АТЖ жүргізу әдістері (тақырыптар, өткізу форматы) бойынша бірсарындылық байқалады;

- орта білім беру мекемелерінде АТЖ өткізу жолдарын әрбір мекеме өздері таңдайды. Осы орайда, АТЖ форматын оқушының жасына сәйкестендіру, сондай-ақ отбасыларды, ұстаздарды, мектеп

26 Нұр-Сұлтан, Алматы ққ., Атырау, Шығыс-Қазақстан облыстарында 2020 ж. наурызы мен 2 тоқсанында қаланың мақсаттық тұрғындары үшін АТЖ жүргізу жоспарлары

27 Эксперттік сұхбат материалдары, Жезқазған қаласы

оқушыларын, АТТ мүшелерін жұмылдыру арқылы тұрақты орта қалыптастыру мақсат ететін ШҚО тәжірибесі қызығушылық тудырады;

- кейбір өңірлердің орта білім беру мекемелерінде АТЖ шеңберінде профилактикалық іс-шаралар жоспарға қойылмаған (мысалы, Қызылорда облысы).

### Студенттер арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы

2020 жылғы АТЖ жоспарларын, сондай-ақ эксперттік сұхбаттарды талдау негізінде студенттер арасында АТЖ жүргізудің келесідей ерекшеліктері анықталды:

- АТЖ бойынша іс-шаралар ЖОО-лар мен колледждердің басым көпшілігінде жоспарланған;

- АТЖ жоспарларында адресстік топтармен өткізілетін іс-шараларда бірыңғай ұстаным жоқ, сол себепті мақсатты топты тәуекелділік дәрежесі бойынша (жоғары, орташа, төмен) жіктеу, іс-шаралардың саны мен кезеңділігін реттеу және аудиторияны тиімді қамту мәселесін назарға алу қажет етіледі. Мысалы, ШҚО университетінде тәуекелділік деңгейі төмен мақсатты топта 6 шараға дейін өткізу және 200 адамды қамту жоспарланған. Алайда, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан С. Сейфуллин атындағы университетте тәуекелділік деңгейі жоғары болып есептелетін мақсатты топтың арасында 2 іс-шара ғана өткізу жоспарланып, 2000 студентті қамту көзделген;

- өңірлердегі тәуекелділік деңгейін анықтау негізіндемесінде айырмашылықтар орын алуда. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында студенттердің интернеттегі ДДА-ның топтары мен қауымдастықтарына тіркелу фактілері «жоғары тәуекелділік деңгейі» деп қабылданады, ал ШҚО аталған фактілер негізінде студенттерді «төменгі деңгейлі тәуекелділік» сипатындағы мақсатты топқа жатқызады. Алматы қаласында да ДДА идеологиясына қызығушылық білдірген студенттер «төменгі деңгейлі тәуекелділік» тобы деп анықталады.

### 3 кесте

#### ЖОО-да өткізілетін іс-шаралардың салыстырмалы кестесі

(2020 жылдың наурызы мен II тоқсан аралығы)<sup>28</sup>

	ІС-ШАРА ТАҚЫРЫБЫ	ӨТКІЗУ ОРНЫ	МАҚСАТТЫ ТОПТЫҢ ТӘУЕ- КЕЛДІЛІК ДЕҢГЕЙІ	ҚАТЫ- СУШЫЛАР САНЫ	ІС-ША- РАЛАР САНЫ	ТОПТЫҢ АНЫҚТАЛУ СЕБЕБІ
1	ДДА идеология- сының қауіп-қа- терін түсіндіру	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ (Нұр-Сұлтан)	Жоғары дең- гейлі тәуекел- ділік	2 000 адам	2 кездесу	АИК деректері бойынша студент- тердің ДДА тобына тіркелу оқиғалары анықталған
2	ДДА идеология- сының қауіп-қа- терін түсіндіру	Қазақ эконо- мика, қаржы және халықа- ралық сауда университеті (Нұр-Сұлтан)	Орташа дең- гейлі тәуекел- ділік	600 адам	2 кездесу	АИК деректері бойынша студент- тердің ДДА тобына тіркелу оқиғалары анықталған
3	Қазақстан- дық білімнің зайырлылық және прогрессивтік сипаты	Қазақ ұлт- тық әйелдер педагогикалық университеті (Алматы)	Төменгі дең- гейлі тәуекел- ділік	95 адам	2 кездесу	Студенттер арасынан ДДА жақтаушылары анықталған

<sup>28</sup> 2020 жылдың наурыз айы мен II тоқсанында мақсатты топтар арасында АТЖ жүргізу жоспарлары. Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Атырау және Шығыс-Қазақстан облыстары.

4	Радикалды идеологияның алдын алу әдісі ретінде рухани құндылықтарды жаңғырту	Атырау мұнай және газ университеті	Орташа деңгейлі тәуекелділік	70 адам	1 кездесу	ЖОО басшылығынан діни ұстанымды насихаттау, мекеме ережелерінің бұзылуы, студенттермен мекеме ғимараттарында діни жораларды өткізу оқиғаларының орын алуы
5	Деструктивтік жалған діни ағымдарға қарсы рухани иммунитет қалыптастыру	С.Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті (Өскемен)	Төменгі деңгейлі тәуекелділік	200 адам	6 кездесу	АИК деректері бойынша студенттердің ДДА тобына тіркелу оқиғалары анықталған


### Жұмыссыз жастар арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Сарапшылардың пікірінше, АТЖ барысында ең аз қамтылатын топқа жұмыссыз жастарды жатқызуға болады. Әлемдік практикада жұмыссыз жастарды анықтау үшін «NEET санатына кіретін жастар» ұғымы қолданылады, яғни «not in education, employment or training», оның мәні «оқымайтын, жұмыс жасамайтын және біліктілік арттырмайтын» дегенді білдіреді. Бұл терминді кейбір өңірлік АТТ мүшелері, әсіресе Ақмола және Батыс-Қазақстан облыстарында кеңінен пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректеріне сәйкес еліміздегі жұмыссыз жастардың үлесі 2019 жылғы жағдай бойынша 7,4% құрады.<sup>29</sup> Бір қарағанда пайыздық мөлшері соншалықты көп болып көрінбейді. Алайда, егер бұл мәліметтерді жастардың нақты санына ауыстыратын болсақ, өңірлік тұрғыдан төмендегідей статистика шығады.

### 4 график

#### ҚР жұмыссыз жастар саны (15-28 жастағы), 2019 ж.



29 Қазақстан Республикасында NEET жастар үлесі (жылдық деректер) / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/7> (қаралған күні: 28.06.2020 ж.).

Осыдан дін саласы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен кем дегенде 288 мың жұмыссыз жастар қамтылуы керек деген түйін шығады. Мемлекеттік саясатқа, өмір деңгейіне көңілдерінің толмауына немесе болашаққа үміттің болмауына байланысты тұрғындардың осы категориясы деструктивті ықпалға осал болып келетінін естен шығармаған жөн. Сарапшылар пікірінше өзге топтарға қарағанда аталған категориямен жұмыс ең күрделі болып келеді. Аталған адресстік топпен АТЖ негізінен жұмыспен қамту орталықтарында, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерінде жүргізіледі. Қостанай облысы сарапшысының пікірінше, осы форматтағы жұмыстың аудандық деңгейде нәтижесі бар, себебі жергілікті жұмыссыз жастар жұмыспен қамту орталықтарына тұрақты қатынайды, аудандық елді мекендерде тұрғындардың саны аз болғандықтан жұмыссыздар елдің назарында және бақылауында болатыны анық.

## 5 График

### Жұмыссыз жастармен жүргізілетін АТЖ-ның өңірлер бойынша көрсеткіштері

(2020 жылдың наурызы мен II тоқсан аралығы)<sup>30</sup>



Алматы қаласы, Атырау және Қарағанды облыстарының 2020 жылдың наурызы мен II тоқсан аралығындағы жұмыс жоспарларына жұмыссыз жастармен іс-шаралар өткізу көзделмеген. Оның себебін олардың шоғырлану, тұрақты жиналу орындары жоқ болуымен түсіндіруге болады.

Жұмыссыз жастармен өңірлерде жүргізілген АТЖ-ның деректер кестесін талдау бойынша келесідей мәселелер анықталды:

- адресстік іс-шаралармен жеткізілімсіз деңгейде қамтылуы;
- өңірлердің бәрінде бірдей жұмыссыз жастармен АТЖ өткізу жұмыстары көзделмеген;
- жұмыспен қамту орталықтарында іс-шаралар өткізілетіні туралы эксперттер тарапынан айтылған ақпарат 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша өңірлік жоспарларға толық сәйкес келмейді. Осы орайда, 2020 жылдың наурыз және II тоқсан аралығындағы жұмыс жоспарын талдау негізінде жұмыссыз жастармен жүргізілетін іс-шаралар адамдар көп шоғырланған жұмыстардың аясында өткізіледі деп пайымдауға болады.

30 2020 жылдың наурыз айы мен II тоқсанында мақсатты топтар арасында АТЖ жүргізу жоспарлары. Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Атырау және Шығыс-Қазақстан облыстары.

## Балалар үйлерінде, сондай-ақ интернаттарда тұратын жастармен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері физикалық, психикалық және эмоционалды даму деңгейлері бойынша отбасында өскен балалардан айырмашылығы болатыны мәлім. Олардың бойында келешекте баланың психологиялық қалыптасуына, қоғамға бейімделуіне кері әсер ететін бірқатар ерекшеліктер көрініс табуы мүмкін. Басынан кешкен психологиялық зардаптар, өмірлік жағдайының қиындығы, бірегейлік пен отбасылық жылу іздеу және де осыған ұқсас өзге де мәселелер баланың болашақта ДДА идеологиясының ықпалына түсіп кету ықтималдылығын арттырады.

Осыған орай, АТТ мүшелері балалар үйлеріндегі дін саласы бойынша адрестік жұмыстарды күшейтуі қажет. Жалпы алғанда, осы мекемелерде жүргізілетін іс-шаралар саны артып келеді. Мәселен, 2018 жылы балалар үйлерінде 3 662 адамды қамтыған 92 іс-шара, 2019 жылы 3 416 адамды қамтыған 210 іс-шара ұйымдастырылған.<sup>31</sup> Сонымен бірге Алматы қаласындағы «Білім-Инновация» лицей-интернаты директорының оқу істері жөніндегі орынбасары Ж. Калгулованың пікірінше барлық мектеп-интернаттарда АТЖ-ның белсенділігін әлі де арттыру қажет етіледі.<sup>32</sup>

Осы бағыттағы жұмыс жоспарларында профилактикалық іс-шаралардың қатарын арттырған жөн. Алайда, аудиториядағы балалардың сезімдеріне эмоционалды әсер ету үшін іс-шаралардың форматын, тақырыптарын және спикерлер құрамын мұқият дайындауды назардан шығармау қажет.

## Өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың, соның ішінде жастар арасында АТЖ жүргізу күрделі бағытқа жатқызылады, өйткені бұл адрестік топ негізінен сауда орталықтары мен базарларда жұмыс жасайтын болғандықтан оларды белгілі бір уақытта бір жерге шоғырландыру қиынға соғады.

Эксперттік сұхбаттар барысында алынған деректерге сәйкес, АТТ мүшелері бұл топтың өкілдерін олардың жұмыс орындарында жинап, жеке/топтық әңгімелесулер немесе дәрістер өткізеді. Мысалы, 2020 жылға арналған АТТ жұмыс жоспарына сәйкес, Алматы қаласының СОО мен базарларында екі айда 4-тен пен 40-қа дейін адамды қамтитын 1-2 шара өткізу жоспарланған. Жоспарланған тақырыптар: «Жихадтың шынайы мәні (экстремисттік «жалған идеологтар» ықпалына түспеу амалдары)», «Такфиризм өзге көзқарастарды, ұлттық дәстүр мен мемлекеттік қағидаттарды қабылдамаудың формасы ретінде», «Ұлттық және діни дәстүрлердің ұштастырылуы», «Ханафиттік мазхабтың ерекшеліктері», «Діни экстремизм мен терроризм – кереғар мәні және көрініс табу формалары», «Діни фундаментализм – экстремизм мен терроризмнің негізі ретінде». Нұр-Сұлтан қаласында осыған ұқсас шаралар базарлар мен сауда үйлерінде тоқсанынан 2 рет өткізіліп, 50-ден 100-ге дейін адам қамтылады, алайда іс-шаралардың тақырыптары жоспарда нақты көрсетілмейді.

Сарапшылардың ұсынған ақпаратына сәйкес, осы бағыттағы іс-шараларда кедергілер орын алады, аудитория тарапынан қызығушылық төмен болады, өткізілетін кездесу немесе дәрістің уақыты жоспарлағаннан тез аяқталады.<sup>33</sup> Базарлар мен СОО-да жоспарланатын АТЖ-ның тақырыптары мен форматы күрделі болып келеді. Тыңдаушы қабылдау үшін, ақпаратты оларға сапалы және қызықты жеткізу үшін қолайлы жағдай қажет етіледі, аудитория тарапынан құлшыныс байқалып, олардың назарын алаңдататын сыртқы факторлардың ықпалы болмауы керек.

31 ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау туралы есебі. <http://knb.gov.kz/ru/article/otchot-o-realizacii-gosudarstvennoy-programmy-po-protivodeystviyu-religioznomu-1> (қаралған күні: 28.06.2020 ж.).

32 Қазақстанда терроризмді қалай болдырмауға болады? <https://kazislam.kz/kak-predotvratit-terrorizm-v-kazahs/?lang=ru> (қаралған күні: 27.06.2020 ж.).

33 Эксперттік сұхбат материалдары, Жезқазған қаласы



#### 4 кесте

Өзін-өзі қамтыған тұрғындармен АТЖ бойынша жүргізілетін іс-шаралардың салыстырмалы кестесі (2020 жылдың наурызы мен II тоқсан аралығы)

ҚАЛА	ӨТКІЗУ ОРНЫ	МАҚСАТТЫ ТОП-ТЫҢ ТӘУЕКЕЛДІЛІК ДЕҢГЕЙІ	ҚАТЫ-СУШЫЛАР САНЫ	ІС-ШАРАЛАР САНЫ	ТОПТЫ АНЫҚТАУ СЕБЕБІ
НҰР-СҰЛТАН	«Big Шан-хай» базары	жоғары деңгейлі тәуекелділік	80	2	ҚР АҚДМ ұсынысы бойынша
АЛМАТЫ	«Байсат» базары	жоғары деңгейлі тәуекелділік	40	4	Саудагерлер арасында ДДА жақтаушылары анықталған
ШЫМКЕНТ	«СӘТ» СОО	орташа деңгейлі тәуекелділік	15	2	Саудагерлер арасында ДДА жақтаушылары анықталған

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар арасындағы АТЖ-ны талдау бойынша келесідей мәселелер анықталды:

- өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындармен жоспарланатын іс-шаралардың саны және олардың нақты қамтылуы арасында бірыңғай корреляция жоқ («орташа деңгейлі тәуекелділік» тобының 15 адамымен 2 іс-шара және «жоғары деңгейлі тәуекелділік» тобының 80 адамымен де 2 іс-шара өткізу көзделген);

- СОО мен базар қызметкерлерінің жұмысында орын алатын ерекшеліктерді ескере отырып, олармен өткізілетін АТЖ-ның әдістерін одан әрі жетілдіру қажет;

- іс-шаралардың тақырыптық компоненті адрестік топтың қызығушылықтарына сәйкес болуы керек. Себебі, ДДА-мен байланысты тақырыптардың аясында ғана ақпараттандыру кері әсер беріп, аудиторияда деструктивті діни идеологияға қызығушылық туындауы және ұсынылған ақпаратты қабылдамауы мүмкін.

#### Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын тұлғалар арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын кен орындары, зауыт, фабрика және сол сияқты кәсіпорындардың еңбек ұжымдары ерекше адрестік топ болып саналады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кезіндегі басшысы Д.Абаев атап өткендей, жұмыссыз жүрген және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдармен қатар вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлер тәуекелділік топтарына кіреді.<sup>34</sup>

Жұмыстың бұл түрі еңбек процесінің жұмысшылардың тұрғылықты мекен-жайларынан тыс жерде өтуімен, сондай-ақ олардың ұзақ уақыт бірлесіп өмір сүруімен ерекшеленеді. Сарапшылардың пікірінше, араларында алыс және жақын шетел азаматтары бар еңбек мигранттарының шоғырлануы ДДА идеологиясы таралуының себебіне айналуы мүмкін. Сонымен бірге, вахталық әдіспен жұмыс жасайтын азаматтардың білімін толықтыруға уақыты бола бермейді, олардың басым көпшілігі дін саласындағы мемлекеттік бағдарламалар бойынша мүлдем хабарсыз.<sup>35</sup>

Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын адамдар арасындағы АТЖ-ның өзектілігі мен маңызы өте жоғары екендігін атап кету қажет. Осы орайда, АТТ мүшелерінің өздері де вахталық әдіспен жұмыс жасайтын тұлғалар қазіргі кезде толыққанды қамтылмай келетінін ашық айтуда.<sup>36</sup> Бұл мәселе жұмыс жүргізу кестесінің ерекшелігімен, яғни жұмысшылардың бір ай жұмыс жасап, бір ай демалыста болуымен

34 Абаев Д.А. Жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және студенттер экстремистік үгіт-насихатқа қарсы осал болып келеді. <https://kazpravda.kz/news/obshchestvo/bezrobotnie-samozanyatie-i-studenti-naibolee-podverzheni-ekstremistskoi-propagande--abaev> (қаралған күні: 21.06.2020 ж.).

35 Эксперттік сұхбат материалдары, Жезқазған қаласы

36 Эксперттік сұхбат материалдары, Атырау қаласы

байланысты. Сол себепті, АТЖ-ның іс-шараларын тоқсанына бір рет ғана өткізу кәсіпорынның барлық жұмысшыларын қамту үшін жеткіліксіз болып саналады (5 кесте).

#### 5 кесте

##### Қарағанды облысының АТТ жұмыс жоспары бойынша

(2020 жылдың наурызы мен II тоқсан аралығы)

ӨТКІЗУ ОРНЫ	ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ, ІС-ШАРАЛАР САНЫ, КЕЗЕҢДІЛІГІ	МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІЛІК ДЕҢГЕЙІ	ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ
1 Жезқазған кен байыту фабрикалары	2020 жылдың 11 наурызында 1 ресми кездесу өтті	Еңбек ұжымында орташа деңгейлі тәуекелділік	2 адам
2 «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің кеніштері (Сатпаев қ.)	2020 жылдың 13, 14, 27 наурызы күндері 4 ресми кездесу өтті	Еңбек ұжымында орташа деңгейлі тәуекелділік	4 адам
3 «Саяқ» кеніші (Балқаш қ.)	2020 жылдың 16 наурызында 1 ресми кездесу өтті	Еңбек ұжымында төменгі деңгейлі тәуекелділік	6 адам
4 «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің Қарағайлы кенті	2020 жылдың 26 наурызында 1 ресми кездесу өтті	Еңбек ұжымында төменгі деңгейлі тәуекелділік	1 адам

#### 6 кесте

##### Шығыс-Қазақстан облысының АТТ жұмыс жоспары бойынша

(2020 жылдың наурызы мен II тоқсан аралығы)

ӨТКІЗУ ОРНЫ	ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ, ІС-ШАРАЛАР САНЫ, КЕЗЕҢДІЛІГІ	МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІЛІК ДЕҢГЕЙІ	ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ
1 1. «KazMinerals» мыс өндіру компаниясы  2. «Востокцветмет» өндірістік кешені  3. Жезкент тау-байыту комбинаты	Әр кәсіпорында 2 кездесу өтті	Еңбек ұжымында орташа және төменгі деңгейлі тәуекелділік	70

Осы ретте, вахталық әдіспен жасайтын жұмысшылар арасындағы АТЖ-ның іс-шараларына жүргізілген талдау нәтижесі бойынша келесідей мәселелер айқындалды:

- вахталық әдіспен жұмыс жасайтын орталарда іс-шаралар саның арттырып, аталған адресілік топтың жұмыс ерекшелігіне сәйкес ыңғайлы кесте құру жолдарын қарастыру қажет;
- қажет болған жағдайда вахталық әдіспен жұмыс жасайтын тұлғаларды қамту аясын кеңейтіп отыру.

Қорытындылай келе, адресілік топтармен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарды талдау негізінде келесідей ерекшеліктерді атап кетуге болады:



- эксперттік сұхбаттар негізінде АТЖ-ның іс-шараларын өткізу барысында барлық адрестік топтар назарға алынатыны анықталды, соның ішінде ұйымдасқан жастарға (студенттер, оқушылар), СОО және базарлардың саудагерлері мен қызметкерлеріне ерекше көңіл бөлінеді;

- мектептерде АТЖ жүйелі түрде ұйымдастырылады. Осы орайда жас ерекшеліктер бойынша жіктелген топтарға әртүрлі тиімді әдістерді қолданатын ШҚО мамандарының тәжірибесін ерекше атап кету қажет;

- балалар үйінің тәрбиеленушілері мен интернатта тұратын балалар арасында АТЖ-ның іс-шараларын жиі өткізу динамикасы айқын байқалады (2018 ж. – 92 іс-шара, 2019 ж. – 210 іс-шара);

- сарапшылардың пікірінше, вахталық жұмысшылар мен жұмыссыз жастар арасында іс-шаралар саны едәуір көбейтіп, сондай-ақ ССО мен базар қызметкерлері, сол аталған вахталық жұмысшылар және жұмыссыз жастарға қолданылатын АТЖ-ның әдістерін одан әрі жетілдіру қажет;

- жұмыспен қамту орталықтарында іс-шаралар өткізілетіні туралы эксперттер тарапынан айтылған ақпарат 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша ұсынылған өңірлік жоспарларға толық сәйкес келмейді.

- 2020 жылға арналған АТЖ жоспарлардың көпшілігі жалпылама сипатта жасалған, іс-шаралардың тақырыптары мен форматтары жиі қайталанады, жұмыссыз жастарға бағытталған іс-шаралар және әлеуметтік желілерде атқарылатын жұмыстар жоспарлы түрде көрсетілмеген.


### 1.3 Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі туралы тұрғындардың ақпараттану деңгейі

Дін саласындағы АТЖ-ның сапасын зерделеу шеңберінде іс-шаралар барысында жүзеге асырылатын кері байланысты талдау ерекше орын алады. Тұрғындарды АТЖ-ның қызметі туралы ақпараттандыру жағдайын зерттеу, сондай-ақ адамдарды толғандыратын дін саласы бойынша негізгі сұрақтарды анықтау АТЖ-ны жетілдіруге бағытталған тиімді әдістерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Осы зерттеу аясында Қазақстанның 17 өңірінде сапалық фокус-топтық зерттеулер жүргізілді. Фокус-топтық зерттеулерге 204 респондент қатысты. Әрбір фокус-топтың құрамына 10-13 адамнан шақырылды. Топтардың құрамына 18-ден 65-ке дейінгі барлық жас топтарының өкілдері кірді. Студент жастар, түрлі қызмет салаларының мамандары, жұмыссыздар және зейнеткерлер сияқты әр түрлі әлеуметтік топтар қамтылды. Гендерлік тұрғыдан алғанда ер адамдар – 43%, әйел адамдар – 57%. Этникалық құрамы бойынша қазақтар – 68%, орыстар – 10%, өзге этнос өкілдері – 22% (татарлар, украиндықтар, ұйғырлар, корейлер, өзбектер, арабтар, гректер, еврейлер, немістер, армяндар және т.б.).


## ДІН САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ХАБАРДАР БОЛУ ДЕҢГЕЙІ

### Этникалық жағынан



- Қазақтар – 68%
- Орыстар – 10%
- Басқа этностар – 22%  
(татарлар, украиндықтар, ұйғырлар, корейлер, өзбектер, арабтар, гректер, еврейлер, немістер, армяндар және т.б.)

### Жыныс жағынан



□ Фокус-топ  
10-13 адам

□ Жасы  
18-65 аралығы

Аталған әлеуметтік зерттеулердің кластерлік талдауы бойынша **фокус-топ қатысушылары өз өңірлеріндегі АТЖ қызметімен таныс және оның іс-шараларына қатысқан болып шықты.** Мәселен, 17 өңірдің 15-де респонденттермен келесідей сипаттағы жауаптар берілді:

«...Әрине таныспын әлеуметтік желілерде, сондай-ақ мемлекеттік басқарудағы ұйымдар арқылы олардың жұмыстарымен таныспын; әрине, мен олардың жұмыстарымен жақсы таныспын»  
**(Орал қ., әйел адам, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары);**

«...Мұндай топтар әр түрлі ұйым жұмыстарына белсенді түрде қатысады, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді»

**(Шымкент қ., ер адам, студент);**

«...Бізде университетте әрдайым мешіт өкілдерінің қатысуымен дәрістер өткізіліп отыратын...»

**(Көкшетау қ., әйел адам, декреттік демалыста);**

«...Жаңалықтарда көбінесе әр діннің түрлі бағыттары бар екені аталады, түсіндіру сипатындағы жұмыстар жүргізіледі»

**(Нұр-Сұлтан қ., ер адам, сақтандыру компаниясының қызметкері);**

«...Әрбір ауданда, қалада және облыстардағы әкімдіктерде дін саласы қызметкерлері бар. Олар жұмыс істейді. Ал мектептерге келетін болсақ, ол жерде дінтану пәні жүргізіледі»

**(Қостанай қ., ер адам, оқытушы).**

Сонымен қатар, респонденттер **АТЖ бойынша өздері қатысқан іс-шаралар туралы пікірлерін білдіріп, оң баға берді:**

«...Дәріс жүргізушісінің қызығушылық тудырып, пайдалы ақпаратпен бөліскеніне оң баға беремін»

**(Атырау қ., әйел адам, мемлекеттік қызметкер);**

«...Жалпы алғанда, менің ойымша, дәріс жастар үшін де, ересек адамдар үшін де өте пайдалы болды. Жастар пайдалы тәжірибе алды. Менің жеке басыма дәріс ұнады...»

**(Алматы қ., ер адам, ЖОО оқытушысы);**

«...Дін саласына қатысты шара болды. Жақсы деген баға беремін»

**(Шымкент қ., әйел адам, студент).**

Барлық өңірлерде респонденттер **интернет-кеңістікте АТЖ-ны белсендіру қажеттілігін**, әсіресе әлеуметтік желілер кеңінен пайдалануды атады. Қызылорда қаласындағы шараға қатысушылар әлеуметтік желілердегі жұмыстар жүргізу үшін SMM-маманын тартуды ұсынды. Павлодар және Талдықорған қалаларында әлеуметтік желілерде таргетинг әдісін пайдалану және интернет кеңістікте АТЖ-ның бақылануын күшейту ұсынылды. Астаналық респонденттер әр түрлі конфессиялар бойынша сұрақ және жауап алудың бірыңғай платформасын құруды, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтар базасын жасауды ұсынды.

«...Менің ойымша, әлеуметтік сауалнамалар өткізіп, олар кімді жиі көргісі келеді деген сұрақтар енгізілуі керек; егер білім беру орталықтарында жүргізілетін болса, онда студенттер арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізілсін. Таргетинг арқылы жарнама керек, адамдардың белгілі бір топтарынан сұхбаттар алу керек»

**(Павлодар облысы, ер адам, мемлекеттік сатып алу бойынша менеджер);**

«...SMM-мамандарын тарту үшін немесе әлеуметтік желілердегі жарнамалар жасау үшін арнайы қаражат бөлу керек»

**(Қызылорда облысы, ер адам, студент).**

Сонымен бірге, фокус-топтарының қатысушылары кейбір адамдар әлеуметтік желілерде таратылатын діни мазмұндағы материалдарды сенімді емес ақпарат және «спам» деп қабылдауы мүмкін екендігін айтуда:

«...Менің пікірімше, жалпы дінді және интернетті байланыстырудың еш керегі жоқ. Интернетте қажет емес қоқыс ақпараттар өте көп»

**(Алматы облысы, ер адам, жеке кәсіпкер);**

«...Менің ойым бойынша, қазір интернет көбіне бұрыс ақпараттар көзіне айналуға, жалпы алғанда, тәуекелділік аймағына, қауіп-қатер аймағына айналуға...тексерілмеген, жалған ақпараттар өте көп, соған орай қайсының шындыққа жанасатынын, қайсы өтірік екенін білу қиынның қиыны...әртүрлі блогерлер бар, олар жақсылыққа үйретпейді»

**(БҚО, ер адам, тарих пәнінің мұғалімі).**

Қатысушылардың жауаптары негізінде Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының (одан әрі - Заң) негізгі ережелерін білу деңгейі анықталды. АТЖ-ның негізгі міндеттерінің біріне дін саласы бойынша заңнаманың нормаларын түсіндіру болғандықтан аталған сұрақ қойылды. Респонденттер аталған заңнама туралы жалпы хабардар екендігі белгілі болды. Алайда, респонденттердің басып көпшілігі оның негізгі ереже-талаптары туралы нақты жауап беруге қиналды.

«...Заң міндетті түрде бар. Және менің білетінім, негізгі тұстары, онда діни рәсімдер мен салтанаттарды мемлекеттік ұйымдарда, мекемелерде өткізуге тыйым салынған»

**(Алматы облысы, әйел адам, мемлекеттік қызметкер);**

«...Негізгі ережелері, енді не десем екен, аздап қиналамын, бір білетінім, бізде дәстүрлі діндерге рұқсат етілген, оларға басқаша айтқанда жасыл жарық жағылған, ал дәстүрлі емес ағымдар заңға қайшы деп танылған, оларға қарсы күрес жүргізілуде. Олардың деструктивті немесе деструктивті емес дегеніне қарамайды, жоғарыдан бұйрық келді ме, оларға тыйым салынады» (Павлодар облысы, ер адам, дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты)

**Мектептерде және жастар арасында дін саласына қатысты АТЖ іс-шараларын жүргізу қажеттілігін бағалау.**

Өңірлерде өткізілген фокус-топтарға қатысушылардың басым көпшілігі дін саласы бойынша АТЖ-ны мектептерде және жастар арасында міндетті түрде өткізу керек деп есептейді. Дәлел ретінде келесідей пікірлер ұсынылды:

«...Жұмысты мектептен бастау керек және бір реттік шара түрінде емес, жүйелі түрде жүргізіп отыру керек. Бұл қосалқы қызмет атқаратын оқытушылар емес, нағыз мамандар болуы керек

**(Нұр-Сұлтан қ., ер адам, мектеп мұғалімі);**

«...Дін саласына қатысты АТЖ жұмыстарын ең алдымен мектеп оқушыларымен өткізу керек. Бала күндерінен бастап дұрыс өмір салтына тәрбиелеу қажет. Мүмкін бала үйде дұрыс тәрбие алмай келген шығар, ал мектеп ортасында өзін мазалайтын сұрақтарға дұрыс жауаптар ала алады. Балалар мектеп пәніне дінтану кіргенін айтты, менің ойымша, бұл өте жақсы. Біз оқыған кезде ондай пән болмаған. Мектеп пен дін арасында еш байланыс болмағаны жөн. Балалар жас шағында бәрін сіңіреді, кейіннен ол өмірінің соңына дейін қалады. Осы жаста балалар бойында психология, қабылдау қалыптасады, олар жеке тұлға болып қалыптасады, міне сонда оларға дұрыс бағыт берілуі керек. Барлық жалпыға мәлім, дәстүрлі діндер керек және пайдалы деп сенемін. Мен бәрін балалардан бастау керек деп санаймын, ал сосын қалғандарына көше беруге болады

**(Шымкент қ., ер адам, менеджер).**

Алайда, кейбір өңірлерде осындай жұмысты өткізу тым ерте деп санайтындар да бар. АТЖ-ның орнына «Әдеп этикасы» пәнін енгізіп, соның аясында дінді рухани құндылық ретінде түсіндіру керек деген пікір айтылды.

«...Жастар арасында жүргізілу керектігімен толықтай келісемін, бірақ мектепте онсыз да мәселелер толып жатыр, күнделікті оқу, ҰБТ дегендей. Мектептерде білім қажет, дін емес, менің ойым осы

**(СҚО, ер адам, студент);**

«...Өткізілмеуі керек, балалардың психикасы әлі қалыптаспаған. Егер бұл топ жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасаса, онда болады және бұл жастарында оларға уақытында бос фанатизммен ешқандай дінге енбеген жөн екендігі түсіндірілсе жақсы. Егер сен сенгің келсе – сен. Тек фанатизмге бармаған жөн»

**(Жамбыл облысы, әйел адам, фрилансер).**

**Респонденттер тарапынан дін саласындағы АТЖ-ның тиімділігін күшейту үшін ұсынылған тақырыптар.**

Зерттеу аясында респонденттер АТЖ-ның іс-шараларына арналған тақырыптар мен жұмыс бағыттарын ұсынды. Олардың ой-пікірлерін түйіндей келе, келесідей өзекті тақырыптарды атауға болады:

- гуманитарлық және отбасылық құндылықтар, әдеп нормалары;
- конфессияаралық келісім мен толеранттылық;
- діни мерекелер, әлем елдерінің діндері;
- өмірге деген махаббат, таңдау еркіндігі, суицид мәселелері;
- патриотизм, азаматтық сана-сезім.

«...Менің ойымша, ең алдымен суицид мәселесіне ерекше назар аударылуы керек. Бұл балалардың ҰБТ тапсыру кезеңіне қатысты, олардың көбі суицид сияқты ойланбайтын жаман іске баруы мүмкін. Бұл біріншіден. Екіншіден, әрине, бұл ата-анаға деген құрмет. Бұл ата-аналарға ғана емес, ересек ұрпақ үшін де аса маңызды іс. Үшінші, жастарға қатысты аспектілер, әдеп нормалары. Ал ересек адамдарға қатысты айтарым, оларға әңгімелер жүргізіп, діннің не екенін түсіндіру керек»

**(Алматы қ., әйел адам, кәсіпкер);**

«...Конфессия аралық келісімді насихаттау керек»

**(Шымкент, ер адам, студент);**

«...Мүмкіндігінше дін туралы аз айтқан дұрыс, оның орнына қазақстандық патриотизм жайлы айту керек»

**(Орал қ., әйел адам, мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары);**

«...Нақты дінге қатысты, ол өте сақтықты талап ететін мәселе, заңмен тұспа-тұс келетін жерлері көп, егер сен, яғни адам дінді білетін болса, дұрыс іс-әрекеттер жасаса және заңды бұзбаса, бұл дұрыс болады деп ойлаймын»

**(Талдықорған қ., ер адам, монтаждаушы).**

Фокус-топтық зерттеулерге қатысушылар **АТТ мүшесіне қажетті бірқатар дағдылар мен біліктіліктерге назар аударып**, осы қызмет саласына қажет мамандық иелерін атап кетті:

«...Зайырлы пәндердің мамандары: психологтар, дінтанушылар, саясаткерлер, педагогтар, теологтар, тарихшылар, заңгерлер»

**(Шымкент қаласының респонденттері);**

«...Сауатты адамдар, ораторлар, жан-жақты дамыған қоғам арасында беделді адамдар»

**(Нұр-Сұлтан қаласының респонденттері);**

«...Стреске төзімді адам, шиеленісті жағдайда шыға білетін адам, эрудициясы күшті, білімді адам, оратор, дикциясы қойылған, діни

ағымдарды жақсы білетін, зайырлылық принциптерін білетін адам»

**(СҚО респонденттері);**

«...Кәсіби білімі бар, дінді өте жақсы білетін, мақсатты топтармен жұмыс жасай білетін адам. Оратор, психолог, коммуникациялық қабілеті бар адам»

**(Жамбыл облысының респонденттері);**

«...Баяндау мәнері түсінікті, діни терминологияларды пайдалана бермейтін адам»

**(ШҚО респонденттері);**

«...Тарихты жақсы білетін, екі тілді еркін меңгерген, жаңа технологияларды білетін, өзгелердің пікірімен санаса алатын адам»

**(Түркістан облысының респонденттері).**

Зерттеу барысында респонденттер **Қазақстандағы діни ахуалға** баға берді. Респонденттердің басым көпшілігі Қазақстандағы діни ахуалды тұрақты деп санайды. Фокус-топтардың қатысушылары діни ахуалға кері әсерін тигізуі мүмкін келесідей факторларды атайды:

«...Сонымен бірге, жаман айтпай жақсы жоқ, әрдайым дайын болуға тиіспіз. Біздің барлық діни бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер бір ұстанымда болулары керек, бір ой алаңында жұмыс жасаулары керек, меніңше бұның маңызы аса жоғары»

**(Жамбыл облысы, әйел адам, ЖОО оқытушысы);**

«...Мысал үшін, әлі күнге дейін кейбір мәселелер шешімін тапқан жоқ, мектепте хиджаб кимеулері керек, орамал тақпаулары керек. Менің ойымша, дұрыс түсіндіру жұмыстары әлі жеткіліксіз жүргізілуде»

**(Атырау облысы, әйел адам, мемлекеттік қызметкер);**

«...Әу баста мен атап өткенімдей, адам тоқ болса, киімі көк, қарыны тоқ болса, киерге киімі, ішерге тамағы, жатар орыны болса, оның дінге қатысты сұрақтары өздігінен түсіп қалатын болады. Ол өз мәселелерін өзі шешетін болады. Ал оның аталған мәселелері шешілмеген болса, әлеуметтік мәселелері шешілмесе, әрине ол бір діннен екіншісінің арасында шапқылап жүреді, секталарға немесе басқа жерлерге жүгінетін болады. Әу бастан, экономикалық мәселер шешімін табу керек»

**(Павлодар облысы, ер адам, менеджер);**

«Нақты ой-тоқтам болмауы, дінге қатысты сұрақтарға мемлекет тарапынан жауаптар берілмеуі, ал аталған сұрақтарға айқын жауаптар болмаған кезде вакуум орнығады, оны өзге жерден келіп басқалар толтырылатын болады»

**(БҚО, ер адам, мектеп мұғалімі).**

Жалпы айтқанда, тұрғындардың дін саласындағы АТЖ бойынша ақпараттану деңгейіне әлеуметтік зерттеулер негізінде жасалған талдаулар келесідей ерекшеліктерді анықтады:

- өңірлердің басым көпшілігінде респонденттер АТЖ-ның қызметімен таныс және олардың жұмыстарына қатысқан;

- фокус-топтардың барлық қатысушылары дін саласының мәселелері бойынша АТЖ өткізу керектігін атады;

- әлеуметтік зерттеуге қатысушылар АТТ мүшесінің негізгі қажетті дағдылары мен біліктіліктерін белгіледі. Оның ішінде діндерді және олардың тарихын білу, шешендік өнерді игеру, қарым-қатынас деңгейі мен күйзеліске қарсы тұру қабілетінің жоғары болуы сияқты қасиеттер жиі аталды;

- респонденттер АТЖ-ның іс-шараларына арналған тақырыптар ұсынды. Оның ішінде келесі тақырыптарды атауға болады: гуманитарлық және отбасылық құндылықтар, әдеп нормалары,



конфессияаралық келісім мен толеранттылық, діни мерекелер, әлем елдерінің діндері, өмірге деген махаббат, таңдау еркіндігі, суицид мәселелері, патриотизм, азаматтық сана-сезім.

- фокус-топтарға қатысушылардың басым көпшілігі орта білім беру мекемелерінде дін саласы бойынша АТЖ-ның өткізілгенін маңызды санады. Алайда, АТЖ-ның іс-шараларын оқушылардың жасына және психологиялық ерекшеліктеріне сай жүргізілгені абзал;

- респонденттердің басым көпшілігі Қазақстандағы діни ахуалды тұрақты деп есептейді. Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен, азаматтық сектор өкілдерімен осы бағыттағы өзара іс-қимылын тиісті деңгейде дамыту қажеттігі жөнінде пікірлер айтылды;

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның негізгі ережелері туралы фокус-топтардың кейбір қатысушылары ғана хабардар екендігі анықталды

#### 1.4 Қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар

Талдау барысында дін саласындағы АТЖ-ның барлық маңызды бағыттары бойынша біршама нәтижелер мен жетістіктер бар екендігі айқын байқалды. АТЖ-ның қызметі бекітілген жоспарлар бойынша жүргізіледі, іс-шаралардың тақырыптары Әдістемелік ұсынымдарға<sup>37</sup> сәйкестендіріліп, адресстік топтарды қамтуға бағытталған. Балалар үйлері мен интернаттардағы АТЖ іс-шараларының саны артып келеді (2018ж. – 92 іс-шара, 2019ж. – 210 іс-шара). АТЖ барысында адресстік іс-шараларды өткізуге басымдық беріледі. Сонымен бірге, өңірлік АТЖ жоспарларынан негізінен жалпы профилактикалық іс-шараларды сапалы өткізу мақсат етілетіні айқын көрінеді.

АТЖ-ның қызметі туралы БАҚ арқылы сапалы ақпарат жариялау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі заманғы қауіп-қатерлерді ескере отырып, интернет кеңістігінде, әсіресе әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу бойынша жүйелі шаралар атқарылуда. 2020 жылы АТЖ-ның интернет белсенділігінің форматы мен контенті жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласының ДМЗО мекемесінің сайтында онлайн кездесулердің тақырыптары мен спикерлері көрсетілген бір апталық кестесі алдын ала жарияланып тұрады.

Тұрғындардың АТЖ туралы ақпараттану деңгейіне әлеуметтік зерттеу негізінде жүргізілген талдау нәтижелері бойынша өңірлердегі респонденттердің басым көпшілігі АТЖ-ның жұмысымен таныс және іс-шараларға қатысқандығын анықталды. Фокус-топтардың қатысушылары дін саласындағы АТЖ-ның пайдасын, соның ішінде орта білім беру мекемелерінде қажеттілігін атады, сондай-ақ Қазақстандағы діни ахуалды тұрақты деп бағалады.

Сонымен бірге, ақпараттық-түсіндіру жұмысының ұйымдастыру аспектілерін талдау негізінде төмендегідей ерекшеліктер айқындалды:

- АТЖ жоспарларын құру, адресстік топтардың тәуекелділік деңгейлерін анықтау кезінде ҚР АҚДМ ДІК әзірлеген Ұсынымдар басшылыққа алынады.

- интернет кеңістігінде АТЖ-ны жүзеге асыру механизмдерін одан әрі жетілдіру қажет. ДМЗО және КАҚТЖДО сияқты мекемелердің ресми сайттарында, әлеуметтік желілердегі парақшаларында визуалды, мәтіндік, аудио/бейнематериалдарды жариялау барысында диспропорция байқалады; кейбір материалдар формалды әзірленген; ақпараттық порталдардан толық көшіру фактілері жиі кездеседі; ақпараттардың мәтіндерін қабылдау қиындық тудырады. Интернет кеңістігінде жұмыс жүргізудің бірыңғай форматы жоқ. Әрбір өңір осы бағыттағы жұмыстың сапасын арттыру бойынша өздігінен ізденуде;

- АТЖ барысында негізінен ұйымдасқан жастарды (студенттерді, оқушыларды) қамтуға акцент қойылған. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған, әсіресе ССО мен базарларда еңбек ететін тұрғындардың, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс жасайтын адамдардың арасында сапалы АТЖ өткізу бойынша проблемалық жағдайлар орын алады;

- фокус-топтарға қатысқан респонденттердің едәуір бөлігі «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның негізгі ережелері туралы хабарсыз екендігін әлеуметтік зерттеудің нәтижелері айқын көрсетті;

Осы орайда, дін саласындағы АТЖ-ны ұйымдастырудың ерекшеліктеріне кешенді талдау негізінде туындаған төмендегідей ұсыныстар мен ұсынымдарды назарға алу қажет.

---

37 Тұрғындар арасында адресстік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

## 1.1-бөлім «Дін саласындағы өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметтерін талдау» бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар

1) АТЖ-ның тақырыптары мен бағыттарын тиімді жүзеге асыру мақсатында іс-шаралардың реттілігі нақты белгіленген, сондай-ақ сапалы мәтіндер мен кейстер, әңгімелер мен мысалдар қамтылған концептуалды сызбанұсқа әзірлеп, қолданысқа енгізу қажет. Аталған бастама, біріншіден, қазіргі замаңғы сын-қатерлерді ескеріп, тұрғындар үшін қызықты және түсінікті болатын АТЖ-ның біртұтас идеологиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, АТЖ-ның ең таңдаулы нарративтері жастар мен адрестік топтардың ортасында эмоционалды және интеллектуалды қызығушылық оятады, олардың келешектегі өзіндік ізденістеріне түрткі болады.

2) АТТ-ның жұмыс жоспарларын әзірлеу кезінде ҚР АҚДМ ДІК жолдаған ұсынымдарды толыққанды орындау. Осыған орай, жұмыс жоспарларына келесідей өзгерістер енгізу ұсынылады:

а) білімі мен біліктілігі жоғары жауапты мамандарды дәріс оқу бағыттары бойынша алдын ала бекіту үшін іс-шаралардың тақырыптарын нақтылау;

б) АТТ-ның жұмысынан жоғары нәтиже алу үшін іс-шаралардың саны, топтардың тәуекелділік деңгейлері және бір кездесуде қамтылатын халықтың саны бойынша үйлесімді ортақ өлшемдерді анықтап, тиімді қолдану;

с) қоғамдағы ұйымдаспаған ортада, әсіресе жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар арасында жүргізілетін іс-шараларды АТЖ-ның жоспарларында нақты көрсету;

д) өңірлік АТТ-ның жоспарларына интернет кеңістігінде жұмыс жүргізу бойынша арнайы тармақтарды енгізу;

3) Интернет кеңістігінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Ұсынымдарды әзірлеу жұмысына блогерлер, журналистер және SMM-мамандар тартылуы тиіс. Ақпараттық технология құралдарын білікті және кәсіби қолдануды үйрену аудиториясы шексіз саналатын әлеуметтік желелердегі АТЖ-ның аясын кеңейтіп, сапасын артыратын болады. Әсіресе, дәстүрлі әдістермен қамтылуы қиын есептелетін ұйымдаспаған топтарға (жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және т.б.) әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері арқылы ықпал ету өзектілігі артып отыр. Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану тұрғындармен жан-жақты және белсенді диалог жүргізуге жаңа мүмкіндіктерді ашатыны сөзсіз.

4) ДМЗО және КАҚТЖДО мекемелерінің штаттық құрамына интернет-платформаларда АТЖ бойынша жауапты мамандарды (мысалы, SMM-мамандарды) қызметке алу. Осы шешім арқылы ДМЗО мен КАҚТЖДО-ның ресми сайттарында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында АТЖ бойынша арнайы материалдарды кәсіби түрде жариялауға жағдай жасалады, АТТ мүшелерінің жеке аккаунттарын тұрғындармен диалог жүргізу платформасына айналдыруға мүмкіндік береді.

5) Әлеуметтік желілерде заманауи және қоғамдық сұранысқа сәйкес келетін контент пен форматтарды қолдану. Осы бағыттағы ең қолайлы форматы – фото/бейнематериалдар, ықшам посттар, демотиваторлар, иллюстрацияланған суреттер (флаер, буклет), әлеуметтік роликтер. Осы форматтарды тиімді қолдану АТЖ-ның онлайн-платформаларда, яғни әлеуметтік желілерде, сервистарда, форумдарда, видеохостингтарда сапасын арттыруға септігін тигізеді.

## 1.2-бөлім «Адрестік топтармен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы» бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар

1) Адрестік топтардың тәуекелділік деңгейін анықтау бойынша ҚР АҚДМ ДІК ұсынған бірыңғай критерийлерді сақтау. Тиісті талаптар тұрақты орындалған жағдайда АТЖ-ның іс-шараларын жоспарлау механизмінде ортақ ұстаным қалыптасып, адрестік топтармен жұмыс жүргізу бойынша тиімді алгоритм құруға негіз болады.

2) Орта білім беру мекемелерінде АТЖ өткізетін уақытта аудиторияны жас ерекшеліктері бойынша жіктеу, соған сәйкес әдістер мен тақырыптарды нақтылау, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарымен мақсатты жұмыс жүргізу. Аталған тәжірибе ШҚО мектептерінде тиімді қолданылады. Атап айтқанда, АТЖ-ның тақырыптары мен әдістері жас бойынша үш топқа бейімделген: а) 1-5 сынып оқушылары; б) 6-8 сынып оқушылары; в) 9-11 сынып оқушылары.

3) *Квазимемлекеттік сектор және жеке меншік кәсіпорындарының қызметкерлері мен жұмысшыларын (базарларда, сауда үйлерінде, шағын және орта бизнесте, өзін-өзі қамтығандар арасында) адрестік іс-шаралармен қамту жұмысын күшейту.* Бұл жұмыс адрестік топтардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қазіргі әлемдік және отандық діни ахуалдан хабардар болуға және жалпы мәдени көзқарасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

4) *Адамдар көп шоғырланатын орындарда, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында АТЖ-ны тиімді ұйымдастыру жүйесін енгізу.* Қазіргі таңда осы бағытта жиі қолданылатын әдістер: қысқаша және түсінікті тілмен жазылған, сондай-ақ АТТ мүшелерінің байланыс деректері көрсетіліп, тартымды дайындалған үнпарақтар мен шағын бүктемелерді үлестіру.

5) *Вахталық әдіспен жасайтын азаматтардың жұмыс кестесін және қызығушылықтарын ескере отырып, олардың арасында АТЖ бойынша мақсатты іс-шараларды өткізу.* Вахталық жұмысшылар ұзақ мерзім бірге өмір сүріп, жұмыстан бос уақытында білімін жетілдіруге және ішкі рухани сұраныстарын толықтыруға мүмкіндік болмауына байланысты, оларды сапалы АТЖ-мен қамтудың маңыздылығы жоғары.

### **1.3-бөлім «Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі туралы тұрғындардың ақпараттану деңгейі» бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар**

1) *АТЖ-ның іс-шараларымен қамтылуы тиіс ұйымдар мен мекемелердің тізімін кеңейту.* Респонденттер тарапынан барлық әлеуметтік топтарды, әрбір қоғам мүшесін ақпараттық-түсіндіру жұмысымен қамту қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

2) *АТТ мүшелерінің жеке аккаунтары арқылы ақпараттық белсенділігін арттыру және тұлғалық имидж қалыптастыру бойынша жұмыстарды ілгерілету.* ДІБ және ДМЗО мекемелерінің ресми сайттарына тұрғындар көп кірмейтін болғандықтан АТТ мүшелерінің жеке парақшалары көп жағдайда кері байланыстың негізгі арнасына айналады, сол жерде дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәселелері қызу талқыланады.

3) *Қазақстан Республикасындағы дін саласына қатысты заңнамалық ережелер бойынша тұрғындарды жан-жақты ақпараттандыру мәселесіне ерекше назар аудару қажет, өйткені аталған тақырыпты дұрыс жеткізу осы саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға үлкен көмегін тигізеді.*

4) *Тұрғындар арасындағы өткізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысына тың және өзекті тақырыптарды енгізу.* Респонденттер тарапынан патриотизм, отбасылық құндылықтар, ерте жастан отбасы құру, соның ішінде шариғат бойынша неке қию жағдайы, суицид мәселесі сияқты тақырыптарды енгізу, яғни іс-шаралардың тақырыптарын аудиторияны толғандыратын сұрақтармен өзектендіру ұсынылды.



## ТАРАУ ІІ.

### ДІН САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

#### 2.1 Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің дайындық деңгейі

Дін саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша АТЖ-ның міндеттерін, орны мен маңызын ескере отырып, АТТ мүшелерінің кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерін арттыру сұрақтары әрдайым өзекті болып тұратыны анық. Осы орайда, 2018 жылы ҚР АҚДМ ДІК тарапынан дін саласы бойынша АТТ мүшелерінің білімі мен дағдыларын анықтауға арналған Біліктілік талаптары әзірленді.<sup>38</sup>

**АТТ мүшелерінің дін саласы бойынша білімі мен дағдыларын анықтау мақсатында ДІК ұсынған біліктілік талаптары**

АТТ мүшесіне қойылатын талаптар кәсіби біліммен қатар, өзекті саналатын жеке тұлғалық құзыреттерді қамтиды, соның ішінде жоғары деңгейлі талдау мен коммуникативтік қабілеттердің болуы, ақпараттық-коммуникациялық дағдылардың қалыптасуы, психологиялық әдістер мен тренинг техникаларын пайдалана білуі сияқты талаптар үлкен маңызға ие болып отыр.

Ең алдымен АТТ құрамына мақсатты топтармен адрестік жұмыс жүргізе білетін теологтар мен дінтанушыларды шақыру ұсынылған. Сондай-ақ, АТЖ-ның кешенді міндеттерін тиімді жүзеге асыру мақсатында жергілікті ғылыми-эксперттік қауымдастықтың өкілдерін, қажет жағдайларда ҚМДБ мен ОПШ-ның дін қызметшілерін, орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін, діни мәселелермен айналысатын қоғамдық бірлестіктер мен этномәдени ұйымдарының өкілдерін, қоғамдағы көшбасшыларды және білікті заңгерлерді қызметке тарту жолдарын қарастыру қажет.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерді тиімді орындау үшін АТТ-ның мүшелерін біліктіліктері бойынша келесідей тақырыптарға сәйкес бағыттау ұсынылды:

- 1) Дін сферасындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру;
- 2) Қазақстандық қоғамның рухани-тәрбиелік құндылықтарын насихаттау;
- 3) Діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы;
- 4) Белгіленген орталарда, яғни «тәуекелді топтар» арасында адрестік жұмыстар ұйымдастыру.

Аталған ұстаным АТТ-ның әрбір мүшесінің кәсіби білімін мақсатты бағыттауға және адрестік топтармен жұмыс барысында әлеуетін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы айтқанда, АТТ мүшелерінен қоғамдық жұмыста көшбасшылық қабілеттері мен патриоттық сезімдерін көрсету, мемлекет және өңірлік деңгейде кәсіби маман ретінде өзін таныту талап етіледі.

Формализмге жол бермеу принципі АТТ-ның құрамына үміткерлерді таңдаудың негізгі ұстанымы болып жарияланды.

**Өңірлер бойынша АТТ-ның сапалық құрамдарының ерекшеліктерін және тиімділікті арттыруға тиісетін әсерін талдау**

2019 жылғы АТТ-ның құрамына жасалған талдау нәтижелері өңірлік арнайы топтардың құрамы ҚР АҚДМ ДІК ұсыныстарына сәйкес жасақталғанын көрсетті.<sup>39</sup>

<sup>38</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

<sup>39</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

## 7 кесте

Өңірлік АТТ-ның сандық және сапалық құрамы<sup>40</sup>

(2019ж., өңірлер бойынша)

№	Теологтар	Дінтанушылар	ҚМДБ имамдары	Өзге конфессиялардың өкілдері	Ғылыми сарапшылар	Қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени орталықтар	ДІБ және бағынысты мекемелердің қызметкерлері	ҚҚО қызметкерлері	БАҚ өкілдері	АТТ мүшелерінің жалпы саны
Нұр-Сұлтан	10	4	10	8	1	7	-	-	2	42
Алматы	8	10	8	1	26	2	4	1	1	61
Шымкент	2	1	2	-	-	1	9	-	-	15
Алматы облысы	-	47	48	22	3	58	132 (23)	32	23	365
Ақтөбе облысы	17	7	55	5	3	74	56 (21)	9	11	240
Ақмола облысы	5	40	24	16	16	31	72(14)	5	6	215
Атырау облысы	11	2	-	-	5	29	31(12)	-	2	80
БҚО	23	2	20	2	4	30	30 (11)	4	7	122
Жамбыл облысы	3	46	27	-	-	4	33(17)	1	4	118
ШҚО	15	15	-	21	6	31	68(19)	7	2	165
Қарағанды облысы	33	5	3	11	17	40	38(11)	3	3	173
Қостанай облысы	4	23	24	9	6	23	49 (6)	-	-	138
Қызылорда облысы	10	9	33	-	20	50	28(7)	11	8	169
Маңғыстау облысы	4	4	-	15	-	8	28	4	-	63
Павлодар облысы	1	29	11	18	-	7	12(4)	4	-	82
СҚО	6	2	-	-	3	40	32(4)	6	3	92
Түркістан облысы	12	15	57	-	3	61	73(18)	22	11	254
Барлығы	164	261	42	128	112	498	695 (178)	109	84	2 393

<sup>40</sup> ДІК-нің 2019 жылғы деректері.

Ұсынылған кестенің деректеріне, эксперттік сұхбаттардың нәтижелеріне және өңірлердің есептік ақпараттарына жасалған талдау бойынша АТТ құрамын жасақтау барысында келесідей жағдайлар әсер ететіні анықталды:

*1. Өңірлік АТТ-ның сапалық құрамы жергілікті діни ахуалдың ағымдағы жағдайымен, игерілген жұмыс әдістемесімен, сондай-ақ қолда бар ресурстық потенциалдың мүмкіндіктерімен анықталады.*

Жекелеген өңірлер қазақстандық қоғамның зайырлы және құқықтық негіздерін нығайту, сондай-ақ діндарлар мен «пассивті діндарлық» позициясында жүрген адамдар арасында діни сауаттылықты арттыру сияқты міндеттерді негізгі жұмыс бағыты ретінде айқындап отыр.

Одан бөлек, қазақ ұлтының саны басым болып келетін Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Түркістан облыстарында АТТ құрамына теологтарды, дәстүрлі діндердің өкілдерін (ҚМДБ, ОПШ), сондай-ақ қоғам қайраткерлері мен ЖАО қызметкерлерін кіргізуге ерекше мән беріледі.

Қарағанды облысының Жезқазған қаласында АТЖ-ның профилактикалық іс-шаралары шеңберінде дәстүрлі құндылықтарды, қазақ тарихы мен мәдениетін насихаттау жағына көңіл бөлінеді. Осыған байланысты АТТ-ның құрамына мәдениет пен білім саласының зиялы қауым өкілдері, қоғамдық көшбасшылар шақырылады – еңбек ардагерлері, журналистер Одағының мүшелері (З.Чумакова), «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің мамандары (Б. Мусабеков), «Жұмадағы жүздесу» бағдарламасының жүргізушісі, ЖОО оқытушылары (Ж. Тусупбеков, М. Фатеева). Жезқазған қаласының арнайы топ болып жасақталған егде жастағы әйелдері қала тұрғындары көп жиналатын демалыс орындарында қазақтың салт-дәстүрлері («Тұсау кесу» және т.б.) бойынша көріністер қойып, жергілікті жастарды барынша қамтуға тырысады.

Қарағанды облысында 2020 жылы SMM-мамандарын қызметке алып, олардың көмегімен интернет желілердегі басылымдардың оқылымын және бейнероликтердің көрсетілімін арттыру, тұрғындардың категорияларына сәйкес ақпараттық ілгерілету әдістерін (таргетинг) енгізу жоспарланды.

Атырау облысында ДДА идеологиясына қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында профилактикалық жұмыстар кешенді мәдени іс-шаралар өткізу арқылы жүзеге асырылады. АТЖ-нің дәріскерлері ретінде беделді еңбек ардагерлері мен құрметті өңір тұрғындары (С.Сапанов – педагог, Ғ.Қайыржанов – Ауған соғысының ардагері), бизнесмендер және т.б. танымал тұлғалар шақырылады. Ғылым және мәдениет қайраткерлері (Қ.Мухаметсерікұлы, Е.Құрманбаев және т.б.), «Жусан» операциясы аясында елге қайтарылған азаматтар (П.Еркинбай, А.Тергеусизова және т.б.) АТТ құрамының 30% астамын құрап отыр. Дін саласының өзекті мәселелерін талқылау мақсатында ЖАО қызметкерлерінің, дінтанушы, теолог және мәдениеттанушы мамандардың қатысуымен «Қазақстан-Атырау» радиосында әр апта сайын тікелей эфирде «Жұмадағы тілдесу» бағдарламасы шығарылады. М. Өтемісұлы атындағы драма театрында діни экстремизм мен терроризмнің ықпалына түсу трагедиясы туралы баяндайтын «Хақ жолы» атты спектакль тұрақты қойылып келеді.<sup>41</sup>

Маңғыстау облысында қоғамның, әсіресе жастардың назарын өзекті заманауи құндылықтарға аудару АТЖ-ның негізгі мақсаты болып белгіленген. Өңірдің географиялық жағынан оқшау орналасуына орай көптеген заманауи трендтер тұрғындардың өмірінде көрініс таба бермеуі мүмкін. Осы жағдайды ДІБ мамандары және АТТ мүшелері назарға алып, өңір тұрғындарының, әсіресе жастардың қызығушылықтарына сәйкес келетін құндылықтар туралы айтылады, спорттық және музыкалық іс-шаралар, байқаулар мен флэшмобтар өткізу мақсат етіледі. Мәселен, АТТ мүшелерімен іс-шараларға өңірде танымал тұлғалар, яғни спортшылар (Қайран Жеңіс – әлем чемпионы), беделді азаматтар, жазушылар, бизнесмендер, волонтер жастар арнайы шақырылады.

Ақтөбе облысында АТТ құрамына дін саласының кәсіби мамандарын қызметке тарту және оларды жамағат арасында танымал ету бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде (Т. Талдыбаев – республикаға танымал теолог, Н. Ырзақов – психолог, К. Дарменов – облыстық мешіттің наиб-имамы және т.б.).

Осы орайда, өңірлік АТТ-ның ағымдағы сапалық құрамы діни ахуалдың жағдайымен, қолданыстағы әдістеменің ерекшеліктерімен, ресурстық потенциалдың мүмкіндіктерімен анықталып, дін саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға бағытталып жатқанын атап кету қажет.

*2. Қолданыстағы ДІК-нің Ұсынымдарына сәйкес, сондай-ақ дін саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша төмендеу динамикасы байқалмауына байланысты, АТТ құрамына құқық қорғау органдарының*

41 Карашулаков Ж. Діни ахуалды тұрақтандыру бойынша атқарушы биліктің рөлі. Дінтанулық зерттеулер: мақалалар жинағы. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2014. 40 б.

қызметкерлері мен білікті заңгерлерді міндетті түрде енгізу қажет. Аталған мамандар Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының негізгі ережелері және өзге нормативтік-құқықтық актілер туралы кәсіби және дәлелді тұрғыдан ақпараттандыратын болады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 490-бабы бойынша орын алатын құқық бұзушылықтар факторларына жасалған талдау нәтижелері бойынша заң бұзу жағдайына апаратын негізгі себептерге оның нормалары мен талаптарын білмеу болып табылады.<sup>42</sup> Алайда, ҚР ӘҚБтК-ның 490-бабы бойынша құқық бұзушылықтар артып отырған өңірлерге жатқызылса да, Атырау, Жамбыл және Қостанай облыстарында 2019 жылы жасақталған өңірлік АТТ-ның құрамына сол мәселелермен тікелей айналысатын құқық қорғау органдарының өкілдері енгізілмеген (8 кесте). Әрине, өңірлік АТТ құрамында осы мәселе жөнінде хабардар ДІБ-нің мамандары жұмыс жүргізеді. Дегенмен, әкімшілік құқық бұзушылықтар саласында кәсіби жұмыс жүргізетін полиция қызметкерлерін АТТ құрамына тарту мәселесі шешімін таппай келеді.

2020 жылы құқық қорғау органдарының қызметкерлері Нұр-Сұлтан қаласының (3 адам), ШҚО (7 адам), Атырау облысының (ҚҚО-ның 2 ардагері) АТТ құрамына кіргізілді.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс жүргізу тәжірибесі ШҚО аумағында тиімді жүргізіледі. Іс-шаралар барысында спикерлердің бірі ретінде ҚҚО қызметкері қатысып, қызмет барысында анықталған мысалдар (кейстер) негізінде заңнамалық нормаларды түсіндіреді және оларды бұзған жағдайдағы санкциялар туралы түсіндіру жұмыстарын өткізеді. Соның нәтижесінде өңірдегі құқық бұзушылықтар саны айтарлықтай төмендегенін атауға болады.

## 8 кесте

### ҚР ӘҚБтК-нің 490-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар<sup>43</sup>

(2018 ж., 2019 ж., 2020 жылдың 1 жартыжылдығы, өңірлер бойынша)

Р/сс	Облыстар мен қалалар атаулары	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж. 1 жарты жылдығы
1	Нұр-Сұлтан	17	16	7
2	Алматы	5	10	4
3	Шымкент	0	0	0
4	Ақмола облысы	4	0	1
5	Алматы облысы	1	1	5
6	Ақтөбе облысы	1	9	18
7	Атырау облысы	30	13	22
8	ШҚО	12	2	1
9	Жамбыл облысы	8	19	8
10	БҚО	0	4	13
11	Маңғыстау облысы	5	3	0
12	Қарағанды облысы	12	43	9
13	Қостанай облысы	4	1	6
14	Қызылорда облысы	0	4	0
15	Павлодар облысы	2	0	4
16	СҚО	10	13	5
17	Түркістан облысы	2	8	2
Барлығы:		113	146	105

42 «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев Орталығы» КеАҚ әзірлеген «Дін саласындағы құқық қолдану практикасының мәселелері мен оны жетілдіру жолдары» тақырыбындағы талдамалық есеп, 2020 ж.

43 ДІК-нің 2018 -2020 жылдар бойынша ұсынған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы деректері

### 3. АТТ-ның құрамына БАҚ өкілдерін, кәсіби журналисттерді және блогерлерді қосу.


Қазіргі таңда радикалды және деструктивті діни ұйымдардың мақсатты және жаппай ақпараттық шабуылдарының нәтижесінде ой-сананың радикалдануы жүргізілуде. Осыған орай, дүниетанымдық тосқауыл қоюға бағытталған ақпараттық жұмыс жүргізу ерекше маңызға ие болып отыр. Сол себепті, АТЖ-ның іс-шараларына БАҚ саласының білікті өкілдерін тарту ұсынылған болатын.

Жалпы алғанда, эксперттік сұхбаттарға жүргізілген талдау нәтижелері барлық өңірлерде БАҚ арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін көрсетті. Алайда, жоғарыдағы 7 кестеде көрсетілгендей, Шымкент қаласының, Павлодар, Қостанай және Маңғыстау облыстарының 2019 жылғы АТТ құрамындарына БАҚ өкілдері енгізілмегенін атап кету қажет. Нәтижесінде, Қостанай облысын қоспағанда, аталған өңірлерде басылымдар саны көп жарық көрмегенін байқауға болады (6 график).<sup>44</sup> Өңірлердің басым көпшілігінде БАҚ саласының тек аздаған мамандары ғана (1-3 аралығында) енгізілген. Мәселен, 2020 жылы АТТ құрамына Нұр-Сұлтан қаласында – 2 маман, Атырау облысында – 2 маман, ШҚО – 2 маман кірді.

## 6 График

### БАҚ арқылы шыққан материалдар саны

(теледидар, радио, интернет-ресурстар, баспа өнімдері) (2019 жыл, өңірлер бойынша)



<sup>44</sup> Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ДІБ-ның 2019 жылғы есептері (Дін істері комитетінің жинақ есебі).

Бүгінгі таңда интернет кеңістіктегі діни бірлестіктер тарапынан қызмет белсенділігі күшейгені баршаға мәлім. Мысалы, «еліміздегі «Новая жизнь» діни бірлестігі көп жылдар бойы ғаламдық желілерде жүйелі түрде өз жұмысын жүргізіп келеді. Атап айтқанда, 2000 жылы Алматы қаласында құрылған «CNL – бірінші христиандық телеканал» алғашқы жылдары кабельдік желілерде көрсетіліп, 2002 жылы спутниктік көрсетілімге ауысқан болатын. Бүгінгі таңда телеканал 105 елге таратылып, аптасына 7 рет және 24 сағат бойы жұмыс жасайды, қамту аймағы жер бетінің 20% құрады. Facebook әлеуметтік желісіндегі CNL каналының аккаунты әрбір үш сағат сайын кемінде 1 рет жаңартылып отырады».<sup>45</sup>

Осы ретте, БАҚ арқылы жоспарланатын АТЖ-ны әлемдегі озық тәжірибелердің негізінде кешенді түрде ұйымдастырып, әсіресе интернет ресурстарының мүмкіндіктерін ұтымды қолдану қажет. Сол себепті аталған бағытта жұмыс атқаратын мамандар аудиторияның жас ерекшеліктеріне сәйкес сұраныстарын, ақпарат қабылдаудың психологиялық ерекшеліктерін, заманауи әдістерді тиімді пайдалану жолдарын ескеріп, жан-жақты жұмыс жүргізулері керек деген ұсыныс туындады.

#### 4. АТЖ-ның құрамына дәстүрлі діндердің өкілдерін қосу.

АТЖ-ның келесі аспектілері жекелеген өңірлік АТЖ құрамына ҚМДБ имамдарын енгізумен байланысты. 2019 жылы Ақтөбе облысы АТЖ құрамына 55 (23%) имам, Алматы облысында – 48 (13%) имам, Ақмола облысында – 24 (11%), Қызылорда облысында – 33 (20%), Түркістан облысында – 57 (22%), Нұр-Сұлтан қ. – 14 имам (23%) енгізілген. АТЖ құрамына ҚМДБ имамдары ШҚО, СҚО, Атырау, Маңғыстау облыстарында енгізілмеген.

2020 жылы ШҚО, Атырау облыстарының АТЖ құрамына имамдар кірмеген, Нұр-Сұлтан қаласында 4 имам енгізілді.

Дін істері комитеті әзірлеген Ұсынымдарда түсіндіру шараларын өткізу барысында дәстүрлі діндердің өкілдері қоғамда толеранттылық пен конфессияаралық келісім принциптерін ілгерілетіп, ДДА идеологиясының теологиялық тұрғыдан қателіктерін және олардың радикалды табиғатын ашып көрсетулері қажет.<sup>46</sup> Осы ретте имамдар тарапынан аталған тақырыптар қаншалықты толық айтылатыны, АТЖ-ның іс-шараларына олар қаншалықты белсенді қатысатыны жайлы талдау өткізген жөн. ҚМДБ имамдары онсыз да өздерінің дәстүрлі аудиториясымен (жамағатпен) жұмыс жүргізеді. Көп жағдайда ҚМДБ өкілдеріне зайырлы аудиториямен тиімді жұмыс жүргізу өте қиын, өйткені басым көпшілігінде зайырлы білім жоқ, олар лингвистикалық жағынан күрделі терминдер қолданады және орыс тілін игермеген.<sup>47</sup>

2019 жылғы облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының есептеріне сәйкес, кейбір өңірлерде имамдардың қатысуымен АТЖ мүлдем өткізілмейді (Шымкент қ.) немесе олар көп қатыстырылмайды (Түркістан облысы – 16 іс-шара). Алайда, 2019 жылғы АТЖ құрамына Түркістан облысында 57 имам, Шымкент қаласында 2 имам кіргізілгенін атап кетуге болады.

Тұрғындармен өткізілетін жалпы профилактикалық іс-шараларға белсенді түрде негізінен теолог мамандар қатысады. ШҚО сарапшысының пікірінше,<sup>48</sup> теологтар және имамдармен бірлесе жұмыс жүргізудің өзіндік қиындықтары бар, себебі олар негізінен ислам жайлы білімдерін айтуға бағдарланған, заңнаманы терең білмейді, зайырлылық нормаларды дін тұрғысынан талдайды, заңнамалар мен Конституция аясындағы тақырыптарды талқылау кезінде қатыспауға тырысады. АТЖ жұмысына имамдарды шамадан тыс қатыстыру бір жағынан қоғамды исламдандыруға, екінші жағынан ислам нормалары мен имамдардың күрделі түсіндірмесін қабылдау қиындығына орай, «діни көзқараста құбылмалы жүрген» қазақтардың жаңа христиандық ағымдарға ауысып кетуіне ықпал етуі мүмкін. Бұл жерде имамдардың ең бастысы жоғары білімі мен ақпаратты түсінікті жеткізе білетінін көрсете білу, азаматтар алдында ұнамды және беделді бейнесін қалыптастыру мәселесі тұр деп айтуға болады.

Сондықтан да ҚМДБ азаматтық қоғамның субъектісі ретінде имамдардың әлеуметтік-мәдениеттік, коммуникативтік, жеке тұлғалық құзыреттіліктерін арттыру жағына ерекше көңіл бөліп, олардың діни

45 Гайко О.А. Қазақстандағы жаңа діни ағымдардың прозелитистік әрекеттерінің негізгі формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 149 б.

46 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

47 Бишманов К. Алматылық тұрғындар қаладағы діншілдіктің өсуіне наразы - зерттеу. 18.04.2017ж. <https://365info.kz/2017/04/almatintsy-ne-dovolny-rostom-religioznosti-v-gorode-issledovanie> (қаралған күні: 29.07. 2020 ж.)

48 Эксперттік сұхбаттар материалдары, 2020 ж.



құндылықтардың рухани әлеуетін дұрыс ашуына, уақыт талабына сәйкес рухани бірегейлік қалыптастыра білуіне, келешекте қазақстандық қоғамның интеллектуалды элита қатарына толыққанды қосылуына жағдай жасауы қажет.

Сонымен бірге, сарапшылардың пікірінше, теологтарды радикалды тұлғалармен өткізілетін арнайы (адрестік) және жеке (пенитенциарлы) профилактикаға білікті психолог маман жұмыс жүргізген соң ғана кіргізу керек.

Жалпы профилактикалық іс-шараларға теологтармен бірге тарихшыларды көбірек тарту қажет, өйткені тарихшылар теологтарға қарағанда исламды өзге қырынан, яғни қазақ қоғамының исламды қабылдау процесін, қазақ қоғамы мен мемлекеттілігі қалыптасуындағы исламның орнын, ислам мен қазақ дәстүрлерінің ұштасуын, псевдосалафиттік идеология таралуының тарихи себептерін және т.б. мәселелерді көрсете алады.

«Терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» ҚҚ директоры К. Бишмановтың пікірінше, теологтар мен діни бірлестіктердің өкілдерін дінді енді ұстана бастаған, діни көзқарасын әлі нақты анықталмаған немесе дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалына осал болып келетін адамдармен адрестік профилактика өткізу үшін ғана тарту керек».<sup>49</sup>

Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері, саяси ғылымдардың кандидаты Б. Шерияздановтың ойы бойынша, имамдарды студенттік аудиториямен өтетін кездесулерге абайлап және іріктеп қатыстыру керек.<sup>50</sup>

ДІК тарапынан АТТ құрамына орыс православ шіркеуінің өкілдерін енгізу ұсынысы айтылған болатын. Бірқатар өңірлерде (СҚО, Түркістан, Жамбыл облыстары, Алматы және Шымкент қалалары) АТТ-ның құрамына орыс православ шіркеуінің өкілдері енгізілмеген. Аталған өңірлерде әртүрлі неопротестанттық діни ұйымдар тұрғындарды, соның ішінде дәстүрлі христиан діні өкілдерін де өз қатарларына тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде.

5. АТТ-ның құрамын өңірдегі тұрғындардың мәдени-тілдік ерекшеліктері бойынша жасақтау. Қазіргі заманғы діни ұйымдар белсенді прозелитизм процесінде әр түрлі формалар мен әдістерді пайдаланады. Олардың тәжірибелерін түбегейлі зерттеп, жұмыс барысына тиімді пайдалану қажеттілігі бар. Мысалы, дінге сенушілердің мәдени-тілдік ықыластарын ескеру әдісін ерекше атуға болады.

Осы принцип негізінде АТТ мүшелерінің құрамы өңірдегі тұрғындардың этникалық, тілдік және діни ерекшеліктеріне сәйкес жасақталуы керек. Жалпы алғанда, сарапшылар орыс тілді имамдар мен теологтардың тапшылығы туралы айтады.<sup>51</sup> Мысалы, Қазақстанның батыс өңірлерінде дінге сенушілер, соның ішінде «Жусан» операциясы нәтижесінде елге оралғандар көп болуына байланысты орыс тілінде еркін сөйлейтін білікті теологтар керек, сондай-ақ христиандық бағыттар бойынша жұмыс жүргізе алатын теолог мамандарға қажеттілік бар.<sup>52</sup>

БҚО-да 70-тен астам діни ұйымдар, соның ішінде православие, католицизм, протестантизм, буддизм және т.б. бағыттардың өкілдері өз қызметтерін жүргізіп келеді.<sup>53</sup> Барлық ДБ өкілдері өз діни көзқарасын насихаттауды, жаңа ерушілер тартуды мақсат етеді. Соған қарамастан БҚО аумағында жұмыс жасайтын АТТ-ның құрамына исламдық емес конфессияның 2 өкілі ғана енгізілген. Осы орайда, АТТ мүшелері протестанттық немесе өзге бағыттағы идеологиялық көзқарастарға қаншалықты сауатты және кәсіби тұрғыдан жауап бере алады деген сұрақ туындайды.

6. АТТ-ның құрамында мемлекеттік қызметкерлердің басым болуы (ДІБ қызметкерлері, аудан әкімдерінің орынбасарлары және т.б.). Мысалы, 2019 жылы мемлекеттік қызметкерлердің үлесі Алматы облысында – 36%, Атырау облысында – 38%, Ақтөбе облысында – 23%, ШҚО – 41%. Сондай-ақ, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының АТТ құрамында ЖАО өкілдері болмаған.

2020 жылы ШҚО бойынша АТТ құрамындағы мемлекеттік қызметкерлердің – 87 адам (43%), Атырау облысында – 5 (6%), Нұр-Сұлтан қаласында – 1 адам (3%).

49 Бишманов К. Алматылық тұрғындар қаладағы діншілдіктің өсуіне наразы - зерттеу. 18.04.2017ж. <https://365info.kz/2017/04/almatintsy-ne-dovolny-rostom-religioznosti-v-gorode-issledovanie> (қаралған күні: 20.07. 2020 ж.)

50 Шериязданов Б. Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары. <https://kazislam.kz/informatsionno-razyasnitelnaya-rabot/>

51 Эксперттік сұхбаттар материалдары, 2020 ж.

52 БҚО бойынша АТТ қызметінің 2019 жылғы есебі.

53 [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31284292](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31284292) (қаралған күні: 26.07.2020 ж.)

Атырау облысындағы АТТ жұмысына жасалған талдау нәтижелері бойынша АТЖ-ның іс-шараларына мемлекеттік қызметкерлер көп қатыспайтыны анықталды. Мысалы, 2019 жылдың 3 тоқсанында өткізілген деректерге сәйкес, Атырау облысында 140 іс-шара жүргізілген және оның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен 16 (12%) іс-шара өткізілді.<sup>54</sup> Осыған шамалас жағдай - Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелеріне де қатысты, олар тоқсанына 1 іс-шара өткізіп отырады.

7. Өңірлерде АТТ мүшелерінің санын анықтау бойынша бірыңғай әдістеменің болмауы. Қазіргі таңда әрбір өңір АТТ құрамындағы мүшелердің санын өздері анықтайды. АТТ-ның 2019 жылғы сандық құрамында өңірлік тұрғыдан қарағанда келесідей диспропорциялар орын алады: Алматы облысы – 365 мүше, Ақтөбе облысы – 240 мүше, Түркістан облысы – 254 мүше, Атырау облысы – 80 мүше, Шымкент қаласы – 15 мүше.

Егер аудандар деңгейіндегі шаралардың басым көпшілігін республикалық және облыстық АТТ мүшелері өткізетінін ескеретін болсақ, АТТ мүшелерінің көп болу көрсеткіші қаншалықты тиімді (олардың басым бөлігі аудандық АТТ мүшелері болып табылады).

## 7 График

### АТТ мүшелерінің және өткізілген іс-шаралардың саны<sup>55</sup>

(2019 ж., өңірлер бойынша)



Кесте бойынша АТТ мүшелерінің саны мен өткізілген іс-шаралар арасында ортақ корреляция байқалады, орта есеппен АТТ-ның әр мүшесіне бір жылда 10-20 шарадан келеді. Алматы қаласында оқу орындары, мешіттер, сауда үйлері, базарлар көп болуына байланысты АТТ мүшесіне ең көп іс-шара (орта есеппен 1 мүшеге 50 іс-шарадан) өткізу жүктелетінін атап кету қажет.

<sup>54</sup> Атырау облысы бойынша 2019 жылдың шілде-қараша аралағында ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет.

<sup>55</sup> Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ДІБ-ның 2019 жылғы есептері (Дін істері комитетінің жинақ есебі).



Сонымен бірге, АТТ құрамында бір күнтізбелік жыл ішінде 2-3 іс-шара ғана өткізген мүшелердің болуы назар аудартады. Мәселен, Ақтөбе облысының сарапшысының айтуынша кейбір аудандарда АТТ құрамында 18-20 мүшесі болғанымен, олардың көбісі АТЖ іс-шараларына қатыспаған. Алайда, 2019 жылдан іс-шараларға қатыспайтын адамдар АТТ құрамынан шығарылып, жағдай түбегейлі өзгере бастады. АТТ мүшелерінің аздаған іс-шараларға ғана қатысуы олардың бойында жүйелі білім мен аудиториямен жұмыс жүргізу дағдылары қалыптасуына әкелмейді. Осы орайда, іс-шараларға белсенді қатыспайтын мүшелерді аттестация өткізу кезінде АТТ құрамынан шығару қажет деп есептеледі.

Бұл әсіресе аудандық деңгейдегі АТТ үшін өзекті, себебі ол жерде білікті мамандардың жетіспеушілігінен тиісті білімдері аздау немесе осы салада жұмыс жасауға ниеттері аса байқалмайтын азаматтар жұмысқа тартылады (аудандық деңгейдегі АТТ құрамына негізінен аудан әкімінің орынбасарлары, «Нұр Отан» партиясы филиалдарының басшылығы, мектеп оқытушылары, кітапханашылар, аудандық ресурстық орталықтардың басшылары, медицина қызметкерлері, ауылдық мешіт имамдары кіргізілген).<sup>56</sup>

Сол себепті, АТЖ міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін АТТ мүшелерін таңдау барысында формалды ұстанымнан бас тартып, жауапкершілік таныту керек.

«Білім» оқыту орталығының директоры Р.С. Иржанов «біздің идеологиялық оппоненттеріміз өз жұмыстарына дарындылығы ерекше, басқаларды өз ырқына бағындыра білетін, әлеуметтік желілерде миллиондаған аудиторияның назарын өзіне аудара алатын немесе әрбір сөзін жеке тыңдарманға жеткізіп, стадионды толтыратын миссионерлерді қызметке тартады. Ал, бүгінгі күні біздің осындай мамандарымыз – «идеологиялық қарсыластың» уәждеріне лайықты жауап беретін контрпропаганда шеберлеріміз бар ма? Осыдан бұл салада басты әрекет етуші тұлға – жоғары білікті дәріскер-эксперт, яғни АТТ мүшесі екендігі айқын көрініс табады. Профилактика барысында әсер ету қажет етілетін нысанмен, яғни тұрғындармен тікелей байланысқа түсетін осы білікті маман. Дайындығы төмен АТТ-ның мүшесі тыңдаушылар арасында қажетсіз реакция тудыруы мүмкін, соның салдарынан тұрғындар тарапынан билікке және басқару органдарына деген сенімсіздік күшеюі ықтимал. Ал мемлекеттік органдардың беделін нығайту және тұрғындардың мемлекеттік билікке деген сенімін арттыру АТТ жұмысының маңызды міндеті болып келеді».<sup>57</sup>

## Өңірлік сарапшылардың АТТ мамандарының дайындық деңгейін бағалауы

Әлеуметтік зерттеулер аясында сарапшылар тарапынан АТТ мүшелерінің біліктілік деңгейлеріне баға берілді.<sup>58</sup> Олар АТТ мүшелерінің кәсіби және жеке басына қатысты құзыреттіліктерін анықтап алу мәселелері бірнеше жылдар бойы талқыланып келетінін және әлі күнге дейін толықтай шешімін таппағанын атады. Сондай-ақ, сарапшылардың пікірінше, 2019 жылдан бері АТТ мүшелері біліктіліктері едәуір артты, және бұл үрдісті, ең алдымен, ҚР АҚДМ ДІК нұсқаулығы негізінде өңірлік АТТ мүшелерін міндетті аттестациялау шешімімен, біліктілік арттыру бағытында «Дін саласы бойынша өңірлік АТТ мүшелерін даярлау және қайта даярлау» гранттық жобалардың жүзеге асырылуымен байланыстыруға болады. ШҚО сарапшысы АТТ мүшелерінің республикалық пулы жоғары деңгейде жасақталғанын ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, сарапшылар АТТ жұмысының сапасы мен деңгейін төмендететін келесі факторларды атайды:

- жалпы алғанда, облыстық АТТ мүшелерінің біліктіліктері жеткілікті деңгейде. Алайда, шалғай орналасқан немесе шағын қалалар мен аудандарда АТТ-ның сапасы едәуір төмен (Қостанай, Ақтөбе облыстарының, ШҚО, СҚО сарапшылары). Бұл, біріншіден, аудандық АТТ мүшелерінің бұл салада маман болмаумен байланысты. Екіншіден, аудандық АТТ мүшелері іс-шараларды аз өткізеді және бұл жағдай олардың дін саласына қатысты білімін жетілдіруге қызығушылығын төмендетеді (сарапшылардың айтуынша, олар негізінен облыстық/аудандық АТТ-ның тәжірибелі мүшелерінің дайын дәрістерін пайдаланады). Үшіншіден, негізгі жұмысынан босатылу қиын болғандықтан аудандық АТТ мүшелерінің

56 Эксперттік сұхбаттар материалдары, 2020 ж.

57 Иржанов Р. Діни-уәждемелі экстремизмнің профилактикасы барысында ақпараттық әсер етудің формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 143 б.

58 Эксперттік сұхбаттар материалдары, 2020 ж.

басым көпшілігі ұзақ мерзімді біліктілік арттыру курстарына бармайды, олар көбінесе аймақтық бір немесе екі күндік семинарларға қатысады. Сол себепті, олар АТЖ бойынша негізінен тек дәстүрлі форматтағы дәрістер өткізеді, интерактивті әдістер қолданылмайды (СҚО, ШҚО, Қостанай облысы). Төртіншіден, барлық аудандық АТТ мүшелеріне іс-шараларды өткізгені үшін тиісті деңгейде матери-алды ынталандыру жүргізілмейді немесе олардың ойынша іс-шараларға жұмсалатын уақытты өтеуге жеткіліксіз болып келеді.

Осыған орай, өңірлерде АТЖ іс-шараларын жүзеге асырудың негізгі жүгін облыстық/қалалық АТТ қызметкерлері көтереді. Жоғарыда аталған себептерге орай олар барлық өңірді максималды тұрғыда қамтуға тырысады, бұл олар атқаратын жұмыстардың көбеюіне әкеледі. Сарапшылардың айтуынша, АТТ мүшелеріне бірінен-бірі алшақ орналасқан ұйымдарда бір күннің ішінде 3 шараға дейін өткізуге тура келеді;

- *АТТ мүшелерін олардың кәсіби білімі мен біліктілігіне сәйкес келмейтін іс-шараларға қатыстыру.* ДІК жолдаған Ұсынымдарда АТТ мүшелерін тақырыптық бағыттар бойынша бөлу ұсынылған.<sup>59</sup> Алайда, өңірлерді негізгі бағыт бойынша мамандардың тапшылығына орай, АТТ мүшелері бірнеше бағытта жұмыс жүргізе береді. Сарапшылардың айтуынша, АТТ мүшелері қатысатын іс-шаралардың 40% жуығы жоспарда болмайды, сондай-ақ жоспарсыз жіберілген маман тікелей өзіне қатысы жоқ іс-шараға қатысып келуі мүмкін (Нұр-Сұлтан қаласы, Маңғыстау облысы);<sup>60</sup>

- *АТТ мүшелерінің коммуникативтік дағдыларының жеткіліксіз деңгейде болуы.* Кез келген маманның әртүрлі аудиториямен еркін жұмыс жүргізуге, өз ойларын вербалды және вербалды емес әдістер арқылы жеткізуге дайындығы бола бермейді;

- *АТТ құрамындағы кәсіби теолог мамандардың қатарын барынша көбейту мақсат етіледі.* Оның басты себептерінің бірі – Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның «2020 жылға дейін ақпараттық-түсіндіру топтарын теолог-мамандармен қамтамасыз етілу дәрежесін 80% дейін жеткізу» индикаторы бойынша белгіленген мақсатты орындау.<sup>61</sup>

АТТ-ның негізгі міндеті – тұрғындарға сауатты түрде дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, толерантты ой-сананы нығайту, радикалды ағымдар ықпалына қарсы иммунитет қалыптастыру. Осы ретте теологтар АТТ алдына қойылатын барлық міндеттер кешенін қаншалықты тиімді жүзеге асыруға қабілеті жеткілікті деген сұрақ туындайды. Әлеуметтік желілердегі теологтардың ой-пікірлеріне жүргізілген шағын талдау бойынша олардың ең алдымен исламды насихаттауға мақсатталатыны, сондай-ақ қарапайым адам түсіне бермейтін ислам терминологиясын қолданатыны анықталып отыр.

*Сонымен, ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің дайындық деңгейіне жасалған талдау бойынша келесідей ерекшеліктер анықталды.*

Өңірлердің басым көпшілігі АТТ-ның сапалық құрамын жасақтау бойынша ҚР АҚДМ ДІК Ұсынымдарын басшылыққа алады. Өңірлердегі АТТ құрамын сапалық және сандық тұрғыдан талдау негізінде келесідей тенденциялар айқындалды:

- жекелеген өңірлерде дінтанушылар немесе өзге мамандармен салыстырғанда теологтардың сан жағынан басымдығы байқалады. Бұл тенденция әсіресе Қазақстанның батыс және оңтүстік өңірлеріне тән. Мәселен, бұл ерекшелік келесідей өңірлердің пайыздары бойынша байқалады: БҚО – 16%, Алматы облысында – 13%, Ақтөбе облысында – 22%, Жамбыл облысында – 23%, Түркістан облысында – 22%, Қызылорда облысында – 20%, Қостанай облысында – 17%. Сондай-ақ, сарапшылар тарапынан АТТ құрамындағы орыс тілін меңгерген теологтар мен имамдардың тапшылығы туралы көп айтылады;

- өңірлік АТТ құрамдарында мемлекеттік қызметкерлер пайызының көптігі, кейбір өңірлерде олардың саны 40% дейін жетеді (ШҚО, СҚО, Алматы, Ақмола облыстары);

- христиандық бағыттар бойынша мамандардың жетіспеушілігі. Жалпы алғанда, олардың саны республика бойынша 7% аспайды;<sup>62</sup>

59 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

60 Эксперттік сұхбаттар материалдары, 2020 ж.

61 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000124>

62 «Парасат» КЭО 2018 жылдың қыркүйегінен қазанына дейінгі кезеңде АТТ мүшелерін дайындау және қайта дайындау курсының нәтижелері бойынша Қорытынды анықтамасы.

- бүгінгі таңда АТЖ-ның бағыттары бойынша кәсіби түрде тұрғындарды ақпараттандыру үшін БАҚ өкілдерінен, блогерлерден, қаламгерлерден тұратын өңірлік журналистік пулдар жасақталмаған. Жалпы, АТТ құрамына тартылған БАҚ өкілдерінің саны тек 3,5% құрайды;

- Өңірлердегі АТТ мүшелерінің санын анықтау бойынша, сонымен қатар, өңір тұрғындарының мәдени-тілдік талғамдары тұрғысынан АТТ құрамын ескерудің біркелкі тәсілінің болмауы;

- сарапшылар тарапынан республикалық және облыстық АТТ мүшелерінің сапалық құрамын күшейту, дәріскерлердің біліктілігін арттыру бойынша өзгерістерге оң баға берілуде, сондай-ақ аудандық АТТ мүшелерінің дайындық деңгейлерін арттыру қажеттілігі аталады;

- сарапшылар дәріскерлерді белгілі бір бағыттар сәйкес мамандандыру және сол бойынша іс-шараларға қатыстыру барысында ҚР АҚДМ ДІК Ұсынымдарын ұстану қажеттілігін ерекше атады.

## 2.2 Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметтік тиімділігін арттыру

АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру жұмысы дін саласындағы қызметтің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін арналған тиімді құралдардың бірі болып есептеледі. Сол себепті республикалық және өңірлік деңгейлерде оқыту курстары ұйымдастырылады, сондай-ақ АТТ мүшесі кәсіби және тұлғалық құзыреттілігін арттыру бағытындағы жеке ізденістері арқылы білімін шыңдайды.

Адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру бойынша ДІК-ның Әдістемелік ұсынымдарына сәйкес, АТТ мүшелерін оқыту және біліктілігін арттыру жұмысында негізгі ретінде келесідей принциптер белгіленді:<sup>63</sup>

1. Оқыту іс-шараларын жүйелік пен кезеңділік принциптері негізінде және бекітілген кестелерге сәйкес ұйымдастыру (кем дегенде жартыжылдықта 1 рет өткізу);

2. Оқытудың әртүрлі форматтары мен әдістерін пайдалану;

3. Оқу материалдарын қабылдауға оңай, түсінікті, тәжірибеде пайдалы болатындай әзірлеу, бөлінетін уақыт пен оқыту ұзақтығын тиімді жоспарлау;

4. Оқыту бағытында ұсынылған контент пен материалдарға сүйену;

5. АТЖ барлық бағыттары бойынша білікті мамандарды, сондай-ақ дін саласындағы мемлекеттік саясатты жергілікті деңгейде тікелей жүзеге асыруға жауапты мамандарды қатыстыру;

6. Оқыту мен біліктілік арттыру шараларын бірыңғай алгоритм бойынша ұйымдастыру (ДІБ ұсыныстары – ДІК-мен оқыту бойынша типтік бағдарламасын әзірлеу – ЖАО деңгейінде тиімді жүзеге асыру).

Өңірлік деңгейде оқыту мен біліктілік арттыру бойынша жауапты ұйым ретінде дін істері/ішкі саясат/қоғамдық даму басқармалары жанындағы ДМЗО мекемелерін бекіту қажет.

Осы ретте ҚР АҚДМ ДІК тарапынан АТТ мүшелерінің біліктіліктерін арттыру бойынша негізгі принциптер соңғы жылдары нақты айқындалып, солардың негізінде республикалық және өңірлік деңгейлерде біліктілік арттыру жүйесі күннен-күнге дамып келетіндігін ерекше атап кетуге болады.

## Біліктілік арттырудың республикалық деңгейі

2018-2019 жылдары ҰҚК Академиясы жанындағы Антитеррористтік орталығы базасында АТТ мүшелеріне арналған «Терроризм мен діни экстремизмнің профилактикасы барысында ақпараттық әсер ету технологиялары» тақырыбы бойынша біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылды. Нәтижесінде, 2018 жылы – 148 маман, 2019 жылы – 158 маман курстарға қатысып шыққан.<sup>64</sup>

Жалпы алғанда оқыту мерзімі 2 аптаны құрады. Курс теориялық және практикалық оқыту түрлеріне бөлінген. Негізінен ақпараттық әсер ету технологияларына, соның ішінде әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу, дәріскерлік шеберлікті арттыруға тақырыптары бойынша өткізілген (аудиторияға әсер ету шеберлігі, вербалды емес әдістерді, яғни мимиканы, дене қимылдарын, дауыс ырғағын ұтымды пайдалану және т.б.). Теориялық курс аяқталған соң, үйренген дағдыларды бекіту мақсатында тыңдаушылар эксперттік комиссияның қатысуымен АТЖ бойынша қала ұйымдарында практикалық сабақтар өткізді.

63 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К. Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

64 ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау туралы есебі.<http://knb.gov.kz/ru/article/otchet-o-realizacii-gosudarstvennoy-programmy-po-protivodeystviyu-religioznomu-1> (қаралған күні: 26.07.2020 ж..)

Барлық өңірлік сарапшылар ҰҚК Академиясы жанындағы Антитеррористтік орталығы базасында өткізілген курстардың ұйымдастыру деңгейін жоғары бағалады.<sup>65</sup> Атап айтқанда, сарапшылар келесідей артықшылықтарды атады:

- оқытушылардың, әсіресе дінтану, психология, ораторлық шеберлік, қазіргі заманғы әсер ету технологиялары бойынша дәріскерлердің жоғары кәсіби деңгейі;

- 2019 жылдан бастап қазақ тілінде оқыту курстардың енгізілуі тыңдаушылардың білім сапасы едәуір артуына әсер етті;

- қазіргі уақытта ҰҚК Академиясының антитеррористтік орталығы базасында өткізілетін курстарға ДІБ және оларға бағынысты коммуналдық мекемелердің қызметкерлері қатысады, ал олар өңірлердегі АТТ мүшелерінің жалпы санының тек 10% құрайды. Осы орайда, АТТ мүшелерінің басым көпшілігі аталған курстармен қамтылмай отыр. Мысалы, 2019 жылы ҰҚК Академиясының антитеррористтік орталығы базасында Батыс Қазақстан облысынан АТТ-ның 6 мүшесі оқыған. Олардың бәрі ДІБ, МБК қызметкерлері болып табылады.<sup>66</sup> Сондай-ақ, аталған курстарға бұрын қатысып келген мамандарды қайта жіберу жағдайлары орын алып келуде.

Осыған орай, сарапшылар тарапынан АТЖ-ның мемлекеттік маңыздылығын және ҰҚК Академиясының антитеррористтік орталығы базасында курстардың жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастырылуын ескере отырып, аталған курстарға келісім-шарт негізінде жұмыс жасайтын АТТ мүшелері қатысуына жағдай жасау ұсынылды. Қазіргі кезде аталған мәселе бойынша ұйымдастыру сипатындағы қиыншылықтар, яғни іс-сапар шығындарын қаржыландыру қажеттілігі, АТТ мүшелерінің негізгі жұмыс орындарынан босату кедергілері орын алуда.

Сонымен бірге, 2018 жылдан бастап ҚР АҚДМ қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ-тың мемлекеттік гранты аясында «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы іске асырылуда. Жобаның мақсаты – мақсатты топтар арасында өткізілетін АТЖ сапасын арттыру, профилактикалық жұмыстарға инновациялық әдістерді енгізу, дәріскерлерді оқыту арқылы АТТ мүшелерінің әлеуетін күшейту.

2018/2019 жылдары аталған әлеуметтік жобаны «Парасат» кеңес-әдістемелік орталығы (Өскемен қаласы) орындады. Орталық тарапынан әлеуметтік жобаны жүзеге асыру кезінде төмендегі негізгі міндеттер белгіленді:

1. тұрғындар арасында профилактикалық ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізу бойынша АТТ-ның кәсіби қызметтік бірыңғай әдіснамалық және әдістемелік стандартын құру;

2. кешенді, пәнаралық және конфессияаралық ұстанымдар негізінде барлық деңгейдегі АТТ мүшелерінен жоғары білікті дәріскерлер дайындау.

Осы орайда, «Парасат» орталығының қорытынды бағдарламалық есептерін, expertтік сұхбат материалдарын кешенді талдау негізінде «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру нәтижелеріне SWOT-талдау өткізілді.<sup>67</sup>

## 9 кесте

### «ПАРАСАТ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША SWOT-ТАЛДАУ («ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ТОПТАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫНЫҢ 2018-2019 ЖЫЛДАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ)

#### КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

Дін мәселелері бойынша АТТ мүшелерін даярлау және қайта даярлаудың Тұжырымдамасы әзірленді.

#### ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

Оқыту курстарына АТТ-ның 637 мүшесі қатысты, бұл еліміздегі АТТ мүшелерінің жалпы санының 26% ғана құрайды.

65 Expertтік сұхбаттар материалдары, 2020 ж

66 Батыс Қазақстан облысының 2018-2019 жылдар бойынша АТТ жұмысының есептері

67 «Парасат» орталығының қорытынды бағдарламалық есебі <https://www.cisc.kz> .(қаралған күні: 26.06. 2020 ж.)

Оқу бағдарламасы келесідей ұстанымдарға негізделді: АТТ мүшесінің құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыру; теория мен тәжірибені байланыстыру; АТЖ өткізу бойынша барлық тиімді әдістемелерді меңгеру; өңірлік ерекшеліктерді ескеру.	Мемлекеттік грант бойынша техникалық шарттарға сәйкес біліктілік арттыру курстары күнтізбелік жылдың наурыз-қараша айларының аралығында жүргізілді. Сол себепті, бір жылдық жүктеме 8 айда өткізіліп, желтоқсан-наурыз аралығындағы кезең жұмыс кестесіне кірмеді.
«АТТ мүшелеріне қатысты құзыреттіліктердің тізімі» әзірленді.	Шақырылған дәріскер-сарапшылардың курс барысында жинақтаған тәжірибелерін одан әрі тұрақты пысықтауға мүмкіндіктері жоқ.
4 модуль және 40 академиялық сағаттан тұратын оқу бағдарламасы әзірленді.	40 сағаттық бір курс орта есеппен 4 күн жүргізіліп, физикалық жағынан шыдамдылықты талап етеді, материалды толыққанды және сапалы игеруге кедергі келтіреді.
Ақпараттық-әдістемелік оқу құралы құрастырылып, 2 000 данасы үлестірілді.	Кейбір топтағы тыңдаушылар саны 75 адамға дейін жетіп, шағын топтарда өткізілетін практикалық дағдыларды игеруге кедергі келтірді.
«Парасат» орталығымен үш сатылық кіру рұқсаты енгізілген (барлық қолданушылар/авторизациядан өткен АТТ мүшелер/ сайт администраторлары), YouTube-каналына қосылған, сондай-ақ арнайы дәрістер, презентациялық және әдістемелік материалдар жүктелген <a href="http://www.irgcenter.kz">www.irgcenter.kz</a> сайты құрылды. 2019 жылдың соңғы ақпараты бойынша «Парасат» орталығының бейнеөнімдері осы интернет-ресурс арқылы 28 725 рет қаралған	YouTube каналына жүктелген бейне-дәрістердің көпшілігінде көрілімдер саны төмен. АТТ мүшесі И. Беркимбаеваның «Шешендік өнер. Топ алдында сөз сөйлеу дағдыларын әрі қарай жетілдіру» тақырыбындағы онлайн-дәрісі. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=4bAQOexjBvE">https://www.youtube.com/watch?v=4bAQOexjBvE</a> . Көрілімдер саны – 118. РАТТ мүшесі, сарапшы-теолог Т.Талдыбаевтың «Исламдағы такфир мәселесі» тақырыбындағы онлайн-дәрісі. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=HJoFACPiBmc">https://www.youtube.com/watch?v=HJoFACPiBmc</a> . Көрілімдер саны – 213. РАТТ мүшесі, сарапшы-теолог Р. Чингужановтың «Діннің адамға әсері. Радикалдану себептері» тақырыбындағы онлайн-дәрісі. <a href="https://www.youtube.com/channel/UCs2VK1uAYbd5vskukp-aMfA?view_as=subscriber">https://www.youtube.com/channel/UCs2VK1uAYbd5vskukp-aMfA?view_as=subscriber</a> Көрілімдер саны – 608
27 дәріскерден тұратын білікті оқытушылар құрамы шақырылды: РАТТ мүшелері, дәріскерлердің ғылыми дәрежесінің болуы – 100%.	Бастапқыда 27 дәріскер шақырылды. Қатысқан дәріскерлер саны – 19 (70%), соның ішінде белсенді (3 реттен артық) қатысқандар – 4.
Курс соңында тестілеу және практикалық тапсырма түріндегі міндетті қорытындылық аттестация өткізілді. Аттестациядан өтпеген тыңдаушыларды АТТ құрамынан шығару ұсынылады.	Курстарға арналып құрастырылған материалдар одан әрі өңірлік іс-шараларда қолданылмайды, себебі олар «Парасат» орталығының зияткерлік меншігі болып табылады.
АТТ мүшелеріне аттестация өткізуге арналған материалдар әзірленді (тесттер, кейстер).	Оқыту барысында біліктілік арттыру курсының тыңдаушыларымен артикуляция өткізілген жоқ.
Барлық деңгейдегі АТТ мүшелерінің бірыңғай электрондық базасы құрылды.	



5 номинация бойынша республикалық байқау өткізілді: үздік дәріскер, спикер және т.б. Байқауға қатысушылар YouTube каналына жүктеуге арналған бейнероликтер дайындады, эссе жазды, аудитория алдында ашық дәріс өткізді. Байқауға АТТ-ның 85 мүшесі іріктеліп қатыстырылды.

«Парасат» орталығы АТТ мүшелерін толыққанды қамту мақсатында өңірлерде арнайы көшпелі біліктілік арттыру курстарын ұйымдастырды.

#### МҮМКІНДІКТЕРІ

Әлеуметтік жобаны грант негізінде жүзеге асыру бәсекелестік ортаның қалыптасуына, соның нәтижесінде біліктілік арттыру курстарының сапалы ұйымдастырылуына ықпал етеді.

Азаматтық қоғамның дамуы.

Біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу кезінде бюрократиялық кедергілердің ықпалын азайту мүмкіндіктері.

#### ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Орындаушының өз ұстанымы мен түсінігі негізінде оқытуы кей кезде дін саласындағы АТЖ бойынша мемлекеттік саясаттың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмеуі мүмкін.

Орындаушының өзіне тиесілі мүмкіндіктер бойынша шектеулі болуы (оқытушылар құрамы, материалдық ресурстар бойынша).

Өзге Орындаушы әлеуметтік жобаны жеңіп алған жағдайда біліктілік арттыру курстары барысында мазмұндық жағынан жинақталған тәжірибе бойынша сабақтастықтың сақталмауы.

Жалпы алғанда, өңірлік сарапшылар тарапынан «Парасат» орталығы өткізген дін мәселелері бойынша АТТ мүшелерін даярлау және қайта даярлау курстарына оң баға берілді. Атап айтқанда, сарапшылар келесідей ұтымды жақтарға назар аударды:<sup>68</sup>

- АТЖ-ның жекелеген бағыттары бойынша дәрістер кәсіби тұрғыдан өте жоғары деңгейде өтті, оның ішінде интернет желілерінде жұмыс жүргізу (тартымды пост жариялау, тікелей эфирде сөйлеу техникасы және т.б.), ораторлық шеберлік, теология негіздері;

- христиандық бағыттар бойынша өзекті ақпарат ұсынылды (дәріскер О. Гайко). Сарапшылардың пікірінше, елімізде АТТ мүшелеріне арналған неохристиандық қозғалыстар туралы өзекті ақпараттың тапшылығы әрдайым байқалады;

- әр түрлі өңірлерден келген АТТ мүшелеріне өзара тәжірибе алмасуға жағдай жасалды;

- АТТ мүшесінің дағдыларының, білімінің, тәжірибесінің деңгейін анықтау мақсатында аттестация өткізілді;

- «Жалынды іскер жастар», «Креативті тұлға», «Парасатты тұлға» және т.б. номинациялар бойынша республикалық байқау өткізіліп, марапаттар берілді. Аталған шара АТЖ сапасын күшейтуге және АТТ мүшесінің беделін арттыруға өз үлесін тигізді. Көптеген өңірлер облыс аумағында осындай шаралар өткізуді жоспарлап отыр.

*Сонымен қатар, сарапшылар тарапынан біліктілік арттыру курстарын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар айтылды:*

- ақпараттық және әдістемелік материалдарды жүйелі түрде жаңартып отыру керек. Біліктілік арттырудың келесі кезеңіне өткен жағдайда көптеген оқыту материалдары жаңартылмағаны байқалады;

- тиімді талдау жүргізу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы курстарды енгізу. Бүгінгі күні ақпараттар легінің өсуі байқалуда, ал олармен жұмыс жасай білу – бұл жекелей құзыреттілікті талап етеді. Сарапшылар атап өткендей, АТТ мүшелерінің көпшілігінде талдау жұмысын жүргізу қабілеттері жеткіліксіз;

- мемлекеттік тілде берілетін сабақтар санын ұлғайту қажет;

- оқу бағдарламасына практикалық психология бойынша арнайы курс қосу керек;



- спикерлерді одан да қатаң таңдау арқылы өткізіп, талаптарды күшейту қажет. Кейбір спикерлер тақырыптарын терең білмеген немесе АТЖ барысында тиімсіз материалдарды ұсынды;

- біліктілік арттыру курстарына қатысатын мамандарды ротациялау. Кейбір өңірлерден біліктілік арттыру курстарына АТТ-ның белгілі бір мүшелері, негізінен ДІБ мен ДМЗО қызметкерлері ғана жіберіліп отырады;

- АТТ мүшелерін біліктілік арттыру шараларымен қамту деңгейін арттыру. Біліктілік арттыру курстарына қатысушылардың саны өңірлер бойынша әр түрлі болып келеді. Мәселен, егер ШҚО-да АТТ мүшелерінің 44% қатысқан болса, БҚО мен Ақтөбе облысында тек 13% қамтылған.<sup>69</sup>

2020 жылдың наурызынан бастап «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасын «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қорының мамандары іске асырып келеді.

Аталған қоғамдық қоры биылғы жылы екі әдістемелік оқу құралын әзірлеуді, АТТ мүшелеріне тарату мақсатында дәрістер контентін (17 дәріс) дайындауды, «Antiterr» YouTube каналына жүктеуге арналған 5 бейнедәріс түсіруді, сондай-ақ көшпелі оқыту курстарын өткізуді жоспарлады.<sup>70</sup>

Оқыту шараларын 2020 жылдың 8 айында (наурыз-қазан) өткізу көзделіп отыр. Біліктілік арттыру курстарымен әр өңірден кем дегенде 70 АТТ мүшесі қамтылады.<sup>71</sup> Қазіргі таңда аталған әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. СҚО, Қостанай және Қарағанды облыстарының АТТ мүшелеріне арналған курстар ұйымдастырылды (22, 24, 26 маусым күндері). АТТ-ның мүшелері үлестірмелі материалдармен қамтамасыз етіліп, оқыту курстары Zoom платформасы арқылы жүргізілді.<sup>72</sup>

Жалпы алғанда, грант иеленуші ұйымдардың («Парасат» КӨО, «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» ҚҚ) қолжетімді құжаттарын, сондай-ақ expertтік сұхбат материалдарын талдау нәтижелері бойынша «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру жұмыстарының күшті және әлісіз жақтары айқындалып отыр.

Соларды ескере отырып, республикалық деңгейде қалыптасқан біліктілік арттыру жүйесіндегі кейбір ұстанымдарды өзгерту ұсынылады. Біріншіден, біліктілік арттыру шараларына қойылатын міндеттер ұзақ мерзімдік сипатта болып, сабақтастық сақталуы қажет. Ол үшін ұзақ мерзім бойы грант негізіндегі әлеуметтік жобаның бір орындаушысы болғаны абзал. Екіншіден, спикерлер ретінде РАТТ мүшелерін, танымал ғалымдарды, тренинг өткізу және әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу бойынша мол тәжірибесі бар мамандарды шақыру. Үшіншіден, оқыту курстарымен АТТ-ның барлық мүшелерін қамту. Біліктілік арттыру курстарын ұйымдастырушылар әрдайым заманауи және өзекті ақпараттық контент әзірлеп, оларды жұмыс барысында тиімді пайдалану үшін курстарға қатысқан АТТ мүшелеріне үлестірулері қажет.

### Біліктілік арттырудың өңірлік деңгейі

Өңірлік ДМЗО сияқты мекемелердің базаларында АТТ мүшелеріне арналған біліктілік арттыру бойынша іс-шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылады. ҚР АҚДМ ДІК өңірлік ДІБ-дан жинақталған ұсыныстар мен ұсынымдар негізінде оқыту семинарлардың типтік бағдарламасын жыл сайын әзірлеп, оларды облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне жұмыста пайдалану үшін жолдайды.

Expertтік сұхбаттар барысында өңірлерде өткізілетін оқыту семинарларының кезеңдері әр түрлі болып келетіні анықталды. Сарапшылардың айтуынша, облыс деңгейінде жылына 2-5 рет біліктілік арттыруға бағытталған 2 күндік семинарлар өткізіліп, оған аудандық және қалалық АТТ мүшелері қатысады. БҚО жылына 5 семинар мен тренинг ұйымдастыратын болса, Қызылорда облысында тоқсан сайын өткізіледі, ал Маңғыстау облысында оқыту шаралары жылына 2 рет жүргізіледі.

69 «Парасат» орталығының қорытынды есебі <https://www.cisc.kz> (қаралған күні: 26.06.2020 ж.)

70 «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінің үкіметтік емес ұйымдар үшін жарияланған грант байқауына қатысу өтініші <https://www.cisc.kz> (қаралған күні: 21.06.2020ж.)

71 Сол жерде

72 <https://zanmedia.kz/42000/obuchayushhij-kurs-dlya-chlenov-informatsionno-razryasnitelnyh-grupp-po-voprosam-religij/> (қаралған күні: 06.08. 2020ж.)

Оқыту іс-шараларының мақсаты – АТТ мүшелерінің кәсіби сауаттылығын, АТЖ-ның профилактикалық және әдрестік бағыттары бойынша практикалық дағдыларын күшейту.

*Оқытудың негізгі бағыттары:*

- ДДА идеологиясы таралуының профилактикасы бойынша АТТ мүшелерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;

- жаңа әдістер мен жұмыс форматтарын қолдану. Мысалы, Маңғыстау облысында көршілес елдердің тәжірибелері зерттеліп келеді (Ресей, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан);

- аудиториямен жұмыс жүргізудің жаңа технологиялары мен әдістерін, ораторлық шеберлік дағдыларын игеру;

- өзекті ақпараттар жөнінде хабардар болу (заңнама саласы, дәстүрлі емес діни ағымдар, жаңа христиандық бірлестіктер бойынша);

- қазақ мәдениетіндегі дүниетанымдық құндылықтарымен терең танысу. Қарағанды облысында оларды өзекті мысалдар негізінде түсіндіру үшін «Рухани жаңғыру» орталығының қызметкерлері шақырылады;

- интернет-ресурстарда жұмыс жүргізу дағдыларын игеру, соның ішінде «Kazdream Technologies» компаниясы әзірлеген аналитикалық интернет картаның жұмысымен жақын танысу.

Курстар аяқталған соң, қорытынды тапсырмалар орындалып, аттестация өткізіледі және сертификаттар табысталады.

*Республикалық деңгейде АТТ мүшелерін даярлау және қайта даярлау тәжірибесін негізінде өңірлерде оқыту шараларын ұйымдастыру бойынша едәуір оң тәжірибесі жинақталып, оларды өткізу жүйесі жөнінде сарапшылар тарапынан келесідей баға берілді:*

- дәріскерлер мен жаттықтырушылар ретінде білікті дінтанушылар, теологтар, психологтар, әлеуметтанушылар, РАТТ мүшелері, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметкерлері, «Жусан» арнайы операциясына қатысқан мамандар, сотталушылармен жұмыс жасайтын мамандар шақырылады. 2019 жылы курстарға дәріскер ретінде РАТТ мүшелері Л.С.Шакимова (психолог), Р.С.Иржанов (саясаттанушы), Р.М.Сыздықов (теолог), А. Абдрасилова (дінтанушы), С. Муканова («Жусан» бағдарламасының психологы), Б. Отарбаева, О.А.Гайко, Г.Н. Новикова, Б.Р. Шериязданов, М. Мадиярова және т.б. білікті мамандар шақырылған. Сонымен бірге, 2020 жылы АИК, «Контр», «Кибернадзор» жүйелерінде жұмыс жүргізу бойынша біліктілік арттыру мақсатында «Kazdream Technologies» компаниясының өкілі дәрістер өткізген;

- оқыту семинарларында АТЖ-ның келесідей өзекті бағыттары қамтылғанын атауға болады: «Ораторлық өнер: мәдениет және технологиялар» (Қызылорда облысы), «Діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы бағытындағы әлеуметтік желілер мен өңірлік БАҚ-тың орны», «Деструктивтік діни ағымдардың өкілдерін реабилитациялау әдістері» (ШҚО), «Терроризм мен діни экстремизмнен сақтандыру шараларына ақпарат арқылы әсер ету технологиялары» (БҚО);

- аудандық АТТ мүшелерін толыққанды қамту және ресурстарды үнемдеу мақсатында оқыту шаралары көшпелі форматта өткізіледі. Мәселен, ШҚО бойынша 2019 жылдың 1-ші жартыжылдығына жоспарланған 12 оқыту іс-шаралардың 4-уі облыс орталығында (Өскемен қаласы) және аудан орталықтарында 8 семинар өткізілген;

- максималды тиімділікке қол жеткізу мақсатында ҚҚО, БАҚ қызметкерлеріне, имамдар мен теологтарға бөлек форматта арнайы оқыту топтары құрылады (БҚО, ШҚО, Ақмола облысы және т.б.);

- дін саласына қатысты заңнамаларда және құқық қолдану практикасында орын алған өзгертулер туралы АТТ мүшелерін ақпараттандыру бойынша шараларға құқық қорғау органы қызметкерлері шақырылады.

*Сарапшылар тарапынан оқыту шараларының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасалды:*

- уақыт пен бөлінетін қаражатты тиімді пайдалану мақсатында жарты күндік және бір күндік қысқа мерзімдік оқыту іс-шараларын өткізбеу;

- оқыту семинарларына интернет-технологиялар саласы бойынша мамандарды шақыру. Әлеуметтік желілердегі аккаунттарға жасалған талдау бойынша негізінен тұрғындарды өткізілген жұмыстар туралы ақпараттандыру жүргізілетіні, тек кейбір АТТ мүшелері ғана интерактивті форматында жұмыс атқарып, посттар жазатыны анықталды;

- семинар тақырыптары қайталанбай өткізуді қадағалау қажет. Тәжірибе алмасу үшін өзге өңірлердің АТТ мүшелерін шақыру;

- оқыту іс-шараларымен барлық АТТ мүшелерін, әсіресе шалғай аудандардың мамандарын қамту қажет. Мысалы, БҚО бойынша 2018 жылы біліктілік арттыру курстарымен өңірлік АТТ мүшелерінің 28% қамтылған.<sup>73</sup> Қостанай облысында 2019 жылы АТТ мүшелерінің 65% оқыту семинарларына қатысқан;<sup>74</sup>

- оқыту іс-шараларының форматтары мен әдістерін өзектендіру қажет. Шаралардың негізгі форматтары – интерактивті құралдармен қамтамасыз етілмеген дәстүрлі дәрістер мен кездесулер. Осыған орай, оқыту шаралардың форматы инновациялық интерактивті әдістердің қалыптасуына бағытталмаған.

**Жамбыл облысы Шу ауданындағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні оқытушылары мен АТТ мүшелеріне арналған оқыту семинарының скриншоты, 2019 жылдың 28-30 қазаны** <sup>75</sup>



### Мамандардың өзіндік ізденістер негізінде біліктілік арттыруы

Эксперттік сауалнама көрсеткендей, АТТ-ның белсенді мүшелері өз жұмысына қызығушылықпен қарайтын мамандар болғандықтан, олар кәсіби шеберліктерін шыңдауды мақсат етіп отырады. Бүгінгі таңда дінтанулық және құқықтық сауаттылықты, ораторлық шеберлікті арттыруға бағытталған көптеген бейнематериалдар интернет ресурстарда қолжетімді. Көптеген өңірлердің сарапшылары айтуынша, діни жағдайдың қарқынды өзгеруіне байланысты АТТ-ның көптеген мүшелері өз жұмысында жоғары тиімділікке қол жеткізу мақсатында іс-шаралар өткізу техникасы, риторика, ақпараттық сауаттылық бойынша бейнематериалдарды қарап, өздігінен білімдерін жетілдіруде.

Сарапшылар белсенді түрде «Kazislam» ақпараттық интернет-порталын пайдаланады, өйткені оның парақшаларында қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары, мемлекеттің конституциялық принциптері, деструктивті және радикалды діни ағым идеяларын әшкерелеу бойынша материалдар жарияланып тұрады. 2019 жылы «Kazislam.kz» порталы 4 мыңнан астам ақпараттық-талдамалы материалдар, электронды кітаптар, бейнематериалдар, инфографикалар және өзге де танымдық материалдар жариялады.<sup>76</sup> Ағымдағы жылдан бастап порталдың мобильдік қосымшасы жұмыс жасауда.

<sup>73</sup> Батыс Қазақстан облысының 2018-2019 жылдар бойынша АТТ жұмысының есептері.

<sup>74</sup> Қостанай облысының 2019 жыл бойынша дін саласында жүргізілген АТЖ туралы есебі

<sup>75</sup> dini.zhambyl.gov.kz/ru/proveden-obuchayushhij-seminar-dlya-dlya-uchitelej-predmeta-svetskost-i-osnovy-religiovedeniya-i-chlenov-informatsionno-razyasnitelnyh-grupp-v-sfere-religii/ (қаралған күні: 06.08.2020 ж.)

<sup>76</sup> ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау туралы есебі. <http://knb.gov.kz/ru/article/otchet-o-realizacii-gosudarstvennoy-programmy-po-protivodeystviyu-religioznomu-1>. (қаралған күні: 26.06.2020 ж.)

Мамандар тарапынан «KONTR» кітапханасы жүйесінің материалдары белсенді қолданылады. Бұл жүйеге Қазақстандағы ханафиттік мазхабтың даму тарихы, дәстүрлі қазақи құндылықтар және т.б. тақырыптар бойынша 960 ақпараттық материал жүктелген. Кітапхананың пайдаланушылары (72 тұтынушы жазылған) жүйеге рұқсат арқылы кіріп, өздері шығарған материалдарды таратуға және өзге өңірлік ДІБ жариялаған материалдарды пайдалануға мүмкіндік алады.<sup>77</sup>

Пандемияға қатысты шектеулер жағдайында Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде сарапшылардың қатысуымен АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыруға арналған онлайн-конференциялар өткізу белсенді жүргізіліп келеді.<sup>78</sup>

ШҚО-ның зерттеу орталығы кәсіби білімді жетілдіру бойынша қызығышулық тудыратын тәжірибені жүзеге асыруда. Мекеме қызметкерлеріне өзекті мәселелерді зерттеуге, білім жетілдіруге, дәріс контентін жаңартуға аптасына бір күн бөлінеді. Сарапшылардың пікірінше, аталған тәжірибе мамандарға қолдағы ақпараттарды жүйелеуге, өзекті мәліметтерді игеру арқылы кәсіби деңгейлерін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, АТТ мүшелердің ғылыми дәрежелері бар, кейбірі магистратура, аспирантура және докторантура да білім алуда.

**Ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімділігін анықтау индикаторлары. АТТ мүшелерін аттестациялау.**

АТЖ-ның тиімділігін бағалау – АТТ-ның жүргізген жұмыстарының сапасын анықтау және арнайы индикатор мен критерийлер арқылы ұсыну. Осы ретте, АТТ-ның жұмысын сандық көрсеткіштер бойынша анықтау тиімді бағалаудың индикаторы болып табылмайтынын түсіну маңызды, яғни іс-шаралар саны мен тұрғындарды қамту көрсеткіштері арқылы жұмыстың тиімділігін көрсету мүмкін емес.

ҚР АҚДМ ДІК әзірлеген Жол картасын жүзеге асыру аясында 2018 жылдан бастап біліктілік талаптарына сәйкесетіндігін анықтау мақсатында өңірлік АТТ мүшелерін аттестациядан өткізу ұсынылған болатын.

ДІК тарапынан АТТ мүшелері қызметінің қорытындыларын шығару (аттестациялау) бойынша арнайы алгоритм ұсынылды.<sup>79</sup>

Қорытынды келесідей критерийлер бойынша шығарылады:

- 1) өткізілген жалпы кездесулер, дәрістер және жеке кездесулер саны, кері байланыстын орнатылуы;
- 2) баспа және электрондық БАҚ беттеріне шығарылған басылымдар, сұхбаттар, комментарийлер саны;
- 3) жергілікті уәклетті органның ұсынымы;
- 4) АТТ жұмыстарының тиімділігін анықтау бойынша өткізілген экспресс-сауалнамалар мен анкеталардың қорытындылары;
- 5) АТТ іс-шарасы жүргізілген орындардан ұсынған пікірлер, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылардың берген бағасы.

Төмендегі параметрлер бойынша технологиялық бағалау картасы ұсынылды:

- кезеңділігі (жарты жылда 1 реттен артық өткізген жағдайда);
- жауапты мемлекеттік органды (ДІБ) және жұмысты бағалау бойынша топтың қатысушыларын анықтау (ДІБ, Терроризмге қарсы комиссиялардың отырыстары);
- өңірдің АТЖ бойынша келешек стратегиясын әзірлейтін органды анықтау (Терроризмге қарсы комиссиялардың отырысы), АТТ жұмысы бағалау бойынша операциялық деректер.

Қорытындылай келе, АТТ қызметінің тиімділігі жергілікті уәкілетті органдардың көмегімен Терроризмге қарсы комиссияның отырысында бағаланатын болады.

Бүгінгі күні өңірлерде АТТ мүшелері жүргізетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігін бағалаудың біршама тәжірибесі жинақталған. Сарапшылар тарапынан келесі индикаторлар аталады:

- АТЖ іс-шаралар өткізілген ұйымдардың пікірлерін талдау;
- іс-шаралар өткізілген мекемелерден одан әрі тұрақты қарым-қатынас орнату жөнінде келіп түскен ресми хаттар. Мысалы, 2019 жылы Маңғыстау облысы әкімдігіне «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚАЗГОС» және т.б. ұйымдардан іс-шараларды жалғастыру туралы ұсыныстар келген;

77 Сол жерде

78 Г. Раздыкова <https://www.facebook.com/100001176262793/posts/2971919356190577/?sfnsn=mo>,

79 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.



- әрбір іс-шара соңында қатысушылар толтырған сауалнамаларды талдау. СҚО, Маңғыстау облысында шараларды бағалау кезінде қойылатын сұрақтардың саны мен сапасына назар аударылады. Егер сұрақтар мен ұсыныстар болмаса, іс-шара «тиімсіз» өтті деп бағаланады. Сарапшылар шара соңында қойылып, қатысушылардың қызығушылығын тудыратынын сұрақтардың мысалдарын келтірді: «Осындай шараларды менің туыстарыма, достарыма келіп қатысуына бола ма?» «Осындай шараны тағы өткізе аласыз ба?» және т.б.;

- БАҚ-ғы жұмыстың сандық көрсеткіштері ескеріледі: жариялымдар саны, телебағдарламаларға қатысу, әлеуметтік желілердегі белсенділік, АТТ мүшесінің парақшасына тіркелген адамдар саны және т.с.с.

*Сарапшылар әділеттілік, жан-жақтылық, ыждағаттылық сияқты принциптерін жүзеге асыру үшін аттестацияға қосымша келесідей индикаторларды қосуды ұсынады:*

- АТТ мүшелеріне дәрістер, конспектілер, басылымдар, құрастырылған аудио/бейне және өзге материалдар енгізілген портфолио дайындау;

- өткізілген іс-шаралар санын тіркеп отыру, аталған ақпараттық жұмысқа қатыспайтын мамандарды АТТ құрамынан шығару;

- қосымша бонус ретінде АТТ мүшелерінің әлеуметтік желілерге шығарған басылымдарының санын енгізу;

- өңірлік ДМЗО мекемелерінің сайттарындағы «Пікір айту» бағанасында қалдырған тұрғындардың жазбаларын пайдалану (іс-шараларға қатысушылар сол жерде пікірлерін қалдыруға мүмкіндігі бар);

- АТТ мүшелерінің біліктілік арттыру курстары мен тағылымдамаларға қатысуына, сондай-ақ қосымша білім алуға (аспирантура, магистратурада оқуға) бағытталған қадамдарына назар аудару;

- әрбір іс-шара соңында өткізілетін сауалнамаға дәріскерді бағалау шкаласын енгізу. Бұл тәжірибе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында тиімді қолданылуда.

АТЖ тиімділігін бағалау жүйесін дұрыс ұйымдастыру АТТ мүшелерінің жұмыс сапасын тиімді арттыруға және оларды ынталандыруға арналған аса маңызды және қажетті құралға айналатыны сөзсіз.

Сонымен бірге, сарапшылар АТТ мүшелерін аттестация кезінде орын алатын және оңтайландыру қажет ететін бірқатар мәселелер атады:

- осы бағытта сұранысқа ие АТТ мүшелері, яғни аға буын өкілдері (ақсақалдар, еңбек ардагерлері, қыздар жамағатымен жұмыс жасайтын егде жастағы әйелдер) және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері аттестациядан өтпейді. Ал олар болса қоғамның жергілікті көшбасшылары болып саналады, қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрлерін және өзге де өзекті тақырыптарды жақсы біледі. Сарапшылар тарапынан осындай мамандардың тапшылығын атап кетті (Маңғыстау облысы);

- аттестация жұмысы жүйелі сипатқа ие емес. Эксперттік сұхбаттарды талдау нәтижесінде, аттестация жылына 1 рет өтеді. Алайда, Маңғыстау облысында 2019 жылы АТТ мүшелеріне аттестация өткізілмеген. Нұр-Сұлтан қаласындағы АТТ-ның мүшесі, орыс православ шіркеуінің өкілі жыл басында өткізілетін аттестация форматы мен сапасына қатысты сұрақтарға жауап бере алмады, яғни АТТ мүшесінің аттестация туралы хабарсыз болу жағдайы оның аттестацияға қатыспағандығын білдіріп отыр. Алайда, Нұр-Сұлтан қаласының өзге мамандары 2018 жылы 2-і кезеңнен тұратын ауқымды аттестация өткізілгенін және соның нәтижесі бойынша көптеген мүшелер АТТ құрамынан шығарылғандығын атап кетті;

- АТТ-ның кейбір мүшелері аттестация қай мекеме тарапынан өткізілгені туралы сұраққа жауап беруге қиналды. ҚР АҚДМ ДІК әзірлеген Ұсынымдарда АТТ қызметінің тиімділігін бағалауды уәкілетті органның көмегімен жергілікті Терроризмге қарсы комиссиялар жүргізуі керек деп көрсетілген. Сондай-ақ, кейбір өңірлердің сарапшылары айтуынша, оларға аттестация қабылдау шарасын дәріскер ретінде шақырылған РАТТ мүшелері жоспарлы оқыту семинардың соңында өткізілді;

- аттестацияның қорытынды нәтижелері мен қойылған бағалар бойынша мамандарды қаржылай марапаттауға негіз жоқ.

АТТ-ның сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі құрал болып есептелетін аттестацияның бағыт-бағдарын АТТ-ның мақсаты мен міндеттеріне сәйкестендіру маңызды болуда. Сонымен бірге, аттестация жұмысы ДІБ және ТҚК қызметкерлеріне, АТТ мен мүшелеріне қосымша жұмыс жүктейтін институтқа айналмауы керек.

Тиімді ұйымдастырылған аттестация келесідей мүмкіндіктер береді:

- жетілдіруді қажет ететін салаларды және ұйымдастыру жұмысының әлсіз тұстарын анықтау;
- жүзеге асыру барысындағы қатерлер-кедергілерді азайту;
- аттестацияланған әрбір маманның лауазымына сәйкестігін анықтау;
- АТТ мүшелеріне өткізілетін оқыту бағдарламалардың, семинарлардың және тренингтердің тиімділігін бағалау;
- кәсіпорын немесе мекеме басшысына аттестациядан өткен қызметкерлер бойынша тиісті қорытынды жасау (еңбек ақы көтеру/төмендету және т.б.);
- қызметкерді үнемі өз біліктілігін арттыруға ынталандыру.<sup>80</sup>

*Қорытындылай келе, мамандардың біліктілігін арттыру және АТТ-ның тиімділігін жетілдіру бағытына жасалған талдау келесідей ерекшеліктерді айқындағанын атауға болады:*

- республикалық деңгейде АТТ мүшелерінің біліктіліктерін арттыру шаралары «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ-тың мемлекеттік гранты аясында үкіметтік емес ұйымдармен «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы арқылы жүзеге асырылуда. Алайда, біліктілік арттыру жұмыстары әр жылдары өзге грант орындаушысымен жүзеге асырылуына орай, АТТ сапалық құрамын арттыру бойынша қойылған мақсат пен міндеттерге әрдайым қол жеткізу қиын екендігін атап кету қажет;
- өңірлік деңгейде де біліктілік арттыру іс-шаралы тұрақты өткізілуде. Алайда біліктілік арттыру шараларымен АТТ-ның барлық мамандары, әсіресе аудандық мүшелері толық қамтылмайды;
- АТТ мүшелерінің көпшілігі магистратура мен аспирантураға түсу, интернет-ресурстарда аудио/бейне материалдарды мақсатты түрде көру арқылы өздігінен біліктіліктерін арттыруда;
- 2018 жылдан бастап Жол картасының тармақтарын орындау мақсатында АТТ мүшелерінің аттестациясы енгізілді. Өңірлерде оны жүзеге асыру бойынша біршама тәжірибе жинақталған. Алайда, АТЖ-ның сапасын арттыру бойынша қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін аттестация өткізудің формасы мен әдістерін соған сәйкес оңтайландыру қажет. Себебі, аттестация процесі арқылы АТТ дәріскерлерінің кәсіби мамандарға айналуын қамтамасыз ету мақсаты үлкен маңызға ие болып отыр.

## **2.3 Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын талдау**

*2017-2020 жылдары республикалық деңгейінде жүргізілетін дін мәселелері бойынша АТТ-ның жұмысында қолдануға ұсынылған оқу-әдістемелік материалдарды талдау (ҚР АҚДМ ДІК-нің ашық деректері бойынша).*

Жалпы алғанда, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету ұғымына АТТ жұмысының тиімділігін жетілдіруге, соның ішінде дәріскерлердің біліктілігін арттыруға, олардың қызметіне ақпараттық және аналитикалық арнайы әдістемелермен көмек көрсетуге бағытталған құралдардың жиынтығы кіреді.

Ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету бағыты АТТ іс-шараларын жүзеге асыру барысында пайдаланатын баспа, аудио/бейне өнімдер жинағынан құралады.

Аналитикалық-әдістемелік қамтамасыз ету барысында БАҚ беттеріне мониторинг жүргізу, АТЖ бойынша қажетті аналитикалық және әдістемелік материалдарды құрастыру мен шығару жұмыстары жүргізіледі. Сарапшылардың пікірінше, өңірдің діни ерекшелігін ескеріп, әрбір адрестік топ үшін өзекті дәрістердің тақырыптарын таңдау мақсатында АТТ жұмыстары әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша жоспарлануы қажет.

Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша қайталану орын алмау үшін ҚР АҚДМ ДІК-мен келісілген ақпараттық-анықтамалық материалдарды шығару қажеттігі жөнінде арнайы Әдістемелік ұсынымдарда ескертілді. Өңірлердің өздері әзірлеген материалдар бойынша ҚР АҚДМ ДІК-нен келісім алу міндетті. Ұсынылатын материалдардың мазмұны түсінуге оңай және ұғынықты болуы шарт.<sup>81</sup>

ҚР АҚДМ ресми сайтында Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарының

<sup>80</sup> Қызметкерлерді бағалау орталығы <http://assessment-centre.ru/> (қаралған күні: 11.08. 2020 ж.)

<sup>81</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.



қорытынды ақпараттарына сәйкес, Министрлік тарапынан әртүрлі форматтағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, соның ішінде ақпараттық-әдістемелік қолдау бойынша тиісті іс-шаралар ұйымдастырылғаны көрсетілген.<sup>82</sup>

### Үлестірмелі материалдар

Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 160 мың данаға жуық үлестірмелі және әдістемелік материалдар шығарды (иллюстрацияланған бүктемелер, үнпарақтар, брошюралар, флаерлар, дискілер, баннерлер, стендтар және т.б.), оның ішінде атап өтетіндері «Тығырықтан шығу жолы бар!», «Бұны білген жөн! Интернет – арбаушылардың тұзағы», «Жалған діни ұйымдар: тарту әдістері», «Жалған діни ұйымдар: өз құқыңды білуге тиіссің», «Жалған діни ұйымдар: деструктивтік әсер ету белгілері», «Қазақстан Республикасындағы зайырлылық», «Жастарды діни культтар қатарына тартудың психологиялық әдістері», «Жастардың діни культтар қатарына қосылудың алдын алу бойынша педагогтарға арналған ұсынымдар», «Ислам туралы сенімді ақпарат тарататын интернет-ресурстар», «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет», «Шынайы жихад – өз кемшіліктерімен күресу», «Деструктивтік діни ағымдардың басты белгілері», «Деструктивтік діни ағымдар қызметінің негізгі әдістері», «Қазақстан Республикасында тыйым салынған террористтік және экстремисттік діни ұйымдардың тізімі».

Үлестірмелі материалдардың мазмұндары Тұжырымдаманың негізгі ережелерін түсіндіруге, мемлекеттің зайырлылығы принциптерін ілгерілетуге, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмысын нығайтуға бағытталған. Ақпараттық материалдар профилактикалық және контрпропагандалық іс-шаралар барысында кеңінен пайдаланылып, жалпы білім беру мекемелерінде, жоғары және арнайы орта оқу орындарында, сондай-ақ тұрғындар көп шоғарланатын орындарда таратылды.

ҚР АҚДМ-мен 2019 жылғы жоспарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар шеңберінде тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары, еліміздің өркениетаралық және дінаралық диалогқа қосқан үлестері және радикалды идеологияға қарсы атқарылған жұмыстары туралы маңызды әдебиеттерді шығару көзделген болатын. Осы орайда Республикалық бюджеттік комиссия қарауына бюджеттік қаржы бөлу жөнінде өтінімдерді екі мәрте жолданды. Алайда, Комиссия өтінімдер бойынша қаржы бөлуді рұқсат етпегендіктен, 2019 жылы Министрлік тарапынан ұсынылған қоғамдық маңызы бар арнайы әдебиеттер шығарылмады.

### Бейнематериалдар

Министрлік пен жергілікті атқарушы органдарының тапсырыстары негізінде дін саласындағы мемлекеттік саясат жөнінде ақпараттандыру мақсатында 1400 астам тақырыптық бейнематериалдар, соның ішінде қысқаметражды фильмдер, әлеуметтік бейнероликтер, бейнесюжеттер және т.б. өнімдер дайындалған. Атап айтқанда, қазақ тілінде «Бабалар рухы», «Қобыз және домбыра», «Не сұмдық?», «Отқа май құю», «Дін мен дәстүр», «Кәпір ұғымы», «Рухани қауіпсіздік», «Террористтік актілердің алдын алу», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» бейнеөнімдері шығарылса, орыс тілінде «Не доверяй», «Шаг в пропасть», «Джихад это борьба с собой», «Ловушка ДРТ», «Не поддавайся уловкам экстремистов» және т.б. тақырыптар бойынша материалдар дайындалған.

Республикалық және өңірлік телеарналарда, интернет-ресурстарында, танымал әлеуметтік желілерде және барлық өңірлік орталықтарда орналасқан ірі LED-экрандарда аталған бейнеөнімдердің көрсетілімі қамтамасыз етілді.

Қазіргі таңда ҚР АҚДМ-ның есептерінде көрсетілген кейбір материалдар, атап айтқанда «Не сұмдық?»<sup>83</sup>, «Бабалар рухы»<sup>84</sup>, «Қобыз және домбыра»<sup>85</sup>, «Отқа май құю»<sup>86</sup> тақырыбындағы бейнеөнімдер Adyrna Ulttyq Portaly атты Youtube-каналында көру үшін қолжетімді. Бейнероликтердің едәуір бөлігі Алматы қаласының Қоғамдық даму басқармасының тапсырысы бойынша дайындалғандықтан «Алматы дін» Youtube-каналына орналастырылған.<sup>87</sup>

82 <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/24370?lang=ru> (қаралған күні: 21.06.2020)

83 «Не сұмдық?» <https://www.youtube.com/watch?v=R7TEvjqTKj0> (қаралған күні: 25.06.2020ж.)

84 «Бабалар рухы» <https://www.youtube.com/watch?v=hSe3-ZProjI> (қаралған күні: 25.06.2020ж.)

85 «Қобыз және домбыра» <https://www.youtube.com/watch?v=kfXEzhu78FM> (қаралған күні: 25.06.2020ж.)

86 «Отқа май құю» <https://www.youtube.com/watch?v=krsZ9Fylw-o> (қаралған күні: 25.06.2020ж.)

87 «Алматы дін» каналы <https://www.youtube.com/channel/UCbg7PnQso5bqiHJ-9v3xHjQ> (қаралған күні: 25.06.2020ж.)

ҚР АҚДМ ақпаратына сәйкес, 2017 жылдан бастап ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайтуға, сондай-ақ Қазақстан халықтарының рухани-адамгершілік құндылықтарын насихаттауға бағытталған «Тюркские народы Казахстана», «Жіп», «Вкус родной земли», «Чуваши халқы», «Казахстан - моя вторая родина», «Ата кәсіп» атты телебағдарламалар шығарылды. 2018 жылдың 30 қарашасында Алматы қаласында «Қазақстанның түркі халықтары» циклы бойынша төрт деректі фильмдерінің тұсаукесері өтті: Берік Жақановтың «Аталар мұрасы», Надира Садуованың «Жіп», Камила Әбделдинованың «Түстің дәмі», Динара Манабаеваның «Чуваштар. Қазақстан – менің екінші отаным». Фильмдер Қазақстанды мекен ететін өзбек, татар, ұйғыр және чуваштар халықтарының өмірі мен мәдениеті жайлы баяндайды.<sup>88</sup>

Қазақфильмнің ресми сайтында [www.kazakhfilmstudios.kz](http://www.kazakhfilmstudios.kz) аталған деректі фильмдер туралы анықтамалық ақпараттар орналастырылған, алайда оларды тек ақылы түрде ғана көруге болады. Қазақфильмнің Facebook желісіндегі ресми парақшасында<sup>89</sup> және Ш.Айманов атындағы Қазақфильм киностудиясының Youtube каналында<sup>90</sup> «Қазақстанның түркі халықтары» циклындағы деректі фильмдер туралы ақпарат жоқ.

«Salem Short Films» YouTube каналына Динара Манабаеваның «Чуваштар. Қазақстан – менің екінші отаным» деректі фильмі бір жыл бұрын жүктеліп, осы уақытқа дейін 3977 рет қаралды және 25 комментарий жазылды.<sup>91</sup>

ҚР АҚДМ есептік ақпаратына сәйкес, «Елдегі жастардың экстремисттік және деструктивті діни ағымдардың ықпалына түсу мүмкіндігін азайту мақсатында экстремизмге қарсы жастар қозғалысын ұйымдастыру» жобасы аясында 2 әлеуметтік бейнебаян дайындалып, республикалық және өңірлік телеканалдарда, танымал әлеуметтік желілерде көрсетілді.

Қазіргі уақытта жобаны жүзеге асыру аясында ашылған «STOP EXTREMISM KZ» аккаунттары VK.com<sup>92</sup> және Facebook<sup>93</sup> әлеуметтік желілерінде қолжетімді. 3216 адам тіркелген VK.com аккаунтына 65 материал жүктелді. Сондай-ақ, сол аккаунттан «Қазақстан экстремизмге қарсы»/«Казахстан против экстремизма» тақырыбындағы әлеуметтік роликтерді және жобаның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейне-визиткасын көруге болады.

### Оқу-әдістемелік және ақпараттық материалдар

2018 жылдан бастап «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» жобасы шеңберінде түрлі деңгейдегі АТТ мүшелерін оқыту жұмыстары жүргізіліп келеді. Әлеуметтік жоба ҚР АҚДМ қолдауымен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ мекемесінің мемлекеттік гранты негізінде жүзеге асырылуда. 2018 және 2019 жылдары аталған жобаның жүзеге асырылуы аясында «Парасат» орталығымен (Өскемен қаласы) үш сатылық кіру рұқсаты енгізілген (барлық қолданушылар/авторизациядан өткен АТТ мүшелер/ сайт администраторлары), сондай-ақ YouTube-каналына қосылған [www.irgcenter.kz](http://www.irgcenter.kz) сайты құрылды. Сайтта дәрістер, презентациялық және әдістемелік материалдар жарияланған, олар көшіріп алу үшін қолжетімді. 2019 жылдың соңғы ақпараты бойынша «Парасат» орталығының бейнеөнімдері осы интернет-ресурс арқылы 28 725 рет қаралған.<sup>94</sup>

2020 жылы «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасын «Қазақстан Республикасындағы терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қоры (Алматы қаласы) жүзеге асыруда. Ұйымның сайтына АТТ мүшелеріне арналып мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген 3 әдістемелік оқу құралы – «Көпшілік алдында сөйлеудің негіздері (әдістемелік ұсынымдар)», «Дәрістер жинағы», «Мақсатты топтармен алдын алу және адрестік жұмыстар жүргізудің инновациялық

88 Алматыда Қазақстанның түркі халықтары туралы фильмдерінің көрсетілуі басталды. <https://ehonews.kz/v-almaty-sostoyalsya-pokaz-filmov-o-tyurkskih-narodah-kazahstana/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

89 <https://www.facebook.com/kazakhfilm/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

90 <https://www.youtube.com/user/kazakhfilmstudios/videos> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

91 <https://www.youtube.com/watch?v=98QVIQgSw4Y> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

92 STOP EXTREMISM KZ <https://vk.com/wall-187943037?own=1> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

93 [https://www.facebook.com/Stop-Extremism-Kz-104284027671918/about/?ref=page\\_internal](https://www.facebook.com/Stop-Extremism-Kz-104284027671918/about/?ref=page_internal) (қаралған күні: 21.06.2020ж)

94 [https://www.youtube.com/channel/UCs2VK1uAYbd5vskukp-aMfA?view\\_as=subscriber](https://www.youtube.com/channel/UCs2VK1uAYbd5vskukp-aMfA?view_as=subscriber) (қаралған күні: 21.06.2020ж)

әдістері»( әдістемелік құралы), және «Antiterr» Youtube каналы арқылы көруге болатын 5 бейнедәрістер жүктелген.<sup>95</sup>

Әдістемелік ұсынымдарға АТТ мүшелері мен жауапты мамандардың экстремизм профилактикасын жастар ортасында, ең алдымен колледждер мен жоғары оқу орны студенттер арасында өткізуге бағытталған практикалық жаттығулар, тренингтер жүргізу жоспарлары енгізілген. «Дәрістер жинағы» мазмұнына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің магистранттары мен докторанттары әзірлеген мақалалар енгізіліп, АТТ мүшелеріне қосымша материал ретінде ұсынылды.

Осы ретте ҚР АҚДМ-ның дін саласына қатысты өзекті сұрақтар бойынша «Сұрақ-Жауап» форматында тақырыптық жинақтар дайындау және шығару тәжірибесінің тиімділігін атап кетуге болады. Аталған жинақтар АТТ мүшелерімен ұйымдастырылған кездесулер барысында аудитория тарапынан қойылған сұрақтарды талдау негізінде құрастырылып, практик-мамандар тарапынан үлкен сұранысқа ие болған еді. Қазіргі уақытта «Сұрақ-Жауап» айдарын Қазақстанның барлығы дерлік діни конфессиялардың сайттарына мен ресми аккаунттарынан енгізілгенін көріп, аталған форматтың тиімділігін байқауға болады.

Сонымен бірге, 2019 жылы ҚР АҚДМ ДІК тарапынан «Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленіп, өңірлік дін істері басқармаларына және ведомстволық бағынышты дін мәселелерін зерттеу бойынша мамандандырылған орталықтарға жолданды.

Әдістемелік нұсқаулықтар дін мәселелері жөніндегі дайындықтан өткен АТТ мүшелеріне, мемлекеттік және құқық қорғау органы қызметкерлеріне, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша АТЖ іс-шараларына жұмылдырылған үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлеріне арналған. Әдістемелік ұсынымдарды дін мәселелері бойынша АТТ-ның мақсат пен міндеттері, оны құру және қызмет көрсету тәртібі, АТЖ басымды тақырыптары, қызмет тиімділігін бағалаудың мақсатты индикаторлар, есеп беру және жоспарлық мәліметтер формаларын ұсыну деректері келтірілген. Сонымен қатар, мақсатты топтар арасында адрестік жұмыстар жүргізу барысында орын алатын мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар берілген. Одан бөлек, дін мәселелері бойынша АТТ-ның оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеу және шығару бойынша кешенді ұстанымдар ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдардың авторлары пікірінше, дін мәселелері жөніндегі АТТ қызметі ақпараттық-түсіндіру сипатында өткізіліп, тұрғындарға дін саласында болып жатқан оқиғалар туралы объективті көзқарас қалыптастыруға бағытталған. АТЖ-ның тиімділігін арттыру мақсатында авторлар АТТ мүшелерін төрт тақырыптық бағытта бойынша бекітуді ұсынады:

1. дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру;
2. қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын насихаттау;
3. діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы;
4. нақты белгіленген «тәуекелді топтармен» адрестік жұмыстар ұйымдастыру.

Сонымен бірге, дін саласындағы АТЖ-ның арнайы бағыттары бойынша ақпараттандыруға болатын тақырыптары белгіленді. Мәселен, толеранттық пен конфессияаралық келісім, дәстүрлі конфессиялардың орны, мемлекеттің зайырлылық ұстанымының мәні, ұлттық және діни дәстүрлердің ұштасуы, діни көзқарастар негізінде отбасыны бұзуға жол бермеу, зайырлы мемлекеттегі әйелдің рөлі, ұлттық дәстүрлер, ақын, күйші және өзге өнер қайраткерлерінің ұлттық рухты қалыптастырудағы рөлі, діни наным-сенімге байланысты медициналық көмектен, соның ішінде балаларға екпе жасаудан бас тартуға жол берілмеу сияқты тақырыптар айқындалып отыр.

Өзекті сұрақтар қатарына білім мен дін мәселелері де енгізіліп, Қазақстандағы білім берудің зайырлылық және прогрессивтік сипаты, шет елдерде діни білім алу барысында деструктивтік діни идеология ықпалына түсу қаупі тақырыптары маңызды есептеледі, сондай-ақ исламтанушыларды даярлайтын 10 шетелдік теологиялық оқу орындарының тізімі ұсынылады.

Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері туралы ақпараттандыру кезінде АТТ мүшелерімен діни экстремизмнің кереғар табиғаты және оның әлеуметтік желілердегі көрінісі, джихад пен такфиризмге тән адасушылық туралы баяндалады.

---

95 «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зертеу орталығы» қоғамдық қоры <http://antiterr.kz/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

Әдістемелік ұсынымдардың практиктер үшін артықшылығы ретінде тұлғаның ДДА идеологиясының ықпалына түсу сипатына қарай адрестік мақсатты топтармен профилактикалық жұмыс жүргізудің нақты кезеңдері көрсетілгенін атауға болады.

Өңірлік деңгейінде жүргізілетін дін мәселелері бойынша АТТ-ның жұмысында қолдануға ұсынылған оқу-әдістемелік материалдарды талдау (өңірлік дін істері басқармалардың, дін мәселелерін зерттеу орталықтарының ашық деректері бойынша)

Өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жағдайына талдау жұмысы осы талдамалық баяндаманы жазу барысында қолжетімді болған ашық ақпараттар негізінде жүргізілді.

Интернет-ресурстарда тақырыптық медиа материалдар, әдістемелік ұсынымдар, оқу құралдары және жинақтардың жүктелуі, сондай-ақ мекеменің әлеуметтік желілерде белсенді аккаунт жұмысын жүргізуі мен өзіндері дайындаған ерекше контент (бейнедәрістер, бейнероликтер, мақалалар, аудио-жазбалар, мотиваторлар мен демотиваторлар) болуы бағаланады. Талдау нәтижесін 10-ші кестеден көруге болады.

## 10 кесте

### Өңірлік ДМЗО аккаунттары бойынша

ҚАЛА/ОБЛЫС	ОРТАЛЫҚТЫҢ САЙТЫ	БЕЙНЕРО-ЛИКТЕР	ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛ-ДАР	АТТ ҮШІН ӨЗДЕРІ ӘЗІРЛЕГЕН КОНТЕНТ	ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ АККАУНТТАР
Нұр-Сұлтан қ.	cipr.kz	+	-	+	+++
Ақмола обл	-	+	-	+	+
Ақтөбе обл	ansar-aktobe.kz	+	+	+	+++
Алматы қ.	reab.kz	+	-	-	-
Алматы обл	cipr-tld.kz	+	-	-	-
	crgre-tld.kz	+	+	+	-
Атырау обл	atr-ato.kz	+	-	+	++
	қол жетімсіз				
ШҚО	-	+	-	+	+
Жамбыл	-	+		+	+
БҚО	-	+		+	+
Қарағанды обл	dincentr-krk.kz	+	+	+	++
Қызылорда обл	-	-	-	-	-
Қостанай обл	-	+	-	+	++
Маңғыстау обл	-	+	-	+	++
Павлодар обл	carmo-pvl.kz	+	+	+	+++
СҚО	tsori.sko.gov.kz	+	-	+	+
Түркістан обл	centre-tur.kz	+	+	+	+++
Шымкент қ.	haqjoly.kz	+		+	+
	қол жетімсіз				

11 мамандандырылған дін мәселелерін зерттеу орталықтардың сайттары анықталды (қаралған уақытта 2 сайт жасамай тұрды). Ақпараттық және әдістемелік аудио/бейнематериалдар салынуы тұрақты. Барлық орталықтар Facebook, Instagram, YouTube сынды танымал әлеуметтік желілерде аккаунттарын ашқан. Ең көп сайт қолданушылары Ақтөбе («ansar\_akparat», «ansar media»), Батыс-Қазақстан («oral\_din»), Павлодар («carmo\_pvl») облыстарында және астанада («elorda\_cipr»). Алматы қаласы, Алматы және Атырау облыстарында белсенді жұмыс жүргізілуде, соның ішінде «Контртеррористтік

комитет» қоғамдық бірлестігі (Алматы)<sup>96</sup> мен ««Шапағат» деструктивтік діни ағымдар жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық қоры (Атырау)<sup>97</sup> әлеуметтік желілерде тұрақты түрде ақпараттық және әдістемелік медиа өнімдерді таратуда.

ҚР АҚДМ Дін істері комитеті әдістемелік құралдарды, үлестірмелі материалдарды, ұсынымдарды әзірлеу үшін коммуналдық мемлекеттік мекемелердің тиісті бағытта жұмыс жүргізетін мамандарын жұмылдыру қажет деп есептейді. Және құрастырылған материалдарды ҚР АҚДМ Дін істері комитетімен алдын ала келуі керек. Ұсынылатын құралдар ұғынықты және түсінікті түрде әзірленеді.

*ҚР АҚДМ ДІК сарапшылары материалдарды дайындау кезінде келесі мәселелерді назарда ұстау қажеттілігін ескертуде:*

- АТТ жұмысының барысында қажетті және танымдық әдебиеттер шығарылуын ұлғайту. Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастарға ғана қатысты мәселелермен шектелмеу;

- тұрғындардың көлемді шығармаларды қабылдауы қиын болуына орай, дәстүрлі дүниетанымды суреттейтін классикалық көркем шығармалардың үзінділерін жекелей жинақтар түрінде шығару (мысалы, «Абай жолы» романындағы Зере әже мен бала Абайдың диалогы) және оларды АТТ-ның үлестірмелі материалдар тізіміне қосу;

- жергілікті әкімшілік және қаржылық ресурстарды пайдалана отырып, қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның өзекті діни-әлеуметтік мәселелерін көркем түрде суреттейтін қойылымдар мен толық метражды фильмдер көрсету. ДІК қойылымдар мен кинофильмді көпшілікке кеңінен көрсетуді ұсынады, сондай-ақ құзыретті органдарға да осыны назарға алу қажет;

- тұрақты негізде барлық жоғарыда аталған басылымдарды интернет-ресурстарына орналастыру және көпшілікке, әсіресе жастар қауымына қолжетімді болуын қамтамасыз ету барлық мүмкіндіктерді пайдалану.<sup>98</sup>

Аталған ұсыныстарды ескере отырып, өңірлік дін мәселелерін зерттеу орталықтарының оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне SWOT-талдау өткізілді (11 кесте).

## 11 кесте

### ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІНЕ ЖАСАЛҒАН SWOT-ТАЛДАУ

#### КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

Дін саласындағы АТЖ-ның өзекті мәселелерінің басым көпшілігі бойынша оқу-әдістемелік құралдар құрастырылып, шығарылған

Дін мәселелері бойынша АТЖ-ның іс-шараларына оқу-әдістемелік құралдарды шығару үшін мемлекеттік тапсырыстар жарияланып, гранттық қолдаулар қарастырылған

Зардап шеккендерді/экстремисттік және террористтік ағым ерушілерін оңалту бойынша отандық практикалық тәжірибе жинақталды

#### ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

АТТ мүшелеріне арналған бірыңғай оқу-әдістемелік материалдар базасы жоқ

ДМЗО мамандарының біліктіліктері оқу-әдістемелік құралдарын құрастыру үшін жеткіліксіз болуы

ДМЗО ресми интернет-ресурстарында ескірген (өзге ақпарат көздерінен көшірілген материалдар) немесе техникалық және мазмұндық тұрғыдан толықтырулар мен түзетулерді талап ететін контент басым.

<sup>96</sup> <http://ctc-rk.kz/> (қаралған күні: 26.06.2020ж)

<sup>97</sup> <http://maturidi.kz/ru/> (қаралған күні: 26.06.2020ж)

<sup>98</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.



Ақпараттық-түсіндіру жұмысының негізгі бағыттары бойынша діни бірлестіктерден тәуелсіз және зайырлы көзқарастағы отандық сарапшылар пулы қалыптасты	Өңірлерде ҚР АҚДМ ДІК-нен келісім алмай оқу-әдістемелік материалдарды шығару фактілері кездесіп, түсініспеушілік тудыруы ықтимал ақпарат таратылуына әкелуі мүмкін (сондай бейнероликтер немесе флаерлер қоғам наразылығын тудырып, тиісті әсерін бермейді)
	ДМЗО тарапынан оқу-әдістемелік, ақпараттық материалдардың мазмұнында өңір үшін өзекті тақырыптарды жариялау бойынша диспропорция байқалады. Тыйым салынған шетелдік ұйымдар мен ағымдардың террористтік әрекеттері туралы шамадан тыс ақпарат беріліп, елімізде кездесетін христиандық, неоориенталисттік, «ню-эйдж» сияқты жаңа діни ағымдардың ерекшеліктері бойынша материалдардың аз ұсынылады немесе мүлдем болмайды
<b>МҮМКІНДІКТЕРІ</b>	<b>ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРІ</b>
АТТ үшін бірыңғай оқу-әдістемелік материалдардың базасын құру	Деструктивтік немесе заңға қайшы сипаттағы материалдардың таратылуы және әлеуметтік желі пайдаланушылары арасында үкіметке қарсы наразылық көңіл-күйдің қалыптасуы
Өңірлерде жергілікті сарапшылар қауымының қалыптасуы, блогерлер пайда болып, АТЖ-ның онлайн форматының дамуы (стримдер, тікелей эфирлер, конференциялар және т.с.с.)	Ақпараттық-түсіндіру жұмысының негізгі принциптері бұзылып, ақпарат таратудан жұмысынан діни немесе дінге қарсы насихат жолына түсу

*Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарын оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету жағдайын талдау келесідей ерекшеліктерді көрсетті:*

- Қазақстанда АТТ қызметінің бағыттары бойынша өзіндік практикалық тәжірибе жинақталды, аталған тәжірибе оқу-әдістемелік және ақпараттық-аналитикалық материалдардың мазмұнында көрініс тапты;

- оқу-әдістемелік құралдар әр түрлі форматта әзірленген және басып шығарылған, соның ішінде классикалық әдістемелік ұсынымдар және дәрістер жинағынан бастап үнпарақтар, флаерлер, деректі фильмдер, қойылымдар, спектакльдер, бейнероликтерге дейін ұсынылған;

- ҚР АҚДМ ДІК тарапынан ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін жүргізу үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және келісу бойынша нақты механизм енгізілді;

- ҚР АҚДМ ДІК тарапынан АТТ-ның мүшелерін оқу-әдістемелік құралдармен тұрақты қамтамасыз ету және арнайы гранттар негізінде біліктіліктерін арттыру бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастырылған.

*Сонымен бірге келесідей мәселелер де орын алады:*

- ақпараттық-түсіндіру жұмысының жекелеген тақырыптарын жариялау бойынша диспропорция жағдайы байқалады;

- қайшылық пен наразылық тудыруы мүмкін, сондай-ақ ҚР АҚДМ ДІК-мен келісілмеген материалдардың өңірлік ДМЗО мекемелерімен жергілікті бюджет есебінен басып шығаруы;

- ДМЗО мамандарының біліктіліктері оқу-әдістемелік құралдарын құрастыру үшін жеткіліксіз болуы.

## 2.4 Қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар

Өңірлік АТТ-ның қызметтерін талдау нәтижелері бойынша арнайы топтардың құрамын жасақтау және білікті мүшелермен қамтамасыз ету бойынша Әдістемелік ұсынымдардың<sup>99</sup> негізгі талаптары

<sup>99</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.



орындалып келетіні айқындалды. ҚР АҚДМ-нің Дін істері комитеті тарапынан АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар атқарылуда.

Республикалық және өңірлік деңгейлерде біліктілік арттыру курстары тұрақты өткізіледі. Әдістемелік нұсқаулықтар, дәрістер жинағы, үнпарақтар, бүктемелер, деректі фильмдер, пьесалар, спектакльдер, бейнероликтер форматтарында алуан түрлі оқу-әдістемелік материалдар әзірленіп, өңірлік ДІБ және ДМЗО мекемелерімен белсенді түрде шығарылып, тұрғындар арасында таратылуда.

АТТ мүшелеріне аттестация ұйымдастыру әдістемесі басшылыққа алынып, осы бағытта өңірлер едәуір тәжірибе жинақтады.

Осы орайда, эксперттік сұхбаттарды және ҚР АҚДМ ДІК ұсынған деректерді талдау нәтижелері бойынша анықталған төмендегі ерекшеліктерді атауға болады:

- өңірлік АТТ-ның құрамы негізінен дін саласының өкілдерімен, мемлекеттік қызметшілермен, сондай-ақ жергілікті ғылыми-сарапшылық қауымдастық пен БАҚ саласының мамандарымен жасақталады;

- қазіргі таңда БАҚ өкілдерінен, блогерлер мен публицистерден тұратын арнайы өңірлік журналистер пулдары құрылмаған;

- ҚР АҚДМ-ның мемлекеттік гранты негізінде үкіметтік емес ұйымдары АТТ мүшелеріне өткізетін біліктілік арттыру курстары мемлекет тарапынан ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің алдына қойылатын мақсат пен міндеттерге қол жеткізуге толыққанды мүмкіндік бермейді;

- республикалық деңгейде ұйымдастырылатын біліктілік арттыру шараларымен АТТ мүшелерінің басым көпшілігі қамтылмаған, сол себепті аудандық деңгейдегі АТТ мүшелерінің даярлығы жеткіліксіз деп бағалануда.

Осыған орай, жоғарыда айтылған қорытындылардың негізінде төмендегідей ұсыныстар мен ұсынымдарды атап кетуге болады.

## **2.1-бөлім «Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің дайындық деңгейі» бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар**

1. Қазіргі кезде қолданып жатқан АТТ-ның құрамына еріктілерді шақыру әдісінен кәсіби даярлығы жоғары мамандардың тобын құру әдісіне біртіндеп көшу, тұрақты және елеулі еңбек ақы төлеу механизмін пысықтау арқылы жоғары білікті АТТ мүшелерінің пулын құру.

2. АТТ құрамын жасақтау барысында келесідей мәселелерді ескеру қажет: теологтарды, зайырлы бағыттардың мамандарын, мемлекеттік қызметшілерді, діни қызметкерлерді, мәдениет пен БАҚ өкілдерін өңірдегі діни ахуалға сәйкес пропорционалды түрде жұмылдыру; өңірдегі тұрғындардың мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескеру; тұрақты қатысатын білікті мамандарды іріктеу, олардың танымалдылығын арттыру, қоғам тарапынан сенімділікті нығайту және ақпараттық-түсіндіру іс-шаралардың тиімді өтуін қамтамасыз ету мақсатында АТТ-ның құрамын жасақтау бойынша бірыңғай ұстаным енгізу мәселесін қарастырған абзал.

3. Дін жолында жүрген азаматтардың діни сауатын арттыру, сондай-ақ ДДА идеологиясының теріс ықпалына түскен азаматтарды дерадикалдандыру мақсатында арнайы (адрестік) және жеке тұлғалық (пенитенциарлық) профилактикаға жоғары білікті теологтарды тарту жұмысын ілгерілету қажет.

4. Жаңа христиандық ұйымдардың заң бұзушылық іс-әрекеттерінің, соның ішінде белсенді прозелитизмнің алдын алу мақсатында христиандық және неохристиандық бағыттар бойынша мамандарды көбейту ұсынылады. Талдау жұмыстарының нәтижелері христиандық бағыттағы мәселелермен шұғылданатын мамандардың саны еліміз бойынша тек 7%-ды құрайтынын көрсетті.

5. Нұр-Мұбарак университеті мен медреселердің білім беру бағдарламаларында зайырлы пәндер бойынша кредиттерді арттырып, мазмұның күшейту ұсынылады, сондай-ақ АТЖ-ның мақсатты іс-шараларымен барлық тұрғындарды, соның ішінде орыс тілді аудиториясы басым орталарды қамту үшін ресми тілді жетік меңгерген имамдар мен теологтарды дайындауға назар аудару қажет.

6. АТТ-ның құрамына біліктілігі жоғары журналистер мен танымал блогерлерді қосып, оларды медиа кеңістігінде АТЖ-ны ілгерілету іс-шараларына жұмылдыру.

## **2.2-бөлім «Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметтік тиімділігін арттыру» бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар**

1. ҚР АҚДМ ДІК-не қарасты мекемеде АТЖ-ның барысында қолдануға ұсынылатын оқу-әдістемелік, ақпараттық, контрпропагандалық материалдар жинақтаған Бірыңғай республикалық электронды база-сын құру.

2. Діни экстремизм және халықаралық терроризммен күрес бойынша шетелдік озық тәжірибелер қамтылған кейстерді, діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм профилактикасы және қарсы іс-қимыл бойынша түсірілген бейнематериалдар, деректі және оқу фильмдер жинақталған архивті Бірыңғай базаға қосу.

3. ҚР АҚДМ ДІК-не бағынысты мекеменің базасында Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысын ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету департаментін құру және оған келесідей міндеттерді жүктеу:

- Қазіргі заманның сын-қатерлеріне тиісті деңгейде қарсы іс-қимыл жүргізу үшін қолданылатын, халыққа түсінікті және сұранысқа ие болатын, ДДА ықпалына қарсы толыққанды иммунитет қалыптастыруға әсер ететін контрпропагандалық нарративтер тұжырымдамасын әзірлеу немесе қолданыстағы үлгісіне түзетулер енгізу;

- ДМЗО және КАҚТЖДО мекемелеріндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру бөлімдерінің ақпараттық-әдістемелік қызметін тиімді жүргізуге көмек көрсету;

- Өңірлік деңгейде шығарылатын ақпараттық-әдістемелік материалдар (АТЖ негізінде әзірленген әдістемелерді, үлестірмелі басылымдардың мазмұның тексеру және т.б.) сапалы дайындалуын үйлестіру және эксперттік бағалау.

4. Оқу-әдістемелік материалдарды дайындау барысында:

- діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм үшін сотталғандар мен олардың отбасылары, вахта-лық әдіспен жұмыс жасайтындар, жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, студенттер мен ұымдаспаған жастар және өзге де осы сияқты мақсатты (проблемалық) топтармен жүргізілетін адрестік/нүктелі жұмыстарға басымдық беру қажет;

- тұрғындардың осал топтарын анықтау, өзекті мәселелерді айқындау, АТТ-ның жұмыс бағыттарын, соның ішінде кездесулер мен тренингтердің тақырыптарын, мақсатты топтарды, жұмыс әдістемесі мен медиа сүйемелдеу іс-шараларын жоспарлау мақсатында өңірлік деңгейде өткен жылдың діни ахуалы мен АТТ жұмысына кешенді талдау жүргізу тәжірибесін енгізу қажет;

- озық тәжірибелер негізінде қалыптасқан АТЖ-ның тиімді әдістемелерін өзге өңірлерге оңтайлы қолдануды ұсыну қажет;

- ақпараттық материалдарды «Сұрақ-жауап» форматында әзірлеу тәжірибесін қайта жандандыру қажет.

5. АТЖ бойынша ақпараттық-әдістемелік материалдарды жаңартып, өңірлерді қамтамасыз ету. Жергілікті деңгейде АТЖ-ның сапасына қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген әдістемелік және баспа материалдардың жетіспеушілігі байқалады.

6. Ақпараттық кеңістікте АТЖ-ны жүзеге асыру барысында мөлшерден тыс діни тақырыптардың таралуына жол бермеу. Арнайы БАҚ-тар арқылы діни тақырыптар мен қағидалар жөнінде ақпарат тарату жұмысы тек ресми тіркелген діни бірлестіктердің құзырында болуы қажет.

## **2.3-бөлім «Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын талдау» бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар**

1. ҚР АҚДМ ДІК-не бағынысты мекеменің базасында дін саласындағы кадрларды, соның ішінде АТТ мүшелерін даярлау және қайта даярлау бойынша арнайы құрылымдық бөлімше ашу. Біліктілік арттыру курстары ҚР АҚДМ ДІК-нің мемлекеттік гранттары негізінде үкіметтік емес ұйымдарымен жүзеге асырылған уақытта (мәселен, бұл жұмысты 2018-2019 жылдары «Парасат» консультативтік-әдістемелік орталығы» өткізді) АТЖ-ның сабақтастығы мен тиімділігі төмендеуге әкелетін жүйелі проблемалар туындайтыны зерттеу барысында нақты анықталып отыр. РАТТ-ның политолог-сарапшысы Р.Иржанов КСРО кезіндегі «Білім» бүкілодақтық қоғамының тәжірибесіне назар аударып, қазақстандық үлгідегі сондай орталықты дін саласында құру қажет деп есептейді. Мысалы, Республикалық мамандандырылған оқу

орталығын ашып, мемлекеттік тапсырма негізінде дін саласындағы дәріскер-насихаттаушы мамандарды даярлау және қайта даярлау бойынша арнайы және тұрақты курстарды ұйымдастыруға болады.<sup>100</sup> Бұл шешім төмендегі нәтижелерді береді:

- қаржыландыру механизміндегі үзілістерге және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың жобалары шектеулі уақытта өткізу қажеттілігіне тәуелді болмай біліктілік арттыру курстарын жыл бойы және жүйелі түрде өткізу болады;
- біліктілік арттыру курстарын қазіргі ұйымдастыру форматында орын алып отырған сабақтастық сақталмау мәселесі шешіледі;
- орталыққа елдегі ең тәжірибелі және креативті спикерлері шоғырландырылып, өз қатарына ғылыми-зерттеу институттар мен ғылыми-педагогикалық қауымдастықтардың мамандарын және уәкілетті органдардың қызметкерлерін топтастырған «Дінтанушылар конгресі» бірлестігінің сарапшылық әлеуетін тиімді пайдалануға жол ашылады;
- біліктілік арттыру курстарына қатысатын тыңдаушыларды тестілеу нәтижелері және жұмыс жүргізу бағыты бойынша іріктеп, соған сәйкес оқыту бағдарламасы әзірленеді;
- 6 сағаттан аспайтын бір күндік оқу жүктемесі бекітіліп, қажетті стандарттарға сәйкес оқыту мерзімі ұзартылады (кем деген 72 академиялық сағат). Р. Иржанов бір айлық оқыту курстарын тұрақты ұйымдастырып, жұмыс бағыттарының қажеттіліктері бойынша қысқа мерзімді біліктілік арттыру шараларын өткізуді ұсынып отыр<sup>101</sup>;
- ЖАО деңгейінде орын алатын бюрократиялық кедергілердің ықпалын азайту және ортақ әдістемені енгізу мақсатында республика бойынша бірыңғай аттестациялау материалдары (тестілеу базасы, оқыту кейстері) әзірленеді;
- ЖАО-ға жүктеліп отырған АТТ мүшелерін аттестациялау құзыреті орталықтандырылып, аталған құрылымдық бөлімшеге беріледі;
- арнайы сұхбат алаңы құрылады. Өңірлік АТТ мүшелерінің горизонталды қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау арқылы олардың өзара тәжірибе алмасуына, қызықты кейстерді бірлесіп талдауға, аймақтық мәселелерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Осындай кәсіби «қауымдастық» ретінде ұжымдастыру жолдары мамандарға өз жұмыстарының маңыздылығы мен қажеттілігін сезінуге септігін тигізеді.

*2. Оқыту семинарларына бюджеттен бөлінетін қаражаттың рационалды жұмсалуды қамтамасыз ету мақсатында шақырылатын спикерлер мен қойлатын тақырыптардың қайталануына жол бермеу.*

*3. Біліктілік арттыру курстарына келісім-шарт негізінде жұмыс жасайтын мүшелерді және аудандық АТТ мүшелерін жіберу.* Республикалық біліктілік арттыру курстарына АТТ-ның барлық мүшелерін жүйелі түрде қатыстыруды қамтамасыз ету аудандық АТТ-ның сапалық құрамын күшейтіп, облыстық АТТ мүшелеріне түсетін салмақты арттырмайды және аудандық тұрғындарды сапалы іс-шаралармен толық қамтуға әсер етеді.

*4. Өңірлік АТТ мүшелеріне арналған біліктілік арттыру шараларын өткізу барысында оқыту кестелері мен тақырыптарын келесідей қағидаларға негіздеп бекіту:*

- біліктілік арттыру курстарының тақырыптары өңірлік ерекшеліктерге, әлеуметтік зерттеулер нәтижелеріне, АТЖ-ның іс-шараларында өткізілген кері байланыс жауаптарына негізделіп бекітілуі қажет;
- интернет-ресурстармен жұмыс жүргізу дағдыларын игеруге, яғни қызықты танымдық посттар жазуға, жеке аккаунт арқылы online және offline конференциялар өткізуге, графикалық бағдарламалар қолдануды үйретуге, әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу бойынша білімді тереңдетуге ерекше назар аудару қажет;
- мақсатты аудиторияның ерекшеліктеріне сәйкес АТЖ-ның іс-шаралары кезінде интерактивті әдістерді қолдану, оларды дебат түрінде ұйымдастыру және шешендік өнер дағдыларын игеру сияқты мәселелерге назар аударып, курстар барысында осы бағыттағы мастер-класстар өткізу қажет;

100 Иржанов Р. Діни-уәждемелі экстремизмнің профилактикасы барысында ақпараттық әсер етудің формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 143 б.

101 Иржанов Р. Діни-уәждемелі экстремизмнің профилактикасы барысында ақпараттық әсер етудің формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 143 б.

- курс тыңдаушылары, әсіресе имамдар мен теологтар қазақ халқының тарихы мен қоғамдағы зайырлы қағидаттар бойынша терең білім алуына жағдай жасау қажет;
- оқыту курстарын өткізу процесін рационалды жоспарлау, біліктілік арттыру бойынша бір күндік іс-шаралар өткізуге жол бермеу.

Өңірлік деңгейде 2-3 саланың кәсіби мамандарын белгілі бір ауданға шақыру және өзге аудандардың АТТ мүшелерін қатыстыру арқылы 2-3 күндік көшпелі семинарлар өткізу сияқты оң тәжірибені атап кетуге болады. Сарапшылар тарапынан осы тәжірибе бойынша бір ғана ұсыныс – көшпелі семинарлар ұйымдастырылатын орындардың локациясын жиі ауыстырып тұру қажеттілігі сұралды. Жалпы айтқанда, осындай оңтайлы шешімдер нәтижесінде АТТ мүшелерінің барынша толық келуі, кейбір мамандардың негізгі жұмысынан қол үзбей қатысуы қамтамасыз етіліп, өзге форматта өткізілген жағдайда көп жұмсалуды ықтимал бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

## ТАРАУ ІІІ.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІН САЛАСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

### 3.1. Ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімді әдістерін талдау (өңірлік тәжірибе)

Дін саласындағы АТТ қызметінің тиімділігін арттыру негізінен ақпараттық-түсіндіру және ағартушылық жұмыстарының формалары мен әдістерін әрдайым жетілдіру арқылы жүзеге асырылады.

АТЖ әдістері мен формаларын таңдау тұрғындар арасындағы әрбір мақсатты тобының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты және белгілі бір кезеңдерден құралады: өңірдегі діни ахуал туралы мәліметтерді жинау және талдау, аудио/бейне материалдарды, дәріскерді, ыңғайлы орын мен уақыттың таңдау.

Өңірлерде АТЖ тиімді әдістерін пайдалану бойынша белгілі бір тәжірибелер жинақталды, осы бөлімде соларға талдау жасалады.

*АТЖ форматы мен әдістерін таңдау бойынша жалпы ұсыныстар (эксперттік сұхбаттарды талдаулары негізінде):*

- іс-шара форматтарын кешенді түрде жоспарлау, яғни бір мақсатты топпен жұмыс жүргізу аясында түрлі әдістер мен формаларды пайдалану ұсынылады. Мысалы, Ақтөбе облысында облыстық кітапханада әр дүйсенбі сайын оқырмандар арасында АТЖ өткізіледі. Шаралардың форматтары бірнеше айларға жоспарланады (1 апта – психотренинг, 2 апта – зияткерлік ойын, 3 апта – дебаттар, 4 апта – кинотайм және т.с.с.);

- аудиторияның кәсіби қызығушылықтарын ескеру;
- аудитория қабылдауының психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- аудиторияның мәдени-тілдік талғамдарын ескеру;
- жұмыс барысында «тең теңімен» принципін ұстану;
- мүмкіндігінше барлық іс-шараларда бейнематериалдар пайдалану;
- барлық шараларда кері байланыс түрін қамтамасыз ету;
- өткізілген шараларды ДМЗО қызметкерлерінің арасында «қателермен жұмыс жүргізу» мақсатында талқылау (аптасына бір рет);

- кез-келген шараны өткізудің жалпы уақыты 40-50 мин. аспауы керек;
- өткізілген шаралар туралы ақпаратты БАҚ-та, соның ішінде әлеуметтік желілерде фотосуреттер қою және комментарий қалдыру арқылы шұғыл жариялап отыру;

- АТЖ іс-шараларына қызығушылықты арттыру мақсатында өткізілетін іс-шаралар, ұйымдастырушылар, тақырыбы және дәріскерлер туралы мәліметтерді (афишалар, плакаттар, мессенджер хабарламалары) кеңінен тарату (Ақтөбе, Атырау, Қарағанды облыстары, ШҚО).

Төменде келтірілген кестеде мақсатты аудиторияға байланысты өңірлерде пайдаланылатын АТЖ әдістері туралы мәліметтер көрсетілген.

Өңір	МАҚСАТТЫ ТОП	АТЖ ӘДІСТЕРІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	Бала бақша тәрбиешілері Медицина қызметкерлері ҚҚО қызметкерлері Мектеп оқушылары Студенттер ЖОО оқытушылары, мұғалімдер Офис қызметкерлері Жастар (соның ішінде ұйымдаспағандар) Құрылысшылар	- әлеуметтік сауалнама - интерактивті форматтар (зияткерлік ойындар, семинарлар, семинар-тренингтер, дебат клубтары, байқаулар) - кездесулер (кофе-брейк ұйымдастыру)
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	Барлық тұрғындар катего- рияларымен	- шаралардың 90% визуалды қолдау құралдарымен жүргізіледі - АТЖ-мен қамтылуы тиіс азаматтардың 10 санаты әзірленді - интерактивті форматтар: тренингтер, ойындар, сыйлықтар таратылатын зияткерлік конкурстар, анонимді сұрақтарға жауаптар, талқылаулар, психо- логиялық тренинг, оқырмандар клубы -үлкен аудиторияларды қызығушылықтары бойынша сегменттерге бөлу - онлайн форматын пайдалану: тікелей эфир, әлеумет- тік желілердегі диалог алаңдары - WhatsApp мессенджері, сенім телефоны арқылы хабар жіберу
	Жұмыссыздар	- үлестірмелі материалдарды пайдалану (брошюра- лар, үнпарақтар)
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	Ауыл тұрғындары Діндарлар Медицина қызметкерлері Өндіріс мекемелерінің жұмысшылары Жастар Мектеп пен колледж- дердің білім алушылары	- визуалды материалдарды пайдалану (бейнероликтер ) - әлеуметтік сауалнама, АИК деректерін талдау - спикерлермен өмірлік мысалдарды пайдалану - интерактивтік форматтар (дебат клубтары, зияткер- лік ойындар, диалог алаңы, ашық есік күні) - көрмелер, кофе-брейк - «Жусан» операциясы кезінде оралған әйелдердің АТЖ дәріскері ретінде қатысуы, аудитория – мешіт жамағаты, әлеуметтік желілерде трансляциялау теле/радиоэфирді пайдалану - қоғамдық орындарда дыбыс күшейткіштерді пайда- лану - БАҚ және интернет-ресурстары арқылы ҚР ӘҚБК- ның 453, 489 және 490 баптары бойынша жауапкер- шілік туралы ақпарат тарату



ШҚО	Мем.қызметкерлер ҚҚО өкілдері Әскерилер Әйелдер жамағаты Дінге сенушілер Жоғарғы сынып оқушылары Жастар (соның ішінде жұмыссыздар) Студенттер Еңбек ұжымдары Базар қызметкерлері Қандастар Таксисттер	- адрестік мақсатты топтарды жіктеу бойынша әдістеме құрылған - интерактивті форматтар мен кездесулер, тренингтер, - семинар-жиналыстар, сұрақ-жауап, провокациялық дәрістері - әлеуметтік желілердегі тікелей эфир дәрістері (Instagram, Facebook) - іс-шараларда Әл-Фараби, Яссауи, Абай, Шәкәрім, М. Копеев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов шығармашылықтарын пайдалану - дәріскерлермен алдын ала танысу - іс-шараның басында психологиялық байланыс орнату
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	Барлық тұрғындар категорияларымен	- түрлі тақырыптар бойынша әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу
БҚО	Барлық тұрғындар категорияларымен	- «Ғұламалар» кітап жинақтарын пайдалану - теле/радиоэфирді пайдалану - қоғамдық орындарда дыбыс күшейткіштерді қолдану
	Жастар	- КВН өткізу
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	Жұмыссыздар Еңбек ұжымдары Адрестік топтар Ауылдық ұжымдар Әскери комиссариаттар Өрт сөндірушілер	- ақпараттық буклеттер, флаерлер, үнпарақтар тарату - облыс мекемелерінің ғимараттарындағы LED-экрандарда және теледидарда роликтер көрсету - сауалнама - блиц-сауалнама
	Түрлі категориядағы жастар	- жастардан құралған «Жедел жасақ» - интерактивті тренингтер
	Базар қызметкерлері	- кітапшалар тарату
	Әйелдер жамағаты	- аспазханалық байқаулар өткізу
	Діндар жастар	- түрлі тақырыптарда байқаулар өткізу
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	Дінге сенетін мектеп оқушылары Студенттер Ұйымдастырылмаған жастар Өзін-өзі қамтитындар Базар қызметкерлері Құрылыс бригадалары	- салт-дәстүрлерге қатысты тақырыптар аясында әңгімелесу - қоғамдық ой пікір көшбасшыларын шақыру (әйгілі спортшылар) - АТТ мүшесінің айналысатын тақырыптық бағыты мақсатты аудиториямен сәйкес келуі - кәсіпкерлермен бірлескен акциялар - мәдени шаралар (жырауларды, танымал спортшыларды қатыстыру) - әлеуметтік зерттеулер, сауалнама - әлеуметтік желілер (тікелей эфир ұйымдастыру)

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	Жастар	- «Қазақтың ұлттық қолөнері» шеберлік сыныптары - «Адасқандар» спектаклін көрсету
	Оқушылардың ата-аналары, мұғалімдер	- әңгімелесу
	Барлық тұрғындар категорияларымен	- сарапшылармен теледидарлық кездесулер («ERTIS» телеарнасы)
СҚО	Барлық тұрғындар категорияларымен	- «Северный Казахстан» және «Солтүстік Қазақстан» газеттерінде материалдар жариялау - сауалнама
	Кәсіпорын қызметкерлері Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	- фокус-топтар - шара уақытын 15 минуттан асырмау - аудитория 50 адамға дейін
	Аурухана қызметкерлері	- кәсіби салаларына қатысты өзекті тақырыптар (вакцинация және қан құюдан бас тарту, тәуіптік, ғылымға қарсы медициналық тәсілдер т.б.)
	Мұғалімдер Ғылыми қауымдастық	- шолымдық дәрістер
	Жастар	- интерактивті форматтар: ойын түрінде («соқыр теке»), психологиялық тесттер
НҮР-СҰЛТАН	«Жас Ұлан» училищесі Студенттер Медицина қызметкерлері ҚҚО қызметкерлері Әскерилер Мектеп оқушылары Интернат оқушылары Базар қызметкерлері Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар Жұмыссыздар, соның ішінде жастар	- ХҚКО мекемелерінде стенд, билборд орналастырылған, үлестірмелі материалдар таратылады - бос жұмыс орны жәрмеңкелеріне қатысу - TED Talks форматы - аудитория 50 адамға дейін - жастар аудиториялары үшін өзекті визуалды материал дайындау (сериалдар, комикстер, мультипликациялар және т.б.) - өмірлік мысалдары пайдалану - интерактивті форматтар (дәрістер, талқылаулар, конкурстар) - әлеуметтік желілердің таргетінгі - сарапшылар хабы, яғни WhatsApp мессенджерінде жауапты мамандар тобы құрылып, оқу орындарында АТЖ ұйымдастырады - АТТ мүшелерін бренд ретінде ілгерілету
	Әйелдер жамағаты	- «Берекелі жамағат» жәрмеңкесі
ЖЕЗҚАЗҒАН	Барлық тұрғындар категорияларымен	- сауалнама
	Қала базарларының қызметкерлері	- дыбыс күшейткіштерді пайдалану

---

Мектеп оқушылары,  
жастар

- дәріскерлерді аудиторияның құндылықтарына сәй-  
кес таңдау  
- тұрғындар көп шоғырыланған орындарда (қоғамдық  
тамақтану орындары, кафе, парктер) Open air - салт  
дәстүрлер («бесік салу», «тұсау кесер», «қыз ұзату»)  
көрсетілімін ұйымдастыру

---

### Ақпараттандыру жұмысы АТЖ әдісі ретінде

Өткізілген ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары туралы БАҚ арқылы сапалы және толыққанды ақпарат тарату көптеген өңірлерге тән өзекті мәселе болып қалуда. Бұл дін мәселелері туралы баяндай алатын кәсіби журналисттер жетіспеушілігімен, сондай-ақ ағымдағы діни процестерге талдау жүргізіп, білікті маман ретінде баға бере алатын сарапшы-практиктердің аздығымен немесе енжарлығымен байланысты.

АТТ өткізген шаралардың ақпараттық сипатта қолдау табуы АТЖ-ның негізгі бөлігі және тиімді әдісі болып табылады.

ҚР АҚДМ ДІК ақпараттық қамтамасыз етудің келесідей алгоритмін ұсынады:

- 1) коммуникация бойынша ең оңтайлы каналдарды анықтау;
- 2) медиа-жоспарлау жұмысын ұйымдастыру (қысқа және ұзақ мерзімді);
- 3) АТТ мүшелерінің қатарынан БАҚ және интернет-порталдарға өткізілген жұмыстар туралы баяндайтын спикерлер тізімін әзірлеу;
- 4) АТТ мүшелерінің сұхбаттар мен мақалаларын БАҚ беттеріне шығару;
- 5) масс-медиа өкілдерінің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру: пресс-конференциялар, брифингтер және т.б.;
- 6) әлеуметтік желілерде тиімді ақпараттық жұмыстар ұйымдастыру (SMO).<sup>102</sup>

АТТ қызметін ақпараттық тұрғыдан нәтижелі ілгерілету мақсатында алдын ала пресса өкілдеріне анонстар мен релиздер, журналисттер мен сарапшыларға ақпараттық-анықтамалық материалдар және бейнеөнімдер дайындау қажет.

Ақпараттық-түсіндіру материалдары тілдік, стилистикалық, көрнекілік, көлемдік, сапалық критерийлерге, сондай-ақ ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы қажет.

Мақсатты ақпараттық шараларды өткізу кезінде дін саласында өтіп жатқан, сондай-ақ осы саладағы орын алатын мәселелер бойынша қызықты оқиғаларды оперативті түрде жеткізіп отыру өте маңызды.

Сонымен бірге, діни мәселелерге қатысты кейбір сұрақтардың дұрыс жеткізілмей қалуы немесе берілмеуі жарияланатын материалдардың қабылдануына кері әсерін тигізіп, діни сипаттағы әлеуметтік қайшылықтарға түрткі болуы да ықтимал. Сол себепті ҚР АҚДМ мемлекеттік орган өкілдері мен сарапшылардың қатысуымен діни тақырыптар бойынша ақпараттандыратын журналистер пулы үшін арнайы оқыту семинар-тренингтерді жүйелі негізде ұйымдастыруда.<sup>103</sup>

Семинар-тренингтер республикалық және өңірлік деңгейлерде тұрақты өткізіліп келеді. Мысалы, 2019 жылдың шілде айында Алматы қаласында Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қоры діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы бойынша журналисттер мен блогерлерге арналған үш күндік семинар ұйымдастырды.<sup>104</sup> Ағымдағы жылы енгізілген шектеулерді байланысты өңірлік деңгейлерде семинарларды өткізу онлайн-форматқа көшті. Мәселен, 2020 жылдың 11 тамызында

---


<sup>102</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар / Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К. - Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019. – 39 б.

<sup>103</sup> Астанада дін саласындағы мәселелерді ақпараттандыру бойынша тренинг өткізілді. URL: [https://www.inform.kz/ru/trening-posvescheniyu-voprosov-religii-proshel-v-stolice\\_a3589696](https://www.inform.kz/ru/trening-posvescheniyu-voprosov-religii-proshel-v-stolice_a3589696) (қаралған күні 27.08.2020)

<sup>104</sup> Алматы қаласында діни экстремизм мен терроризм профилактикасына арналған семинар өтті. URL: <https://yandex.kz/turbo/s/zakon.kz/4977320-v-almaty-proshel-seminar-po.html> (қаралған күні: 27.08.2020ж)

Ақмола облысында өткен «Экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы БАҚ рөлі мен міндеттері» атты журналисттеріне арналған онлайн-семинарды атауға болады.<sup>105</sup>

56c0m0xh0k5y8c



### Ақмола облысының БАҚ өкілдеріне арналған онлайн-семинар өткізілді

Дін мәселелері бойынша АТТ-ның қызметін ақпараттық сүйемелдеу жұмысында кері байланыс орнату маңызды орын алады. АТТ қызметі бойынша кері байланыстың көздеріне БАҚ пен әлеуметтік желілерге тұрғындардың іс-шаралар туралы қалдырған пікірлері жатқызылады.

*БАҚ өкілдеріне дін саласының мәселелері бойынша ақпараттарды барынша объективті жариялауды ұсыну қажет.* Осы орайда, мемлекеттік органдар қандай да бір діни мәселелер бойынша ресми ұстанымдары БАҚ өкілдеріне уақытында жеткізіп, тексерілген ақпараты басылымға жіберу барысын қадағалаған абзал.

Діни мәселелерді объективті және бұрмалаусыз жариялау мақсатында және жалған ақпарат (фейк) таралуына жол бермеу үшін БАҚ мен әлеуметтік медиа көздеріне *Дүниежүзілік газет және жаңалықтар ассоциациясының (WAN-IFRA)* нұсқаулықтарын басшылыққа алу қажет деп есептейміз.<sup>106</sup> Әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, эфирге шығару, сұхбатқа сілтеме жасау немесе аудитория алдында жаңалықты жеткізер алдында келесідей тәртіпті ұстану қажет:

- әлеуметтік желідегі парақша қашан құрылғанын біліп алыңыз. Жаңа аккаунттар мистификация жасауға немесе жалған ақпараттар тарату мақсатында құрылады;

- пайдаланушының белсенділігін зерттеңіз. Ол кімге жазылған/кіммен достықта, оған кім жазылған? Ол кіммен байланыста? Не туралы жиі айтады? Адамның әлеуметтік желілердегі байланыстары мен іс-әрекеттері ол жайлы көп нәрсе айтады;

- оның өзге әлеуметтік желілердегі аккаунттарын іздестіріп көріңіз. Интернетте оның есімі тағы қай жерде кездеседі? Spokeo, Pipl.com. WebMii және LinkedIn сияқты қосымшаларда тіркелгенін тексеріп, оның телефон номерін, мекен-жайын тағы да басқа ақпарат табуға тырысыңыз;

- жаңалықты жүктеген/жариялаған адамды тауып алуға, байланысуға тырысыңыз. Бұл тексеріс үшін аса маңызды. Қосымша ақпарат жинаңыз және материалға қандай да бір талаптар барын тексеріңіз, ақпаратты пайдалануға рұқсат алу мүмкіндігін сұрастырып біліңіз;

- сізде бар мәліметтерді оның айтқанымен салыстырыңыз. Сізді қызықтырған ақпаратты өзге аккаунттардан іздеңіз. Сонымен қатар, пайдаланушыдан қосымша фотосуреттер мен бейнематериалдарды сұраңыз;

- ақпарат таратушы ресурс орналасқан жерді тексеріңіз. Twitter, Facebook және т.б. платформалар пайдаланушылардың географиялық орналасу жерін қарауға мүмкіндік береді. Сол арқылы адамның өзі айтып отырған орында болғанын тексеруге болады;

- суреттер арқылы кері іздеу бағдарламасын пайдаланыңыз. Жуық арада жасалынды деп ұсынған фото бұрын түсірілген болып шығуы мүмкін. Осы орайда Google Reverse Image Search немесе TinEye бағдарламаларын пайдаланып, суреттің бұрын интернетте шығарылғанын тексеруге болады. Бұл

<sup>105</sup> Ақмола облысының БАҚ өкілдеріне арналған онлайн-семинар өтті. URL: [https://www.facebook.com/permalink.php?story\\_fbid=2656953567966657&id=100009561201700](https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=2656953567966657&id=100009561201700) (қаралған күні: 27.08.2020ж)

<sup>106</sup> <https://www.wan-ifra.org/>

функция шағын бейнелер жазбасында да жұмыс жасайды – іздеу құрылғысы сізге онлайн көру мүмкіндігін көрсетеді;

- фотосуреттердің EXIF-деректерін тексеріңіз. Әрбір цифрлы кескіндемеде метадеректер енгізіліп, олар сіз көрмейтін заттарды көрсетеді. Көптеген пайдалы ақпаратпен қатар, EXIF деректерін тексеру түсірімді жасаған камераның типін анықтауға көмектеседі. Кейде географиялық деректер де сақталады.<sup>107</sup>

Жалпы алғанда, дін саласындағы АТТ қызметін ақпараттандыру барысында әлеуметтік медиамен жұмысты «шындық сенсациядан артық» принципін ұстану қажет.

ҚР АҚДМ ДІК жергілікті атқарушы органдарға дін саласындағы АТЖ-бойынша келесідей іс-шараларды өткізуді ұсынады:

1) отандық теологтар мен дінтанушы-ғалымдардың, дәстүрлі дін өкілдерінің, мемлекеттік және күштік құрылымдар қызметкерлерінің теледидар мен радиода сөз сөйлеуін ұйымдастыру;

2) радио, интернет-сайттар арқылы АТТ-ның беделді өкілдерінің блиц-сұхбаттары шығарылуын қамтамасыз ету;

3) «сұрақ-жауап» режимінде интернет-конференциялар, радио және телебағдарламалар жүргізу;

4) тақырыптық деректі фильмдер мен бейнероликтер көрсету;

5) журналисттік зерттеулер ұйымдастыру және арнайы репортаждар жасау.<sup>108</sup>

### Өңірлер бойынша АТЖ-ның негізгі әдістері (жиынтық тәжірибе)

2020 жылы осы жоба аясында жүргізілген эксперттік сұхбаттар барысында экстремизмнің профилактикасы бойынша ең тиімді және практика жүзінде қолданылатын әдістер зерделеніп, төмендегі кестеде ұсынылады.

#### 13 кесте

#### Ақпараттық-түсіндіру жұмысының негізгі әдістері

(эксперттік сұхбаттарды талдау нәтижелері бойынша)

ӘДІСТЕР	ЕРЕКШЕЛІГІ	ПРАКТИКА
1 Әңгімелесулер, оқу орны, жұмыс орны, мекен-жайылық ресми және бейресми кездесулер (Open Air шараларын қоса алғанда)	Адрестік, арнайы және жалпы профилактика жұмыстары 50 адамға дейінгі топтарда жүргізілгенде және білікті дәріскер қатысқанда тиімділігі арта түседі. Нақты мақсатты топтың ерекшеліктерін ескеру қажет. Тыңдаушыларды іс-шара процесіне тартуға, дәріскер мен тыңдаушы арасында еркін байланыс орнатуға, олардың өздігінен қорытынды жасауға мүмкіндік жасалады.	Барлық өңірлерде. Оптималды аудитория 10-15 адам. Шектік максимумы 50 адамға дейін. Мысалы, Жезқазған қаласында Open Air шарасы демалыс орындарында (парктер, су бұрқақтар маңында) тиімді өткізіледі. Бірақ вокзалдар мен базарлар аумақтарында тиімділік төмендейді, өйткені адамдар асығыс, қолдары бос емес және т.с.с. Жезқазған қаласының АТТ мүшелері базар аумағында тұрақты жұмыс жасайтын кеңес беру кабинетін ашуды ұсынды
2 Провокациялық сұрақтарды қою	ДДА ықпалына түскен адамдарды анықтау мақсатында жүргізіледі.	ШҚО аумағында жүзеге асырылуда.

107 Фактчекинг: Ақпаратты тексерудің 5 сенімді әдістері <http://mediatoolbox.ru/factchecking/> URL: (қаралған күні: 27.08.2020ж)

108 6. Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар / Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К. - Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.. – 39 с.



3	Фокус-топтар форматында жұмыс жасау	Кері байланыс өте жоғары, топ құрамы 15 адамнан аспайды, мәселелерді шешу механизмдерін аудитория өзі айқындайды.	Павлодар облысында жүзеге асырылуда. Мешіттерде, жамағатпен жұмыс кезінде, пенитенциарлы мекемелерде, студенттермен жұмыс барысында пайдалы.
4	Презентациялар, бейне/аудио материалдарды көрсету	Жиынтық және қысқа ақпарат ұсынылып, жеңіл қабылданады. Презентация, аудио және бейнематериалдарды тиімді таңдау, сапалы техникалық құралдармен дұрыс қамтамасыз ету қажет. Көрсетілім уақытын ескеру маңызды. Роликтердің уақыты 3 минуттан аспағаны дұрыс. Көрсетілімді талқылаумен ұштастыру керек.	Дін саласындағы мемлекеттік саясатты ақпараттандыру мақсатында Министрлік және ЖАО тапсырысымен 1400 астам тақырыптық бейнематериалдар, соның ішінде қысқаметражды фильмдер, әлеуметтік роликтер, бейнесюжеттер және т.б. материалдар шығарылып, қолдануға берілді. СҚО өкілінің айтуынша, ауылдық жерлерде кездесу орындары бейне, аудио көрсетілім құралдарымен жабдықталмаған
5	Интерактивті форматтар: семинар-тренингтер, коуч-тренингтер	Қажетті білім мен дағды жеңіл қабылданады, сыни ойлау қабілеті дамиды, коммуникативті байланыстар жақсарады. Техникалар мен тәсілдердің кең таңдауы бар: ми жаттығулары, жобалар, дебаттар, дискуссиялар, іскерлік ойындар. Осы әдіс шеңберінде интерактивті оқытатын тренер/коуч маманның білімі мен біліктілігіне, өткізу орны жайлылығына (комфорт, қолжетімділік, инфрақұрылым) жоғары талаптар қойылады.	Барлық өңірлерде. ҚР АҚДМ мемлекеттік қызметкерлерді, ҚҚО және ҚР Әскери Күштері қызметкерлерін қайта даярлап, біліктіліктерін арттыру мақсатында арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруда. ҚР Бас прокуратурасы жанындағы ҚҚО Академиясы базасында прокуратура қызметкерлері семинарлар мен тренингтерге қатысады. Қорғаныс министрлігі дін мәселелері бойынша ПАТТ мүшелерінің қатысуымен жеке құрамға арналған кездесулер өткізеді.
6	Онлайн интерактивті форматтар: семинар-тренингтер, коуч-тренингтер	Интерактивті материалдары онлайн форматқа бейімдеу қажет. Онлайн-форматтың күшті жақтары: - интернеті бар кез-келген адам қатыса алады; - қатысушылар үшін ыңғайлы және уақытты үнемдейді; - тренинг ұйымдастыру бойынша шығындар қысқарады; - эфирлік жазбалар сақталды, қайталап көруге болады; - кері байланыс орнату жолдары көп (чат, эфир, пошта, комментарий).	2020 жылы карантин шаралары енгізілген соң аталған форматты қолдану артып отыр. «Ансар» орталығының (ansar_aqparat, 5479 жазылушы); «Шапағат» қорының (shapagat_atyrau, 19,4 мың. жазылушы), Павлодар облысының Талдау және конфессияаралық қатынасты дамыту орталығының (carmo_pvl, 1745 жазылушы) аккаунтары арқылы тұрақты түрде семинар-тренингтер, дәрістер, байқаулар, викториналар, ұтыс ойындары өткізіледі. Жамбыл облысы ДІБ-ның Facebook парақшасында түрлі тақырыптар бойынша (денсаулық, медицина, «Жусан» операциясы, ұлттық мәдениет) аптасына 16 ролик шығарылады.

7	Оқушы жастар арасындағы интерактивті шаралар	Зияткерлік ойындар, дебаттар, рөлдік ойындар өткізу оқушылардың өздеріне актор болуға (пассивті көрермен жағдайынан белсенді қатысушыға айналады), дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты шығармашылық әдістері арқылы түсінуге, өзіндік пікірін қалыптастыруға мүмкіндіктер береді.	Көп өңірлерде жүргізіледі (Атырау обл – «Ашық есіктер күні»). Басты тақырыптар: «Қазіргі заман контекстіндегі қазақ қоғамының дәстүрлері», «Қазақстандағы мемлекеттің зайырлы моделі». СҚО мамандары оқушылар арасында «Соқыр жетектеуші» ойының өткізеді, психологиялық тесттер пайдаланады. Қарағанды облысында іс-шараларға тарих мамандары шақырылады. Мәселен, «Асыл жүрек» этнографиялық орталығының қызметкерлері. Ақтөбе облысында оқушылар командалары арасында «Сұрақ - жауап» форматында ойын өтеді.
8	LED экрандары бар қоғамдық орындарда, соның ішінде саябақтарда, әуежайларда, т/ж және автовокзалдарда, базарларда, алаңдарда, сауда орталықтарында бейнеөнімдер көрсету	Бейнеөнімдерді көрсету үшін техникалық жағдай жасалып, көрсетілімдерге адаптацияланған материалдар болуы керек	ҚР АҚДМ деректері бойынша барлық өңірлік орталықтарда көрсетілімдер қамтамасыз етілген. Мысалы, Павлодар облысы кәсіпорындарының кіреберістерінде трансляциялар жасалады.
9	БАҚ мен әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыс	Әлеуметтік медиадағы ақпараттық жұмыста талап етіледі: - жүйелі жұмыс және құрылған ақпараттық алаңдарды дамыту; - дін саласында қызмет ететін және ақпарат жазатын блогерлер мен мамандарды авторлар ретінде тарту; - діни немесе дінге қарсы насихат алаңдарына айналмау үшін ақпараттық ресурстардың қызметін бақылау; - комментарий бойынша жұмыс жасау және сұрақтарға уақытында жауап беру; - ақпарат таратуда бюрократиялық штамптар мен «канцелярит» терминдерді қолданудан бас тарту; - өз контенттерін тұрақты әзірлеу	2019 жылы ҚР АҚДМ тарапынан кеңінен танымал «Facebook.com», «ВКонтакте» желілерінде 6 әлеуметтік қауымдастықтың жұмысы ұйымдастырылып, «Youtube.com» және «Kaztube.kz» бейнехостинг бойынша ақпараттық жұмыс жүргізді. Барлығы 5822 материал орналастырылды. Қауымдастықтың жалпы аудиториясы 308 мың жазылушыдан асып түсті. <sup>109</sup> Аталған дереккөздердің материалдары барлық өңірлерде пайдалануда. Сондай-ақ, барлық өңірлік ДМЗО-ның әлеуметтік желілерде парақшалары, «YouTube.com» хостингінде каналдар жұмыс жасауда. Мысалы, 2019 жылы Қостанай облысында 32 бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілер мен сайттар арқылы көрсетілді.

<sup>109</sup> Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыру жоспарының қорытынды ақпараты. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/24370?lang=ru> (қалған күні: 21.06.2020ж)

10 Дін саласына қатысты өзекті тақырыптар бойынша республикалық және өңірлік БАҚ арқылы телебағдарламалар мен сұхбаттар шығару	Интернет пен теледидар қазақстандықтар үшін ақпараттың негізгі көзі болып табылады. <sup>110</sup> Қазақстанда DVB-S2 заманауи стандартында цифрлық эфирлі телехабар тарату ісін ендіру жалғасуда. Кезеңді түрде 827 станция құрылысын салу мен ендіру жүргізілуде, 2021 жылы тұрғындардың 95% астамы қамтылады. <sup>111</sup> Төтенше жағдай кезінде ең алдымен мемлекеттік деп қабылданатын каналдардың аудиториясы көбейді. Хабар 24 каналының қамту көлемі қаңтардағы 42,35%-дан сәуірде 56,3%-ға ұлғайды. 2019 жылдың сәуірінде көрсеткіш 38,5% құраған. El Arna каналында өсім 38,47%-ден 46,09%-ға дейін. Atameken Business –16,2%-ден 22,95%-ға дейін. Бір жыл бұрын – 8,64% болды. <sup>112</sup>	Қазақстандық азаматтардың «Жусан» арнайы операциясы кезінде елге қайтарылуы жайлы мемлекеттік тілдегі сұхбаттар, бағдарламалар циклы көп қаралады (интернетте «Жусан қайтарылды» жазбасымен іздеу кезінде 1 млн. астам сілтеме шығады). Қарағанды облысында «Дін және заман» журналы шығарылады (тоқсанына 1 000 дана), бағдарламалар циклы көрсетіледі (қазақ тілінде – 2, орыс тілінде – 1). Осындай жұмыстар Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан облыстарында және басқа өңірлерде жүргізіледі.
11 Адамдар көп шоғырланатын орындарда профилактикалық ақпараттық материалдар тарату (буклеттер, кітапшалар және т.б.)	Буклеттер мен өзге ықшам ақпараттық материалдар қысқа және нұсқа әзірленіп, адамдар шоғарланатын орындарда жедел үлестіруге оңай болады	Министрлік және ЖАО 160 мың данаға жуық материал таратылды. Барлық өңірлерде пайдаланылады.
12 Қоғамдық-саяси, мәдени, спорттық шараларға қатысу	Антиэкстремисттік сананың нығайту, ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін мәдени, қоғамдық-саяси, спорттық іс-шаралар өткізу оңтайлы контекст болып табылады	Барлық өңірлерде жүргізіледі. Мысалы, Ақтөбе облысында алдын алу шаралары аясында жергілікті жамағат арасында спорттық іс-шаралар өтеді: қайырымдылық мини-футбол, әйелдер жамағаты арасында үстел теннисі, сонымен қатар «Веселый старты!» спорттық эстафетасы және облыстық мини-футбол лигасы.

110 Қазақстандықтардың 48,4% ақпаратты интернеттен алады. URL: <https://camonitor.kz/33577-dlya-484-kazahstancsev-internet-yavlyaetsya-bolee-predpochtitelnym-istochnikom-informacii.html> (қаралған күні: 27.08.2020ж)

111 ҚР Үкіметінде цифрлық эфирлік телерадиохабарлау форматына көшу мәселелері қарастырылды. URL: <https://primeminister.kz/ru/v-pravitelstve-rk-rassmotreni-voprosi-perehoda-na-tsifrovoye-efirnoe-teleradioveshchanie-17080> (қаралған күні: 27.08.2020ж)

112 Қазақстандықтар карантин кезінде «Поле чудес» бағдарламасы және жаңалықтарды қарайды. Отандық телеарнада не болып жатқанын талдаймыз. URL: [https://litr.kz/televizor-na-karantine-kazahstancy-vybirayut-yakubovicha-i-novosti/?utm\\_source=yxnews&utm\\_medium=desktop](https://litr.kz/televizor-na-karantine-kazahstancy-vybirayut-yakubovicha-i-novosti/?utm_source=yxnews&utm_medium=desktop) (қаралған күні: 27.08.2020ж)

13 Спектакльдер, театрландырылған қойылымдар, әлеуметтік театр	Арт-терапияда спектакль оңалту әдісі ретінде қолданып, өзекті әлеуметтік тақырыптар бойынша театралды этюдтер қою арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдіске жүгіну шынайы өмірді модельдеуге мүмкіндік беріп, қоғамдағы экстремизм, ұлтшылдық, маскүнемдік, нашақорлық, әділетсіздік сияқты мәселелерге назар аудартады.	2013 жылы Атырау облыстық театрында режиссер А. Исхаковтың «Хақ Жолы» спектаклі қойылды. <sup>113</sup> 2015 жылы Шығыс-Қазақстан облыстық драма театрында режиссер А. Алеевтің «Шырмауық» спектаклі сахналанды. <sup>114</sup> Сондай-ақ келесідей қойылымдар кеңінен танылды: - «Кто стучится в мою дверь?» (режиссер Н.Жубаниязов, Тахауи Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық театры) <sup>115</sup> ; - «Жаннат» (режиссер М. Томанова, Батыс-Қазақстан облыстық қазақ драма театры) <sup>116</sup> ; - «Адасқандар» (режиссер К. Жұмабеков, С. Сейфуллин атындағы Қазақ драма театры) <sup>117</sup> ; Маңғыстауда жастар мен аға буынға арналған «Ананың ақ сүті», «Әке өкініші» спектакльдері қойылды. Қостанай облысында студенттермен мини-спектакльдер сахналанды.
14 Рухани Керуен	Алғаш рет экстремизмнің алдын алу мақсатында ШҚО аумағында қолданылды, <sup>118</sup> содан кейін өзге өңірлерде кеңінен тарала бастады.	2019 жылы Алматы облысында «Рухани керуен» жобасының III кезеңі аясында 11 шекаралас ауданда 20 мың тұрғынды қамтыған 160 астам шаралар ұйымдастырылып, 12 мың кітапшалар, флаерлер және буклеттер таратылды. <sup>119</sup> 2020 жылы бұл жоба онлайн форматта жалғасып келеді.
15 Қысқа мерзімді кәсіби курстар, әйелдер клубтары, шеберханалар, мастер-классстар	Кәсіпке оқыту кезінде, кейіннен кәсіп жүргізу аясында психологиялық кедергілер еңсеріледі, жаңа қатынастар қалыптасады. Адам ұжымдық қызметке дағдыланып, нәтижесінде оның қоғамға бейімделуі тез жүреді	Дін мәселелерін зерттеу орталықтары жанындағы кәсіби курстар, тілдік курстар өткізу тәжірибесі 2015-2018 жылдары кеңінен таралды. Қазіргі уақытта бұл әдістерді діни бірлестіктер өз тәжірибесіне енгізген. <sup>120</sup>

113 Атырау қаласында Қазақстан Республикасында алғашқы рет экстремизм туралы спектакль өтті. URL: [https://forbes.kz/news/2013/12/26/newsid\\_47759](https://forbes.kz/news/2013/12/26/newsid_47759) (қаралған күні: 27.08.2020ж)

114 «Шырмауық» спектаклі. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=G0KLB0G7Ykk> (қаралған күні: 27.08.2020)

115 Қазақстан экстремизммен өнердің көмегімен күреседі. URL: [https://central.asia-news.com/ru/articles/cnmi\\_ca/features/2016/09/20/feature-01](https://central.asia-news.com/ru/articles/cnmi_ca/features/2016/09/20/feature-01) (қаралған күні: 27.08.2020)

116 Оралда деструктивтік діни ағымдар тақырыбы бойынша «Жаннат» спектаклінің тұсаукезепі өтті. URL: [https://www.inform.kz/ru/ural-ske-proshla-prem-era-spektaklya-zhannat-na-temu-destruktivnyh-religioznyh-techeniy\\_a2782168](https://www.inform.kz/ru/ural-ske-proshla-prem-era-spektaklya-zhannat-na-temu-destruktivnyh-religioznyh-techeniy_a2782168) (қаралған күні: 27.08.2020ж)

117 «Адасқандар» спектаклінің видеонұсқасы. URL: [https://www.youtube.com/watch?v=wyV3xqw1yW0&feature=emb\\_logo](https://www.youtube.com/watch?v=wyV3xqw1yW0&feature=emb_logo) (қаралған күні: 27.08.2020)

118 Рухани Керуен - Духовный караван. URL: <https://yvision.kz/post/437328> (қаралған күні: 27.08.2020ж)

119 Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыру жоспарының қорытынды ақпараты. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/24370?lang=ru> (қаралған күні: 21.06.2020ж)

120 Астанада әйел жамағатына арналған мастер-класс өткізілді. URL: <https://kazislam.kz/v-stolitse-proshel-master-klass-dlya-zhens/> (қаралған күні: 27.08.2020ж)

16	Қасиетті орындарға экскурсиялар	Экстремисттік діни ағымдардан зардап шеккендер қасиетті жерлерге, мұражайларға барып, туған жердің тарихи, мәдени және рухани мұрасымен танысады.	2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Республикалық өлкетанулық акция өтті. <sup>121</sup> Атырау облысында әйел жамағатына (соның ішінде «Жусан» операциясымен оралғандар) мұражайларға, Сарайшық және Лаэрти қалашықтарына экскурсиялар жыл сайын өткізіледі
17	Ашық және жабық режимде кері байланысты қамтамасыз ету	Ашық режимде: іс-шара соңында блиц-сауалнама нәтижелері бойынша АТЖ-ның проблемалары талданады, оның бағыттарына коррекция жүргізіледі. Жабық режимде: бір-екі апта өткен соң алған білімдерін, шығарылған қорытындыларды анықтау мақсатында аудиторияға сауалнама өткізіледі (Павлодар қ.)	Барлық өңірлерде жүргізіледі. Мысалы, Ақтөбе қаласының колледж студенттері арасында мини-сауалнама аясында қойылған «Сізді оқудан тыс уақытта ең қызықтыратын нәрсе не?» деген сұраққа оқушылардың 50%-дан астамы «дін мәселелері» деп жауап берген. Іс-шара алдында сұрақтар мен тілектер жазу үшін стикерлер таратылады. Құпия түрде өткізіледі (Ақтөбе облысы)
18	Шара алдында аудиторияның қызықтыратын тақырыптарды блиц талдау (сілтемелі сұрақтар)	Аудиторияның қызығушылығын, дінге қатысты ой-пікірлерін анықтауға, сол арқылы шараның одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.	Қарағанды облысында сұрақ-жауап формасында белсенді түрде жүзеге асырылуда. ШҚО мамандарымен әңгімелесу алдында бейнематериал көрсетіліп, талқылау ұсынылады.
19	Өткізілген іс-шараларды әріптестермен талқылау	Әріптестер арасында «қателермен жұмыс жасауға», оң нәтижені айқындауға мүмкіндік береді (аптасына 1 рет)	Ақтөбе және Қарағанды облыстарында белсенді түрде жүзеге асырылуда

*АТТ-ның тиімді әдістемелерін әзірлеу мен қолдану бойынша өңірлік тәжірибелерді талдау көрсетті:*

- соңғы жылдары отандық АТТ мүшелері едәуір тәжірибе жинақтап, АТЖ-ның тиімді әдіс-құралдарын жинақтады;
- идеологиялық әсер ету формаларын, әдістерін, уақыты мен орнын таңдау объективті жағдайларға байланысты, алайда әрдайым адрестік топтардың сұраныстарымен анықталады;
- АТЖ әдістемелік құралдары мен әдістерін пайдалану бойынша негізгі принциптер қалыптасты;
- өңірлердің басым көпшілігі АТЖ-ның әдіснамалық құралдарын пайдалану барысында кешенді амал-тәсілдер пайдаланады.

### 3.2. Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің қызметін ынталандыру

Ынталандыру – тиімділікті жоғарылату мақсатында АТТ мүшелері қызметіне сыртқы орта факторлары әсер етуін реттейтін процесс.

Мақсаты – АТТ мүшелерін өз міндеттерін сапалы орындауға ықпал ету. Қазіргі заманғы менеджмент тұрғысынан алғанда ынталандыру еңбек тиімділігін арттырудың негізгі әдісі. Мамандар жұмысын сауатты түрде ынталандыру үшін ұйымдастырушылар тарапына ынталандырудың базалық әдістерін білуді талап етеді. Осы орайда, АТТ мүшелерінің жұмысын ынталандыруды келесідей тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

<sup>121</sup> Ақтөбенің оқушылары Қарағанды облысындағы қасиетті орындарға саяхат жасады. URL: <https://newtimes.kz/regiony/75376-shkolniki-iz-aktobe-posetili-sakralnye-mesta-karagandinskogo-regiona>



## 1. Құзыретті органдармен өзекті әдістемелік нұсқаулықтар мен ақпараттық материалдар контентін әзірлеу және бекіту

АТТ дәріскерінің ең маңызды міндеті – Қазақстан Республикасының мемлекеттік-конфессиялық саясатын анық және сауатты түрде түсіндіру, ағымдағы діни ахуалдан толық хабардар болу, діни ұйымдар палитрасы туралы ақпараттарды білу. Аталған міндетті жүзеге асыру үшін дәріскер әрдайым білімді болып, жаңа әдістер мен әлеуметтік зерттеулер мәліметтерін қолдана білуі керек. Сол себепті, АТТ-ның тиімді жұмысына АТЖ бойынша сапалы әзірленген материалдардың болуы ықпал ететін болғандықтан, оларды кем дегенде жарты жылда 1 рет жаңартып тұру қажет. Жалпы алғанда, республика бойынша аталған жұмыстар жүргізіліп келеді (2.2-бөлімде көрсетілген).

АТТ мүшесі дін саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырушысы тұлға ретінде *апробацияланған және тиімділігі дәлелденген* материалдармен қамтамасыз етілуі маңызды орын алады. АТТ мүшелерінде артық уақыт шығындауға, іс-шараларға толыққанды дайындалуға мүмкіншілік бола бермейді. Сонымен қатар, әрбір АТТ мүшесінің әртүрлі, соның ішінде интернет көздерінен жинақтап, өздігінен дайындаған контенті толық емес немесе мазмұны қатерлі болуы ықтимал.

Әдістемелік ұсынымдарда материалдарды әзірлеу кезінде қандай мәселелерге көңіл аудару керектігі көрсетілген.<sup>122</sup> *Әр түрлі аудитория үшін жіктелген ақпараттық материалдар контентінде келесідей мәліметтер болуы қажет:*

- мемлекеттік-конфессиялық саясат, қазақстандық зайырлылық моделінің жүзеге асырылуы, елдегі және әлемдегі діни ахуал, Қазақстанның діни палитрасы, орын алып отырған қауіп-қатерлер туралы өзекті ақпараттар;

- тұрғындар тарапынан қойылатын ықтимал сұрақтар және тиісті жауаптардың контенті (Нұр-Сұлтан қаласының сарапшы). Бұл АТТ мүшелеріне сапалы дайындық деңгейде әртүрлі топтармен іс-шара жүргізуге әсер етіп, объективті ақпараттарды сенімді түрде жеткізу мүмкіндік беретін болады;

- өңірлердің АТЖ жүргізуде қолданылатын интерактивті әдістері мен форматтары бойынша жиынтық тәжірибелер. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласындағы жастар арасында танымал қаһармандар, фильм/сериалдардың кейіпкерлер образдарын пайдалану бойынша тәжірибесін өзге өңірлерге трансляциялау. Ақтау мен Қостанай қалаларында қойылған спектакльдер мен мини қойылымдарды мамандар мен мақсатты топтар жылы қабылдады;

- визуалды материалдар, инфографикалар, иллюстрациялар, демотиваторлар, яғни қолданылатын материалдар ақпарат ұсынудың заманауи әдістеріне сай болуы керек.

*Әр түрлі аудитория үшін жіктелген ақпараттық материалдардың контентін әзірлеу келесідей бағыттарда әсер ететін болады:*

- АТЖ-ның базалық ұстанымдары мен әдістерінің біркелкілігін қамтамасыз етуге, өңірлердің озық тәжірибелерін аккумуляциялауға және трансляциялауға, зерттеулердің бірыңғай базасын құруға;

- дәріскердің субъективті ой-пікірі мен мемлекеттің конфессиялық саясаттағы позициясының ажыратуға. Сарапшылар атап кеткеніндей, жекелеген дәріскерлер кейбір тақырыптарды (мысалы, қоғамның зайырлылық принциптерін) түпкілікті білмегендіктен, жоспарланған тақырыптардың орнына діни немесе өзге тақырыптарға ауысып кету жағдайлары орын алады (Қызылорда облысы, Нұр-Сұлтан қаласы).

Жалпы айтқанда, сапалы әзірленген және эксперттік талдаудан өткен материалдар АТТ мүшелері үшін АТЖ шараларына дайындық кезінде маңызды ықпалдаушы факторға айналады, өйткені олар өз қызметінің бағыттарын және түрлі мақсатты топтармен жұмыс жасау бойынша өзекті ақпараттарды толыққанды білетін болғандықтан, өз жұмысының тиімділігін арттыруға ниеті арта бастайды.

## 2. АТТ мүшесінің жұмысын материалдық ынталандыру

Өңірлік АТТ 2013 жылдан құрыла басталды. Бастапқыда бұл жұмыс қоғамдық сипатта өткізіліп келді. Ол кездері негізгі міндет АТЖ жүргізу жүйелілігі мен тұрғындардың аталған іс-шараларға қамтылуын ұлғайту болған. Сол кездегі дәріскерлер құрамы қалыптасу кезеңінде тұрған болатын. АТЖ бастауында

<sup>122</sup> Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.



тұрған көптеген АТТ мүшелері танымал, өңірлердегі беделді адамдарға айналды және бүгінгі күндері АТТ негізін құрайды.

Кейбіреулері түрлі объективті себептерге орай дәріскерлер ретінде өз қызметтерін тоқтатқан. АТТ құрамына кетудің басты себебі қаржыландыру жоқтығы мен жүктеменің ауырлығы болды. Лекторлар бір күн ішінде әртүрлі мақсатты топтармен бірнеше АТЖ өткізіп келді. Бұл жағдай АТТ мүшелеріне физикалық тұрғыдан ғана емес, адами-психологиялық тұрғыдан да қиыншылықтар тудырды.

ЖАО кейбір басшылары АТТ жұмысының маңыздылығын түсінгендіктен өздерінің мойындарына жауапкершілікті ала отырып, үнемдеу қорлары есебінен дәріскерлер жұмыстарына төлемдер жасап келді. Осы кезде АТТ мүшелерінің тікелей еңбекақыларының төленуі өзге салалармен ұқсас принципте жүргізілді де, кез-келген мақсатты аудиторияда өткен бір іс-шара үшін орта есеппен 1200 теңге төленді. Айта кетері, тіптен сол кездердің өзінде аталған сомма белді АТТ мүшелерін ынталандырған жоқ. Қазіргі уақытта Қызылорда облысында АТТ мүшелерінің төлемі өзгермеген және 1 238,75 теңге құрайды. Кейінен өңірлер бір-бірінің тәжірибелерін қолдана бастады. Алайда, әрбір өңірде АТТ мүшелері қызметтеріне төлем берудің өзіндік құны белгіленіп қалған. Сондай-ақ, бюджетте АТТ мүшелеріне жалақы төлеу статьясы қарастырылмаған.

2015 жылдан бастап мемлекет АТЖ ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін қаржыландыру көздерін бөле бастады. Мәселен, [www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz) сайтында өңірлер бойынша АТЖ қаржыландырылуы туралы ашық ақпарат бар. АТЖ маңыздылығының өзгеруі мен қаржыландыруға бюджеттік қорлар бөлінуі қызметі мақсаты АТЖ ұйымдастыруға бағытталған қоғамдық ұйымдардың пайда болуына әкелді.

Айта кетері, бүгінгі күні әр өңірлердегі төлемдер жасау жүйелері біршама ерекшеленеді.

#### 14 кесте

##### Өңірлер бойынша АТТ мүшелерінің жұмысының төлем ақысы<sup>123</sup>

ҚАЛА	СОММА	ЕСКЕРТПЕ
АҚТАУ	Сағатына 1339 тг.	-
АҚТӨБЕ	42.000-60.000 тг. бастап еңбекақы + 2.000 - 3.000 тг. – бір өткізілетін шара үшін үстемақы	Штатта негізінен теологтар. ДІБ-ның мемлекеттік тапсырысын ұтып алған ұйымнан қосымша төлем.
АТЫРАУ	5.000 тг. облыстық АТТ мүшесіне кез-келген шара үшін, 3.000 тг. қалалық АТТ мүшелеріне	Төлем бекітілген, 4-5 жыл аралығында өзгермеген
ЖЕЗҚАЗҒАН	Сарапшы нақты сомманы атамады	Шара соңында қолма-қол төленеді немесе АТТ мүшесінің еркіне байланысты ай соңында төленеді. Сыйақы төлемі жүйесі бар, айына 1 рет АТТ-ның екі мүшесіне сыйақы беріліп отырады.
ҚАРАҒАНДЫ	Сарапшы нақты сомманы атамады	Мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыланады
КӨКШЕТАУ	Сарапшы нақты сомманы атамады	Төлемдер бекітілген нормативтер бойынша өткізіледі
ҚОСТАНАЙ	3.000 тг. облыстық АТТ мүшелеріне 1 шара үшін	Қалалық/аудандық мүшелерге төленбейді
ҚЫЗЫЛОРДА	1 сағатына 1238,75 тг.	-
НҮР-СҰЛТАН	Сарапшы нақты сомманы атамады	-
ПАВЛОДАР	Сарапшы нақты сомманы атамаған	Негізінен қоғамдық негізде қатысады

<sup>123</sup> Кесте сараптамалық сұхбат материалдары негізінде толтырылған

ПЕТРОПАВЛ	Төлем жасау қарастырылмаған	-
СЕМЕЙ	Сарапшы нақты сомманы атамады	Мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыланады
ТҮРКІСТАН	Сарапшы нақты сомманы атамады	Мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыланады, көлік шығындары енгізілген
ӨСКЕМЕН	Сарапшы нақты сомманы атамады	Нақты есептеме мәліметтері жоқ

Эксперттік сұхбат материалдарына жасалған талдау нәтижесінде келесідей мәселелер анықталды:

- өткізілген шаралар үшін тұрақты төлемді тек облыстық АТТ мүшелері ғана алады. Қалалар мен аудандардың АТТ мүшелері жүйелі негізде төлемдер алмайды және негізінен қоғамдық негізде жұмыс жасайды. Қостанай облысы сарапшыларының пікірінше, аудандарда АТТ шараларына бөлінген қорлар есебінен облыстық АТТ немесе ПАТТ мүшелерін шақыруға тырысады, сол себептен аудандық АТТ мүшелерінің еңбектерін төлеу үшін қор қалмайды. Алайда, аудандық деңгейдегі АТТ мүшелерін ынталандыру үшін сыйақылар бөлінуі мүмкін;

- АТТ мүшелері еңбегіне төлем жасаудың минималды көлемі Қызылорда қаласында тіркелді;
- СҚО қызмет ететін АТТ мүшелерінің еңбектеріне төлем жүргізу қарастырылмаған;
- ЖАО (ДІБ, ІСБ), ҚҚО, ДМЗО қызметкерлері АТЖ үшін төлемақы алмайды. Адамдардың бұл категориялары үшін АТТ жұмысы олардың функционалдық міндеттеріне кіреді немесе қоғамдық бастама негізінде жүргізіледі. Нәтижесінде, мақсатты топтарда АТЖ жүргізу ерекшеліктерін және дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелерін жақсы білетін ЖАО және ҚҚО құрамының тәжірибелі мамандары дәріскер ретінде қатысудан бас тарту жағдайлары орын алады. Петропавл қаласының сарапшысы айтуынша, АТЖ-мен кәсіби айналыспайтындар, яғни «дін мәселелері өздерінің кәсіби құзыретіне кірмейтіндер» төлем ақы алмайды немесе өзге де қаржылай ынталандыру әдістері қолданылмайды;

- жалпы алғанда, өңірлерде төлем жасау мемлекеттік арнайы тапсырыс арқылы жүзеге асырылуда. Тендер жеңімпаздары ретінде түрлі ұйымдық-құқықтық формалардағы және дін саласындағы жұмыс тәжірибелері әртүрлі заңды тұлғалар анықталуы мүмкін. Мәселен, 2020 жылы Қостанай қаласында мемлекеттік тапсырысты дін саласында жұмыс тәжірибесі жоқ жеке кәсіпкер жеңіп алған.<sup>124</sup> Осы аралықта Алматы, Ақтөбе, Нұр-Сұлтан қалаларының «Теологтар мен дін саласындағы өзге мамандар үшін біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру» мемлекеттік сатып алу лотын Тараз қаласының «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» жеңіп алды;<sup>125</sup>

АТТ мүшелері ретінде белсенді түрде ҚМДБ имамдары тартылады. Өткізілген шаралар үшін төлемақыны олар АТТ мүшелерімен тең дәрежеде алады, ал олар мемлекеттік тапсырыс жеңімпаздары ұйымдары есебінен қаржыланады. Айта кетері, 2017 жылдан бері имамдарды қаржылай қолдау және мемлекеттік-конфессиялық саясатты жүзеге асыру бойынша «Уақып» қоры жұмыс жасап келеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тапсырыстарды орындаушы ұйымдарға қойылатын талаптарды (ұйымдастыру-құқықтық формалары, ұйымның дін саласындағы жұмыс тәжірибесі, құзыреттілігі мен қызметкерлерінің ғылыми дәрежелігі т.с.с.) унификациялау мәселесі өзекті болып қалуда.

Қаражаттарды бөлу механизмдерін мен оның АТТ мүшелеріне төлену жолдарын кешенді зерттеу қажет. Сарапшылардың ортақ пікірінше, АТТ мүшелерінің қызметіне лайықты төлем беріліп, оған қоса төлем деңгейі мен төлем жасау жүйесі АТТ мүшелерін ынталандыратындай болуы керек.

Ашық қолданыстағы [www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz) ресми сайтындағы материалдарға қатысты жүргізілген блиц-талдау көрсеткендей, қандай да бір өңірлерде АТТ қызметін қаржыландыру көлемі әртүрлі шамаларға тең. Мәселен, соммалар 174 мың теңгеден 54 миллион теңгеге дейінгі аралықта ауытқиды. Айта кетері, бөлінетін қаржылар нақты және объективті факторлармен корреляциялануы керек: өңір

<sup>124</sup> Эксперттік сұхбат материалдары

<sup>125</sup> <https://www.goszakup.gov.kz/ru/announce/index/4182449?tab=general> (қаралған күні 11.06.2020)

тұрғындарының саны, АТТ-ның сандық және сапалық құрамы, жоспарланған шаралар көлемі, өңірдегі діни ахуал және т.с.с.

Жалпы айтқанда, бүгінгі күні республика бойынша АТТ мүшелеріне ашықтық, унификация, әділдік принциптеріне негізделген төлемдер жасаудың бірыңғай әдіснамасы жоқ, сол себепті еңбек ақы аздығы АТЖ тиімділігін арттыруға әсер ететін факторға айналмай отыр.

### 3. АТТ мүшелерінің мәртебесін арттыру

АТТ мүшелері дін саласындағы мемлекеттік саясаттың ілгерілетуші функциясын атқарып келуде. Осы орайда, АТТ мүшесінің қоғамдағы мәртебесін жоғарылату арқылы АТЖ-ның тиімділігін арттыруға, тұрғындармен мемлекеттік саясатты дұрыс бағалауға әсер ететін атап кету қажет. Бұл жағдайда басты инициатор ретінде мемлекет болуы керек.

Осы орайда «Парасат» орталығының тәжірибесін атап кетуге болады. 2019 жылы бұл ұйым тарапынан АТТ мүшелері арасында әртүрлі номинациялар бойынша байқау ұйымдастырылды. Жүлделі орын алғандарға ақшалай сыйлықтар қарастырылды. Сапалы ұйымдастырылған шараның деңгейі сарапшылар тарапынан оң бағаланды. Алайда, шара бір реттік сипатта болды, бастамашы ретінде жеке ұйым әрекет етті. Сарапшылардың пікірінше, «Парасат» орталығы өткізген байқау АТТ жұмысының беделін біршама арттырды.

Қызметкерлердің еңбегін бағалау жүйесі қызметкерлерді материалды және материалды емес ынталандыру әдістерінен тұрады. Ақшалай емес ынталандыруға ұйымдастырушылар қаражаты есебінен біліктілік арттыру, мәдени шараларға тегін қатысу, шетелдік шараларға (конференция, семинарлар және т.б.) қатысу шығындарын өтеу, әлеуметтік пакет (сауықтыру орындарына жолдама), мекеме ішіндегі мәдени шаралар (корпоратив, тамақтануға төлеу және т.б.) жатқызылады.

Өңірлердің көпшілігі материалды емес ынталандыру әдістерін қолданады, атап айтқанда мақтау қағаздары мен алғыс хаттар табыстау, оған қосымша ақшалай сыйақы, сыйлықтар, біліктілік арттыру курстарына жолдамалар беру жолдары қарастырылады (Қызылорда, Қостанай облыстары).

### 4. Бағыттар бойынша үздік мамандарды қызметке тарту

Бүгінгі күні АТТ мүшелері тұрғындарға дін саласына қатысты мемлекеттік саясаттың мақсат-міндеттерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. АТТ алдына қойылатын міндеттердің стратегиялық маңыздылығына орай, АТТ мүшелігіне рекрутинг немқұрайлы сипатта өткізілмеуі керек, оның қатарына мақсатты топтармен адресстік жұмыстарға дағдысы бар мамандарды тарту керек.

АТТ мүшелері ғылыми және академиялық дәрежелерге ие, белсенді түрде ғылыми басылымдар шығаратын, түрлі тағылымдамалардан, соның ішінде шетелдік шараларға қатысқан болуы маңызды. Осының бәрі АТТ мүшелерінің өзекті зерттеу процестер жөнінде хабардар болуға септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, осы салада үздік насихатшы атану және бұл атақ болашақта қаржылай табыс әкелетінін түсіну АТТ мүшелері үшін ынталандырушы фактор болатыны сөзсіз.

### 5. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету жұмысы

АТТ қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қолайлы жұмыс жағдайын жасау маңызды аспектілердің бірі болып табылады.

Тұрғындар арасында адресстік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша Әдістемелік ұсынымдардың №1 Қосымшасында («Дін мәселелері бойынша АТТ мүшелері еңбекақысын төлеу сұрақтарына қатысты қаржыландыру шығындарының сметасы») АТТ мүшесіне еңбекақы төлеу бойынша шығындардың 5 түрі қарастырылады:

- АТТ дәріскерлеріне еңбек келісім-шарттарына сәйкес төлеу;
- іс-сапар шығындар (жол ақысы, тәуліктік және т.б. шығындар);
- үстеме шығындар: байланыс шығындары, интернет;
- полиграфиялық қызмет шығындары (буклеттер, кітапшалар, үнпарақтар);
- кеңсе заттарына жұмсалатын шығындар.<sup>126</sup>

<sup>126</sup> Тұрғындар арасында адресстік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

Көптеген өңір сарапшыларының ойынша, мемлекеттік тапсырыс жүйесі енгізілген соң материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету, АТЖ іс-шараларын жүргізу бағыты жүйелі сипатқа ие болып, ақпараттар жеткізудің заманауи әдістеріне сәйкес келе бастады (Нұр-Сұлтан қаласы, Қостанай, Қарағанды, Ақмола облыстары). Көптеген өңірлерде көлік, техникалық құралдарымен жабдықтау мәселелері толықтай шешілді (Маңғыстау облысы). Ақтөбе ДІБ-ның иелігінде бейнероликтер жасау студиясы ашылған.

Сонымен бірге, жекелеген өңірлерде (СҚО) жарнамаларға, көрнекі құралдарға, транспорттық шығындарға бөлінетін қаржылар жеткіліксіз. Сарапшылар берген сұхбаттарға нәтижесінде көлікпен қамту мәселелерін әр өңір өз мүмкіндіктеріне орай немесе мемлекеттік тапсырыс шарттарына байланысты шешеді. Мысалы, ДІБ қызметкерлері бір күн аралығында бірнеше шара өткізулері мүмкін және қоғамдық көліктерге жұмсалатын шығындарды өз қалталарынан төлейді (Ақтау, Ақтөбе). Сондай-ақ, Петропавл қаласының сарапшысы атап кеткеніндей, АТТ мүшесі өз есебінен шара өткізу орнына жетуі керек. Бұған қоса, сарапшы аталған мәселенің 5 жыл бойы шешімін таппай келетініне тоқталды.

Шалғай аудандарда, кешкі уақыттарда шаралар өткізу, бір күнде бірнеше шара ұйымдастыру ДМЗО қызметкерлері мен АТТ мүшелеріне едәуір жүктеме түсіреді. Нәтижесінде, АТТ мүшелерінің АТЖ өткізуден бас тарту жағдайлары тіркелген (Қостанай, Қарағанды облыстары).

АТТ мүшелеріне комфортты жұмыс жағдайын жасау сапалы қызмет атқарудың кепілі екендігін ескеріп, АТЖ іс-шараларын жоспарлау кезеңінде ұйымдастыру мәселелерін шешуге ерекше назар аудару қажет.

## 6. АТТ мүшелерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру

Қазіргі кездегі АТТ мүшесіне стратегиялық функциялар жүктелген, ол дін саласына қатысты мемлекеттік саясаттың барлық мәселелерін, дәстүрлі/дәстүрлі емес діндердің негізгі догматтарын, жаңа діни қозғалыстарды, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қазіргі заманғы психологиялық әсер ету әдістерін білуі керек. Осы орайда, АТТ мүшелерінің жұмысын ынталандыру мақсатында оларға жүйелі түрде біліктіліктерін арттыруға мүмкіндіктер ұсыну маңызды болып табылады.

Осы баяндаманың 2.3-бөлімінде республикалық және өңірлік деңгейлерде біліктілікті арттыру курстарының жүзеге асырылуы туралы ақпарат толық келтірілген.

АТТ саласындағы жұмыс білім мен дағдыларды, тәжірибе мен біліктілікті үздіксіз арттыруды талап етеді. Мамандар аталған жұмыстарды, соның ішінде ғылыми дәрежелерді алу мен тағылымдамадан өтуді өз уақыты мен қаражатын жұмсап жүзеге асырады.

АТТ мүшесі неғұрлым сапалы тұрғыда білімге, машыққа ие болған сайын, шараларды жоғары деңгейде жүргізуге деген қызығушылығы да өсе түседі. Осылайша, кейбір дәріскерлердің белгілі бір мақсатты аудитория алдында дәріс өткізу бойынша үлкен тәжірибе жинаған, алайда интерактивті сабақтар өткізу, үлкен аудиторияны басқару дағдыларын игермеген. Мұндай кездері ораторлық шеберлік курстары жұмысты жетілдіру тұрғысынан үздік ынталандыру факторы бола алады.

Сонымен қатар, АТЖ кезінде дәріскерлерге тұрғындар тарапынан агрессия білдіріліп, арандатушы жағдайлар орын алуы мүмкін. Осындай жағдайларда АТТ мүшелеріне сабырлық сақтау, арандатушылар әрекетіне бой ұсынбау, қарсы аргументтерді сауатты жеткізе білу аса маңызды. Осыған орай, мамандарға психологиялық қысымға тиімді қарсы тұру, шиеленісті жағдайларды болдырмау сияқты тақырыптарға арналған психологиялық тренингтер өткізу қажет. Осы шаралардың бәрі АТТ мүшелерінің эмоционалдық зейінінің жоғарылауына ықпал ететін болады.

Құқықтық және діни курстар, соның ішінде медиация бойынша семинарлар АТТ мүшелеріне шараларды тиімді өткізуге көмегін тигізіп, олардың өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыратын болады. Сол себепті, АТТ мүшелерінің дағдыларын жан-жақты жетілдірудің өзектілігі артуда.

ҚР АҚДМ ДІК 2019 жылы шығарған тұрғындар арасында адрестік АТЖ ұйымдастыру бойынша Әдістемелік ұсынымдардың 2.4-бөлімінде («Дін мәселелері бойынша АТТ мүшелерінің білімі мен дағдыларына қойылатын квалификациялық талаптар»), АТТ мүшесіне қажетті 10 талап келтірілген.<sup>127</sup> Аталған

127 Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар/Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К.-Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.

талаптарға толығымен сәйкес келетін дайын маманды табу қиын. Осыған орай, АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру АТТ мүшелерінің табысты қызметін ынталандыратын және жалпы АТЖ тиімділігін арттыратын өзекті де қажетті шарт болып қала береді.

### 7. АТТ мүшелерін жыл сайын аттестациядан өткізу шаралары

Аттестациялау – қызметкерді кешенді бағалау формасы, оның нәтижелері негізінде оның атқаратын лауазмына сәйкестігі, одан кейінгі қызметтік өсуіне лайықтылығы, еңбекақысын арттыруға/төмендетуге, жұмыстан шығару жайлы шешімдер қабылданады. Дұрыс және жүйелі түрде өткізілетін аттестациялау АТТ мүшесінің жұмыс сапасын арттыруды ынталандырушы стимул болып табылады.

Сонымен қатар, аталған іс-әрекеттер біліктіліктері сәйкеспейтін мамандардың уақытында жұмыстан босатылуына, мақсатты аудиторияларға қатысты ротациялауға, АТТ мүшелері құрамын жаңартуға ықпалын тигізуі керек. Аттестациялаудың қызметтік өсудегі ынталандырушы, материалдық марапаттау көлемінің ұлғайту факторына айналуы керек. Сонымен бірге, аттестациялауға бір бағытты міндеттерді шешу құралы ретінде қарап қана қоюға да болмайды.

Осы баяндаманың 2.3-бөлімінде өңірлердегі аттестация өткізудің ерекшеліктері жан-жақты қаралды.

### 8. АТЖ жүктемелерін АТТ мүшелеріне біркелкі үлестіру

Нақты құрылған жоспар, бағыттары бойынша тиімді бекітілген спикерлер тұрғындармен жүргізілетін АТЖ нәтижелі болуының кепілі.

Қостанай облысының сарапшысы түсіндіргеніндей, АТТ мүшелерінің көбіне негізгі жұмыс орнының басшыларынан рұқсат алу қиын. Жұмыс берушілердің бәрі бірдей түсіністікпен қарап, қызметкерлерін АТЖ шараларына босата бермейді немесе өндірістік талаптар жұмысшының босауына мүмкіндік бермейді (оқу процесі, үздіксіз өндіріс түрлері).

Нәтижесінде, кейбір АТТ мүшелері белсенді жұмыс жүргізсе, өзгелері шараларға сирек жұмылдырылады (Нұр-Сұлтан қаласы). Кейде АТТ мүшесін өз мамандығына қатысы жоқ бағытта пайдалану оқиғалары кездеседі.

Осы орайда, барлық АТТ мүшелерінің өздерінің мамандығына және физикалық мүмкіндіктеріне сай іс-шараларды жүргізуі тиімді АТЖ өткізудің факторына айналады.

### 9. АТТ мүшелері арасында корпоративтік бірлікті қалыптастыру

АТТ мүшелері ортақ қызмет түрімен айналысатына орай, олардың жұмыс тиімділігін арттыру үшін бірін-бірі жақсы білуі, бір-бірімен белсенді түрде ақпарат және әдістермен алмасуы маңызды. Эксперттік сұрақтар нәтижесінде кейбір қызметкерлер өз өңіріндегі АТТ-ның 5-6 мүшесінен артық білмейтіні, сәйкесінше өңірдегі жүргізілетін іс-шаралар сапасы мен саны жайында хабарсыз екендігі анықталды.

АТТ мүшелерінің қызметін ынталандыру мен позитивті ықпалдау ұйымдастырушылар мен тапсырыс берушілер үшін маңызды аспектілердің бірі болатыны түсінікті. Осындай қадамдар АТТ мүшелеріне білімдері мен дағдыларын жүйелі түрде жетілдіруге, жұмыс тиімділігі көрсеткіштерін арттыруға мүдделі болуына әсер етеді.

*Осы ретте АТТ мүшелері жұмысында қолданылатын ынталандыру әдістеріне жасалған талдау келесідей ерекшеліктерді айқындады:*

- қазіргі таңда АТТ мүшелерінің біліктілігін арттыру бойынша жүйелі шешімдер қабылдау қажеттілігі туындап отыр. Мамандардың біліктілігі мен мәртебесін арттыруға арналған іс-шаралар мемлекеттік органдар тарапынан тұрақты өткізілуі қажет;

- АТЖ материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайы жылдан жылға жақсарып келеді, алайда осы бағыттағы қаржыландыру механизмдері, әсіресе шалғай аудандарға көлік ұсыну жұмыстары жетілдіруді қажет етеді;

- АТТ мүшелері арасында АТЖ жүктемелерін біркелкі етіп бөлу механизмдері құрастырылмаған. Өңірлерлік тәжірибе көрсеткендей, АТТ мүшелерінің штат саны ауқымды болуы мүмкін, бірақ шын мәнінде саны шектеулі мамандар жұмыс жасайды (Маңғыстау облысы), немесе керісінше өңір тұрғындар мен мекемелердің санына шаққанда АТТ мүшелерінің жетіспеушілігі байқалады (Алматы қаласы);



- АТТ мүшелері қызмет ететін мекемелер және ДІБ, ДМЗО қызметкерлері арасында АТТ мүшелерін кедергісіз іс-шараларға жіберу бойынша тиімді көп жағдайда ынтымақтастық пен әріптестік орнатылмаған. Негізгі жұмыс беруші қызметкерінің қоғамдық маңызды шараларға қатысып жүргеніне оң көзқараспен қарағысы келмейді. Осы орайда, білікті мамандардың жетіспеушілігі өткізілетін АТЖ іс-шараларының сапасына кері әсерін тигізеді;

- АТТ мүшелеріне өңірлік ұжымдарының арасында АТЖ бағыттары бойынша өзара әрекеттесуге, тиімді әдіс-тәсілдермен тәжірибе алмасуға, өзекті мәселелерді талқылауға жағдай жасау қажет.

Қорытындылай келе, АТТ мүшелерінің қызметін ынталандыру бойынша кешенді іс-шараларды жүзеге асыру өткізілетін АТЖ іс-шаралар тиімділігі артуына, позитивті қоғамдық ой-пікір қалыптасуына, тұрғындардың мемлекеттік-конфессиялық саясатқа деген сенімін нығайтуына ықпал ететін атап кетуге болады.

### 3.3 Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша халықаралық тәжірибе

Шет елдерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстар әртүрлі формалар мен әдістерді пайдалана отырып, бірқатар бағыттарда жүргізіледі.

#### Ресей Федерациясы

Ресей Федерациясында діни экстремизммен күрес жүргізу жағдайына жүргізілген жүйелі талдау көрсеткендей, кешенді түрде жасалатын қарсы іс-қимылдар аса тиімді болып табылады:

- қоғамдық өмірдің барлық салаларында, мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлерінде жүзеге асырылатын сақтандыру шаралары;

- құқық қорғау органдарының экстремистік іс-әрекеттерді тоқтатуға қолданатын әдістері;

- жалған діни экстремизм себеп-салдарын бейтараптандыруға бағытталған іс-әрекеттер.

Қазіргі кезеңдегі РФ тән профилактикалық іс-шараларының негізгі бағыттары мен ерекшеліктері:

1. Діни бірлестіктердің, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттейтін заңнамалық талаптар сақталуын бақылау мен қадағалау бағыты бойынша **күштік (репрессивті) іс-шаралардың орнына құқықтық сақтандыру әрекеттерін қолдану аясы кеңейтілді.**

2. Экстремизм тудыруы ықтимал экзогенді және эндогенді салаларда жалпы профилактикалық іс-шаралардың өткізілуі жалғастырыла отырып, **сақтану бойынша ең тиімді әдістер (өңірлердің ерекшеліктері ескеріліп) негізінен жеке-профилактикалық жұмыс саласына ауыстырылды.** Осы бағытта Дербент қаласында (Дағыстан Республикасы) Севиль Наврузова басқаратын «Экстремизм профилактикасының орталығы» муниципалды бюджеттік мекемесінің тиімді қызметін атап кетуге болады. Ол өзінің негізгі жұмыс уақытын «ИГИЛ/ДАИШ» халықаралық террористтік ұйым қатарында соғысқа қатысу үшін шет елдерге кету ниетті ресейлік азаматтармен Skype бойынша жеке профилактикалық әңгімелер жүргізуге арнайды.

3. **Құқық қорғау органдары мен тіркелген діни ұйымдар өкілдерінің өзара іс-қимыл түрлері мен салаларын кеңейту.** Мысалы, Ресейдің Ішкі істер министрлігі және жедел қызмет аумағында жұмыс істейтін барлық мұсылмандық діни басқармаларымен, Орыс Православ шіркеу епархия өкілдіктерімен, еврей діни ұйымдарымен Солтүстік Кавказ федералдық округінің субъектілері бойынша «Ынтымақтастық туралы келісімдер» құжатына қол қойды.

4. **Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және ақпараттық қауіпсіздік бойынша мамандар дайындау және біліктіліктерін арттыру жүйесі жетілдіру мақсатында Мемлекеттік бағдарлама құру.**

Ақпараттық желілердегі контрпропаганда келесідей әдіснамалық принциптер негізінде жүргізіледі:

• **қарқынды қысым көрсету** – экстремисттік көшбасшылардың реакцияшылдық, адамгершілікке жат, кереғар идеологиялық ұстанымдары мен қадамдарын максималды әшкерелейтін құралдар мен әдіс-тәсілдерді қолдану; идеологиялық қарсыластарды тығырыққа тірейтін тақырыптарды талқылауға мәжбүрлеу;



• *алдын алу* – оңалтуға қарағанда алдын алу оңай; азаматтарды мектеп жасынан бастап діни төзімділікке, тұлғаның құқығы мен еркіндігін құрметтеуге тәрбиелеу тиімді контрпропагандалық жұмыстың кепілі болып саналады;

• *жеделдік* – оперативтік жағдайдың күрт ушығуына және жастар ортасында насихаттау жұмысын жүргізу қажеттілігіне орай, шұғыл түрде кезектен тыс іс-шараларды жүргізу;

• *бөлектеу* – жастар арасында экстремисттік бағыттағы қылмыстық топтар мен қауымдастықтарды қалыптасу сатысында ыдырату.

Ресей Федерациясында интернет-ресурстар арқылы қарсы іс-қимыл келесідей әдістер мен тәсілдер арқылы жүргізіледі:<sup>128</sup>

- экстремисттік мазмұндағы ақпарат таратуға мақсатталған арналарды бұғаттау;
- кереғар көзқарастарды дәлелді түрде сынау;
- тікелей әшкерелеу, экстремисттік пікірлерге ақиқатты қарсы қою;
- қандай да бір оқиғалар туралы шынайы ақпараттар тарату;
- экстремисттік ұйымдардың кез-келген насихаттық акцияларына ұтымды және уақытылы реакциялар таныту;

- интернеттің ресейлік сегментінде адами құндылықтарға негізделген басымдылықтар қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу. Соның ішінде «Терроризмге қарсы іс-қимылдың ұлттық порталы»,<sup>129</sup> «Ғылым мен білім террорға қарсы» порталы<sup>130</sup> және т.б. ресурстардың жұмысын жетілдіру.

### **5. Жастар арасында кешенді іс-шаралар ұйымдастыру, оның ішінде:**

- жастар ортасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- толерантты дүниетанымды, адамдардың ұлтына, діни сеніміне, әлеуметтік, мүліктік жағдайына және өзге мәселелеріне қарамастан бәріне ұстамдылықпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу;
- жастардың әлеуметтік және материалдық жағдайын жақсарту, жас мамандар жұмыспен қамтылуына көмектесу, әлеуметтік ықпалдастықты белсендіру, жастарға арналған тұрғын үй бағдарламаларын жетілдіру;
- білім алу және жұмыспен қамту арасындағы байланыстарды күшейту, қоғамдағы мәдениет пен тәрбие жұмысының деңгейін арттыру, өзге өңірлермен мәдени байланыстарды нығайту;
- отбасы институтында тәрбиелік функцияларды жандандыру;
- есірткіге қарсы тәрбиені күшейту.

### **6. Профилактикалық жұмыстарға қоғамдық ұйымдардың қатысуы.**

Мысалы, «Этноконфессиялық зерттеулер, экстремизмнің алдын алу және терроризм идеологияларына қарсы іс-қимыл орталығы» Оралдық ассоциациясы тұрғындардың түрлі категорияларына бағытталған 10 ақпараттық-ағартушылық бағдарлама әзірлеген. Атап айтқанда, түзету мекемелерінде, жетімдер үйінде, жағдайы төмен отбасылардан шыққан және ата-аналары жоқ балалардың арасында экстремизм мен терроризм профилактикасын өткізуге көп көңіл бөлінеді («Теріс қадам жасаған тұлғалармен жұмыс жасау концепциясы»).

Свердловск облысының имамдарына ислам дінін ұстанатын сотталғандармен жұмыс жасауды үйрету мақсатында әдістемелік семинарлар өткізіледі. «Орталық» мекемесінің сарапшылары жазалауды орындау федералды қызметінің мамандарына экстремисттік және террористтік ұйымдардың кереғар қызметі, соның ішінде сотталғандар арасында идеологиясын тарату формалары мен әдістері бойынша семинарлар өткізіп отырады. Жоғарыда аталған Орталық жүргізетін жүйелі жұмыс өзге елдер мен өңірлерде қолдануға болатын үлгі ретінде сарапшылардың тарапынан оң баға алды.<sup>131</sup>

*Сарапшылар ең тиімді мақсатты ақпараттық-насихаттау іс-шаралар ретінде келесідей бағыттарды атап отыр:*

128 Маркин В., Роговая А. Жастар ортасында экстремизм мен терроризм идеологиясы таралуына қарсы іс-қимыл. 2012. 142-146 бб.

129 URL: <http://www.antiterror.ru> (қаралған күні: 03.08.2020ж)

130 URL: <http://scienceport.ru> (қаралған күні: 07.08.2020ж)

131 Старостин А. Экстремизм мен терроризм идеологиясының профилактикасын өткізу мақсатында сотталғандармен жұмыс жүргізу формалары мен әдістері // Экстремизм профилактикасы. Жетістіктер мен қиыншылықтар: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2019, 148-160 б.

- БАҚ арқылы сәтті өткен контртеррористтік операциялар, сот процестері, террористтік және экстремисттік топ өкілдерін іздестіру, жою және соттау жөнінде оперативтік іс-шаралар нәтижелері туралы ақпарат жариялау, БАҚ көздерінде террористтік актілерді бейне және фото деректер көмегімен әшкерелеу;

- терроризм идеяларына негативті көзқарастар қалыптастыру, терактілердің қасіретін түсіндіру, тұрғындар арасында антитеррористтік үгіт-насихат жұмысына тікелей ат салысуға дайындық ниетін тәрбиелеу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- экстремизммен күресте оң нәтижелерге қол жеткізген өңірлерді, муниципалды мекемелерді, жекелеген ұйымдарды марапаттау;

- мәдени және ағартушылық бағытындағы қалалық бағдарламалар туралы кеңінен ақпараттандыру.

## Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық саясат жастар ортасындағы экстремистік көріністерді азайтуға бағытталып, келесідей нәтижелерді мақсат етеді:

- жастар жүздесетін әлеуметтік ортаны оңтайландыру: жақсарту, конструктивті өзара әрекеттесу үшін кеңістік құру, әлеуметтік жобаларды іске асыруға және жас ұрпақтың мәселелерін шешуге қатысу арқасында жастар арасында жағымды эмоцияларды ынталандыру;

- жастардың экстремистік өрісін оңтайландыру тетіктерін қалыптастыру, оны жою әдістерін жасау, оның орнына конструктивті әлеуметтік аймақтарды ұйымдастыру;

- жас тұлғаның әлеуметтену үдерісіне, оның ішінде оны жақын қоғамдастық пен жалпы қоғамның әлеуметтік-мәдени кеңістігінде тиімді әсер ету механизмдерін құру. Бұл жұмыстың нәтижесі – азаматтық пен патриотизм құндылықтарына бағдарланған толерантты, жауапты, табысты жеке тұлғаны қалыптастыру;

- қалыптан тыс агрессияның алдын алуға, әлеуметтік өзара әрекеттесу, рефлексия, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, толерантты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, деструктивті культтардан, ұйымдардан, субмәдениеттерден шығуға бағытталған психокоррекциялық жұмыс жүйесін дамыту<sup>132</sup>.

Жастар арасында экстремизмнің алдын алу үшін қызметтің келесідей негізгі бағыттары белгіленеді:

- жастар арасындағы агрессияны, шиеленісті, экстремистік белсенділікті төмендетуге жағдай жасау;

- табысты, тиімді, толерантты, отансүйгіш, әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін тұлға тәрбиелеу үшін жағдайлар қалыптастыру;

- қиын өмірлік жағдайға тап болған жасөспірімдер мен жастардың өмірлік мүмкіндіктерін арттыру үшін жағдайлар жасау;

- жасөспірімдер мен жастардың конструктивті әлеуметтік белсенділігін дамыту;

- позитивті жастар субмәдениеттерін, қоғамдық бірлестіктерді, қозғалыстарды, топтарды дамыту;

- жастардың экстремалды әлеуетін іске асырудың баламалы түрлерін қалыптастыру.

Діни экстремизмге қарсы тұру жүйесінің ең маңызды факторы – тәрбие мен білім беру жүйесі. Республикадағы мектептер мен жоғары оқу орындарында зорлық-зомбылыққа, ксенофобияға, төзбеушілікке қарсы шараларды жүзеге асыру және әртүрлі этникалық, әлеуметтік және діни топтардың өкілдеріне төзімділік көзқарастарын қалыптастыру мақсатында жастар экстремизмінің алдын-алу жүйесі жасалды.

Жастар арасындағы экстремистік көріністермен күресу үшін келесідей шаралар қабылданды:

- жастарды кәсіптік оқыту жүйесіне тарту, сондай-ақ бос жұмыс орындарын квоталау тәжірибесін кеңейту арқылы жұмысқа орналастыру мақсатында еңбекпен қамту саясатын әзірлеу және жүзеге асыру;

- әскери-патриоттық, спорттық және басқа да мамандандырылған лагерлерді көбейту, олардың қызметін ақпараттық-насихаттық тұрғыдан қолдау;

- экстремизм идеологиясын әшкерелейтін материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді және мақсатты түрде тарату.

132 Земляков Л.Е., Щекин Н.С. Беларусь Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық саясат. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvenno-konfessionalnaya-politika-v-respublike-belarus>

## Тәжікстан

Тәжікстан мемлекеті радикалдану үдерісін азайту, сондай-ақ экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасау үшін бірқатар әкімшілік іс-шараларды жүзеге асырады:<sup>133</sup>

- діни бірлестіктердің құрылу процесі мен қызметі тиісті бақылауға алынып, соның ішінде діннің саясатқа араласпау қағидасы қатаң сақталады;

- азаматтардың Меккеге діни қажылыққа бару процесі («Қажылық») реттеледі, соның ішінде кәметке толмағандарға және 40 жасқа келмеген тұрғындарға қажылыққа қатысуға шектеу енгізілді;

- азаматтардың діни білім алуы қатаң регламенттелген, оның ішінде исламдық білім беру мекемесінің жұмысын тек мемлекеттік стандарттар мен бағдарламаларға сәйкес жүргізуге рұқсат етіледі, ал заңсыз немесе «үйде» діни білім алуға тыйым салынады;

- шетелдік діни оқу орындарында, соның ішінде Иран, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Египет және т.б. елдерде діни білім алып жүрген 3500-ден астам оқушылар мен студенттер қайтарылды. Қазіргі уақытта «Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның 8-бабының 6-бөлігіне сәйкес, Тәжікстан Республикасында діни білім алғаннан кейін және уәкілетті мемлекеттік органдардың жазбаша келісімінен кейін ғана шетелде діни білім алуға болады;<sup>134</sup>

- елде зайырлы орта білім алу міндетті, оның ішінде қыздардың оқуы қатаң бақыланады; ата-аналар тарапынан балаларды білім алуына кедергілер келтірілген жағдайда, заңда қатаң айыппұлдар мен жазалар қарастырылған;

- Тәжікстан Республикасы Конституциясының 28-бабына түзету енгізіліп, діни партиялар құруға және жұмыс істеуіне тыйым салынады; сонымен қатар Тәжікстан Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі шешімімен экстремистік және саяси мақсаттар қоятын Тәжікстанның Ислам Ренессанс Партиясының қызметіне тыйым салынды.

Қоғамның радикалдануы мен экстремизмнің алдын алу бойынша идеологиялық-профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Алдын алу шарасы ретінде тұрғындар арасында кеңейтілген үгіт-насихат, идеологиялық және мәдени жұмыстар жүргізілуде:

- мемлекеттік қызметшілер, ғалымдар және шығармашылық интеллигенция өкілдері арасынан үгіттеу топтары құрылып, олардың тарапынан халықтың түрлі топтарымен радикалданудың қауіпі, экстремизм мен терроризмнің қатерлері жөнінде түсіндіру мақсатында тұрақты кездесулер өткізіледі;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде радио мен теледидарда радикализмге және терроризмге қарсы әртүрлі бағдарламалар кеңінен шығарылады;

- барлық білім беру мекемелерінде олардың деңгейіне, бағытына және меншік формасына қарамастан зайырлы білім беру талап етіледі; радикалды исламдық идеяларға қарсы ұлттық идеялар, ұлттық мәдениет пен бірегейлік, патриотизм құндылықтары насихатталады;

- халықтың осал топтарымен кешенді жұмыс жасауды қарастыратын жастар мен әйелдер үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Бұл шаралар оларды әлеуметтендіруге, құқықтық және саяси білім деңгейін көтеруге, сол ортада радикализм мен экстремизм ықпалының алдын алуға бағытталған;

- мемлекет әйелдер мен жастарды радикалданудан сақтау мақсатында қалалар мен ауылдарда мәдени және ойын-сауық орындарды, оның ішінде ауылдық клубтарды, кітапханаларды, спорт кешендерін, кәсіби секциялар мен үйірмелерді, тілдер мен дағдыларды үйрету курстарын дамытуда.

Тәжікстан өзінің географиялық орналасу ерекшеліктерін, мәселенің геосаяси маңызды болуын, жас ұрпақтың ақпараттық осалдығын ескере отырып, қоғамның радикалдануымен, сондай-ақ діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм қатерлерімен күрес жұмысын мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде бекітті.<sup>135</sup>

133 Хакназар И. Тәжікстан Республикасының экстремизм және терроризммен күрес бойынша мемлекеттік саясатының кейбір ерекшеліктері // Экстремизм профилактикасы. Жетістіктер мен қиыншылықтар»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2019, 40-48 бб.

134 Тәжік жастарының діни білім алуын қадағалау <https://stanradar.com/news/full/32472-kontrol-nad-religioznom-obrazovaniem-tadzhikskoj-mo-lodezhi.html> (қаралған күні: 10.10.2020ж)

135 Хакназар И. Тәжікстан Республикасының экстремизм және терроризммен күрес бойынша мемлекеттік саясатының кейбір ерекшеліктері // Экстремизм профилактикасы. Жетістіктер мен қиыншылықтар»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2019, 40-48 бб.

## Еуроодақ елдері

Позитивті және антирадикалды сана қалыптастыру үшін радикалданудың себептері мен факторларын анықтап, сәйкесінше оларды еңсеру бойынша тиімді шешімдер қабылдау қажет. Еуропалық, атап айтқанда британдық мамандар жастардың радикалды және экстремисттік қозғалыстарға тартылуына ықпал ететін келесідей факторларды атайды:

- өмірде өз орның таппағандар (оқуда, жұмыста, шығармашылықта, қоғамда);
- материалдық қиыншылықтар (еңбекақы мен баспананың жоқтығы, төмен тұрмыстық жағдай);
- әлеуметтік бөлектену, жатсыну, жаңа қауымдастыққа интеграциялану қиындықтары (жаңа ел, мектеп, университет, жергілікті қауымдастық);
- бірегейлік ізденістері (ұлттық бастаулардан қол үзіп алу, жергілікті дәстүрлерді қабылдамау);
- орта тарапынан қатынас пен көзқарас үшін кек сақтау (беделді тұлғалар және жастар арасында байланыс болмауы).

Еуропалық елдерде діни радикализмнің профилактикасы бойынша қолданылатын іс-шараларды және ақпараттық-контрпропагандалық жұмыстарды талдау негізінде төмендегі оң тәжірибелерді атауға болады:

1. Еурокомиссия бастамасымен Еуроодақта **Радикализация туралы ескертудің еуропалық желісі (Radicalisation Awareness Network)** қызмет жасап, мемлекеттерге діни-уәждемелі экстремизмнің алдын алу және күресу бағытында тиімді практикалар және әдістер бойынша өзекті ақпараттармен алмасуға мүмкіндік береді.

2. Еуропалық елдері миграциялық мәселелерге байланысты орын алып отырған исламистік радикализмнің алдын алу мақсатында **ислам қауымдастығының басшыларымен, әсіресе беделді діни көшбасшылар және имамдармен өзара іс-әрекеттер жасау жүйесін дамытуда**. Террористтік немесе экстремисттік актілер оқиғалары бойынша имамдар айыптау сипатындағы пәтуалар шығарады. Осындай бастамалардың тиімділігі Италия, Франция, Германия, Нидерланды, Ұлыбритания мен Испания мемлекеттерінде дәлелденді.

3. Бірқатар еуропалық мемлекеттердің үкіметтері **имамдар үшін білім беру бағдарламаларын жүргізіп**, сол арқылы олардың мемлекеттік билікке қолдау көрсетуін және дін саласы мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатқа түсіністікпен қарауын қамтамасыз етеді.<sup>136</sup>

4. **Виртуалды қауіп-қатерлерден қорғану бойынша бөлімдер ашылып**, радикалды және экстремисттік идеяларды насихаттайтын сайттарға терең мониторинг пен талдау жүргізіледі. Осындай бөлімдер Германия, Ұлыбритания және өзге еуропалық елдерде құрылған.

5. **Еуропадағы бірқатар елдерде жастар ортасында экстремизмнің алдын алу бойынша арнайы бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып келеді:**

- Австрия – Австрияның Ішкі істер министрлігі және жергілікті мұсылман қауымдастығы ислам мәселелері бойынша арнайы форум құрды;<sup>137</sup>
- Бельгия – «Қоғамдық қауіпсіздік және радикалданудың алдын алу» жобасы/«Community Policing and the Prevention of Radicalization (COPRA) Project»;<sup>138</sup>
- Ұлыбритания – арнайы 48 бағдарлама мен жобаны қамтитын «Превенция» стратегиясы/«Prevent Strategy», сондай-ақ «Rewind», «Soft Touch» және өзге жобалар;<sup>139</sup>
- Венгрия – «Азаматтық қатысу аптасы»/«A Week of Civic Participation» жобалары және т.б.;
- Германия – «Өмір»/«Hayat», «Team meX», «Демократияны зерттеу және демократияда өмір сүру»/«Demokratie lernen & leben», «Көпшіліктің тоғысуы»/«Schnittmengen» және басқалары;<sup>140</sup>

136 Примаков В.Л., Маткаримова Г.В. Этноконфессионалдық қарым-қатынастарды реттеудің негізгі бағыттары: еуропалық тәжірибеге шолу. Вестник МГЛУ. 2 (713) Шығарылым / 2015. 133-144 бб.

137 Cultural Harmony. The Next Decade 2002–2012. White Paper // New South Wales Government. URL : <http://catalogue.nla.gov.au/Record/3409670>

138 Сол жерде, 108 б.

139 Preventing violent extremism pathfinder fund 2007/08. Case studies//Department for Communities and Local Government: London. URL: <http://www.tedcandle.co.uk/publications/022%20Preventing%20violent%20extremism%20pathfinder%20fund%20case%20studie.pdf>. Process Evaluation of Preventing Violent Extremism Programmes for Young People // Youth Justice Board for England and Wales. URL: <http://www.justice.gov.uk/downloads/publications/research-and-analysis/yjb/preventing-violent-extremism-process-evaluation.pdf>

140 Rieker P. Juvenile Right-Wing-Extremism and Xenophobia in Germany: Research and Prevention // P. Rieker, M. Glaser, and S. Schuster (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 67–78.

- Дания – арнайы 40 жобаны қамтитын «Жалпыға ортақ болашақ» іс-қимыл жоспары, «Біз Копенгаген тұрғынымыз»/«We Copenhageners (VI'KBH'R')», «Нәсілшілдікке қызыл карта көрсет» және т.б.<sup>141</sup>
- Испания – «Ашық қоғам» институтының бастамалары;<sup>142</sup>
- Нидерланды – «Біз Амстердам тұрғынымыз»/«Wij Amsterdammers», «Қосылыңыз немесе артта қалыңыз»/«Meedoen of achterblijven», «Нәсілшілдікке қарсы ұлттық іс-қимыл жоспары» және т.б.<sup>143</sup>
- Норвегия – «Зорлық-зомбылықты тоқтат»/«Stop the violence», «Шіркеу жастарының жобасы»/«The Church Youth Project» және т.б.<sup>144</sup>
- Түркия – Түркия ұлттық полициясының жастар жобалары;<sup>145</sup>
- Франция – Терроризм профилактикасының ұлттық жүйесі/«The Plan Vigipirate» жоспары және т.б.<sup>146</sup>

- Швейцария – мектептердің әлеуметтік қызметкерлеріне арналған «Құрдастар топтарында профилактика жүргізу және араласу бағдарламалары»/«Peergruppenorientierte Präventionen und Interventionsangebote der Jugendhilfe in der Schule» жобасы және т.б.<sup>147</sup>

- Швеция – «Fryshuset» жастар орталығының әлеуметтік жобалары.<sup>148</sup>

Жалпы алғанда алдын алу жұмыстары екі негізгі бағытта жүргізіліп, екі ұстанымға негізделеді:

*Бірінші ұстаным* – жастар арасында радикализм таралуына жол бермеуге бағытталған жалпы әлеуметтік тәсілдер, яғни оларға өз жолын табуға мүмкіндіктер мен жағдайлар жасау (жеке шығармашылықтан бастап кәсіби мамандыққа дейін).

*Екінші ұстаным* – алдын алу жұмыстарына жастардың өзін тарту (қатарластардың өз қатарластарымен жұмыс жасауы).

Алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары екі негізгі бағытта жүргізіледі:

- Бастапқы профилактика (экстремисттік және террористтік идеялар ықпалына түсу ықтималдылығы жоғары жастармен жұмыс жасау).
- Радикалданған және ықпалға түскен азаматтармен жұмыс.

## ■ Ұлыбритания

Мемлекетте ауқымды әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып, оларға республикалық бюджеттен де, жергілікті бюджеттен де қаржы бөлінеді. Сонымен қатар, діни радикализм мәселелерін зерттеу ісімен айналысатын елдегі ірі коммерциялық емес халықаралық ұйым – **Радикалдану және саяси зорлық-зомбылық мәселелерін зерттеу жөніндегі халықаралық орталық** жұмыс жүргізуде. Орталықтың басты міндеттерінің бірі – мемлекеттік органдарға радикализм мен саяси зорлық-зомбылықпен күресудің тиімді әдістерін айқындауға көмек көрсету.<sup>149</sup>

**Түрлі деңгейлерде жастар ортасында радикалды идеялар таратылуының алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіледі.**

141 A common and safe future. An action plan to prevent extremist views and radicalisation among young people // Government of Denmark. URL: <https://ec.europa.eu/migrant-integration/index.cfm?action=media.download&uuiid=FBC310B9-FB85-7C31-946D632BC120D3B7>

142 Preventing Terrorism and Countering Violent Extremism and Radicalization that Lead to Terrorism: A Community-Policing Approach. – Vienna: OSCE, 2014. – 59-60 p.

143 Сол жерде.

144 Carlsson Y. Violent Right-Wing Extremism in Norway: Community Based Prevention and Intervention // Rieker, P., Glaser, M., and Schuster, S. (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 12–29.

145 Preventing Terrorism and Countering Violent Extremism and Radicalization that Lead to Terrorism: A Community-Policing Approach. – Vienna: OSCE, 2014. – P.139-140.

146 Multi-Cultural France is becoming a Multi-Racist Society: An Interview with Ch. Rojzman, conducted by S. Schuste // P. Rieker, M. Glaser, and S. Schuster (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 113–124.

147 Davolio M., Gerber B., Eckmann M., Drilling M. The Special Case of Switzerland: Research Findings and Thoughts from a Context-Oriented Perspective // Rieker, P., Glaser, M., and Schuster, S. (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 29–47.

148 Preventing Terrorism and Countering Violent Extremism and Radicalization that Lead to Terrorism: A Community-Policing Approach. – Vienna: OSCE, 2014. – P.158.

149 Process Evaluation of Preventing Violent Extremism Programmes for Young People // Youth Justice Board for England and Wales. – 2012. – URL: <http://www.justice.gov.uk/downloads/publications/research-and-analysis/yjb/> (қаралған күні:12.08.2020ж)



• Мәселен, «Muslim Youth Development Partnership» жобасы жүзеге асырылып, мұсылман жастарын еріктілер қызметіне тартуға және муниципалдық көшбасшылар мектептерінде оқытуға мүмкіндік жасалды.

• Жастар ортасында экстремизмнің профилактикасы бойынша бағдарлама («Болдырмау» стратегиясы/«Prevent Strategy», «Rewind», «Soft Touch» және т.б. жобалары).<sup>150</sup> Соңғы кездері бүкіл Еуропа елдерінің ішінен Ұлыбритания ішкі терроризмнен ең қатерлі және тұрақты қауіпіне тап болды. Соңғы болған террористік актілер шетелдік діни топтар емес, білімді жастар тарапынан жасалды. Сол себепті, Ұлыбритания 2003 жылы терроризмге қарсы кешенді CONTEST (Counter-Terrorism Strategy) стратегиясын қабылдап, оны төрт компонентке негіздеді:<sup>151</sup>

- Prevent (алдын алу). Ақпараттық жұмыс арқылы халықтың радикалдануын төмендетуге бағытталып, экстремизмнің себептерін анықтауды мақсат етеді;

- Pursue (жауапқа тарту). Белсенді экстремистік және террористік ұйымдарды анықтау және жою;

- Protect (қорғау). Ұлыбританияның лаңкестік шабуылдарға қарсы қорғанысын күшейту;

- Prepare (дайындық). Кездейсоқ террористік актілер әлі де орын алуы мүмкін, алайда дағдарыс жағдайына негізделген оқу-жаттығулар өткізу арқылы оларға әрдайым дайын болу қажет.

Іс жүзінде бұл жұмысты екі санатқа бөлуге болады:

- экстремистік идеялармен және қоғамдағы ықпалмен күресу, толеранттылық, қалыпты және демократиялық қағидаттарды насихаттау және радикалдануға осалдығын арттыратын факторларды жою бойынша жалпы профилактикалық жұмыс;

- экстремистік идеологияны қабылдау қаупі бар немесе онымен айналысқан адамдармен жеке тұлғалық мақсатты жұмыс.

Балалар мен мұғалімдер арасында экстремизм қаупі туралы хабардар ету, зорлық-зомбылықтың алдын алу және полицияға негативті көзқарастарды жою бойынша мектептерге арналған From one extreme to another («Бір шектен екіншісіне»), «Getting Together» («Бірігейік») сияқты полицияның сәтті бастамаларын атап кетуге болады.<sup>152</sup>

«From one extreme to another» – бұл театр компаниясы ұйымдастырған саяси оңшыл және исламистік радикализм арасындағы ұқсастықты көрсететін қойылым. Жоба экстремизм мен терроризмнің қаупі туралы балаларды оқытудың өте тиімді құралына айналып, Солтүстік-Батыс Англияның оқшаланған және экономикалық жағынан осал топтарда өмір сүретін 50 000-нан астам мектеп оқушыларын қамтыды. Қаржыландыру жергілікті бюджеттерден жүргізілді.

Бастапқыда Кардифф мұғалімдері, жергілікті имам және Уэльс мұсылман кеңесінің ғалымы «Getting Together» жобасын мектептер мен колледждерде өтетін сабақтарға арнап, DVD ретінде жасаған болатын. Жоба исламистік экстремизмді сынап, сонымен қатар мұғалімдерге қандай балалар оған бейім болуы мүмкін екенін үйретті. Мектептерге арналған «Getting Together» алғашқы жоба қазір Уэльс үкіметінің қолдауымен «Challenging Extremism» бағдарламасы арқылы жалғасын тапты. Бағдарлама мектептер мен колледждерге, әлеуметтік қызметкерлерге, жастарға, күзетшілерге, полиция қызметкерлеріне және радикалдануға бейім адамдармен байланысқа түсуі мүмкін басқа адамдарға ұсынылды.<sup>153</sup>

• *Нашақорлық профилактикасы.* Нашақорлық – діни-уәждемелі экстремизмнің ықпалына түсу қаупінен арттыратын фактор болып есептеледі. Ұлыбританияда орта білім беру жүйесінің шеңберінде есірткіге қарсы жұмыс екі бағытта жүзеге асады: біріншіден, барлық мемлекеттік мектептерде жаратылыстану пәнінің оқу бағдарламасына есірткіге қарсы компонент енгізілген, екіншіден, «Personal, social and health education» пәні (PSHE – жеке, әлеуметтік және денсаулық бағытындағы ағартушылық курс) бойынша бағдарламаға есірткіге қарсы компонентті енгізу ұсынылады. PSHE міндетті емес, бірақ мектептердің көпшілігінде оқытылады. Есірткіге қарсы профилактика бастауыш сыныптан бастап білім берудің барлық кезеңдерін қамтиды. Ұсынылатын материалдың көлемі мен мазмұны оқушылардың жасы ұлғайған сайын артады. Есірткіге қарсы білім беру бағдарламаларын (CHARLIE, Good Behavior Game, The Unplugged, Blueprint және т.б.) әзірлеу және жүзеге асыру, студенттермен интерактивті жұмыстың

150 Preventing violent extremism pathfinder fund 2007/08. Case studies //Department for Communities and Local Government: London. URL: <http://www.tedcandle.co.uk/publications/022%20Preventing%20violent%20> (қаралған күні: 14.08.2020)

151 Бураева Л. А. Жастар арасындағы кибертерроризм // Бизнес в законе. Экономикалық-құқықтық журнал, 2016, № 2. – 27 б.

152 Сол жерде.

153 Гизятова Л.А., Фахрутдинова А.В. Есірткеге қарсы тәрбие беру жұмысы экстремизм идеологиясына тиімді қарсы іс-қимыл жүргізу факторы ретінде // Жас ғалымдар арналған Қазан вестнигі. Педагогикалық ғылымдар, 2017, Т. 1, № 3 (3). - 35-39 бб.



әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану, профилактикалық жұмыстарды ұлттық және жергілікті деңгейде үйлестіру елдегі есірткі ахуалын салыстырмалы түрде тұрақтандыруға әкелді.<sup>154</sup>

• Ұлыбритания үкіметінің «Channel» жеке тұлғалық бағдарламасы экстремизм ықпалына түсуі ықтимал адамдарға көмек көрсетуге арналған. Бағдарламаға қатысу адамдардың өз еркінде. Ведомствоаралық байланыс арқылы жергілікті билік органдары, полиция, білім беру мекемелері мен жергілікті қауымдастықтар бірлесіп, үш негізгі мақсатты көздейді: радикалды экстремизмге кету тәуекелдігіне бейім адамдарды анықтау; тәуекелділік сипаты мен дәрежесіне баға беру; ықпал ету және жеке оңалту жоспарын құру. Ұсынылатын қолдау түрлеріне әлеуметтік бейімдеу, когнитивтік-мінез құлықты түзету терапиясы, оқыту және т.б. әдістер кіреді. Сонымен қатар, егер адамға теологиялық қажет болса, Бағдарлама аясында арнайы тәлімгерлік көрсететін мамандар ұсынылады.

Ұлыбритания Үкіметінің деректері бойынша «Channel» Бағдарламасының 142 жобасына 2015-2016 жылдары шамамен 42 000 адам қатысқан. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 2015 жылы Сирияға бару ниетінен 150 адам бас тартқан. Сондай-ақ, Бағдарлама 50 баланы шиеленіс аймағына барудан қорғап қалған.<sup>155</sup>

• *Спорт арқылы алдын алу.* «Бірге күшті Ұлыбританияны құрамыз» бағдарламасы аясында 2018 жылдың көктемінде «Колчестер Юнайтед» футбол клубымен арнайы жоба ашылды. Клуб бағдарламаны жүзеге асыру үшін жергілікті қауымдастықты біріктіру бойынша қаржыландыруға ие болды. Жобаның мақсаты мен міндеттері – салауатты өмір салтын ұстануға және дұрыс тамақтануға ықпал жасау, спорттың дамуына үлес қосу және оған жергілікті қауымдастықты кеңінен тарту, жас дарындардың потенциалын ашу. Бағдарлама аясында қала бойынша мектептер мен спорттық топтар қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жобаны жүзеге асыру барысында жергілікті қауымдастықтың мыңдаған өкілдері жұмысқа араластырылып, оларға бұқаралық сессияларда өзара ақылдасуға және қауымдастықтың ішкі жағдайын кері әсер тигізуі мүмкін мәселелерді талқылауға мүмкіндік жасалды. Бұл жоба этносаралық қиындықтарды шешу жолдарын бірлесіп айқындауға, жастардың радикалдануына жол бермеуге ықпал етті.

## Германия Федеративтік Республикасы

Еуропаның көп ұлтты елдерінің бірі. Радикалды діни ағымдармен күресудің позитивті тәжірибесі бар. Дін саласына қатысты жұмыс радикалдар мен экстремистерге профилактика жүргізу, райынан қайтару және оңалту бойынша өзіндік тәжірибеден туындаған әдіснамаларға негізделген.

• **Германия мен Швецияда 10 жылдан астам уақыт бойы «EXIT» («Шығу жолы») бағдарламасы жүргізіліп келеді**, ол адамдардың экстремисттік ортадан шығаруға бағытталған. Экстремизммен күрес бойынша қолдануға әлеуеті жоғары: тек Германияның өзінде 300 астам адам оның жұмысына қатысқан. Бағдарлама діни радикалды қауымдастықтан шығу ниетін танытатын адамдарға көмек қолын созуға бағытталған «НАТИФ» жобасында жалғасын тапты. Топтан шығуға ниетін білдіргендерге материалдық және өзге көмек түрін ұсынумен қатар, мемлекеттік және муниципалдық органдармен, білім беру мекемелерімен байланыс орнатуға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, осы Бағдарлама аясында оқытушылар, полиция қызметкерлері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер және экстремисттік идеология мен радикалдану процестері туралы білгісі келетіндер оқытылады. Ашылған сәтінен бастап Бағдарлама 500 қатысушыға экстремисттік ортаға түспеуіне көмек көрсетті. Сондай-ақ, осындай бағдарлама Дания мен Канада елдерінде де жүзеге асырылады.

• **«Энди» Бағдарламасы**, жасы 12-18 шамасындағы жасөспірімдер мен жастарға арналған комикстер сериясы түріндегі жинақ. Жастарға адаптацияланған формада экстремисттік қозғалыстарға қатысудың, соның ішінде діни радикализмнің келеңсіз салдары мен тигізетін кесірі түсіндіріледі (контенті тегін ұсынылады, мобильді қосымшалар жүктеуге немесе компьютерге көшіріп алуға болады). Зерттеушілер Германияның БАҚ арқылы діни-уәждемелі экстремизм мәселелерін ақпараттандыру бойынша коммуникациялық стратегиясын тиімді деп санайды.

<sup>154</sup> Сол жерде.

<sup>155</sup> Ларин Н.Ю. Жастар арасындағы экстремизмнің профилактикасы бойынша халықаралық тәжірибе. Білім беру саласы мен жастар арасындағы терроризм идеологиясына қарсы іс-қимыл: мақалалар жинағы / құраст. В.В. Каберник; МГИМО - Мәскеу. 2018. 130-145 бб.

## Дания

Бұрынғы лаңкестерді әлеуметтендіру бойынша тәжірибесі бар мемлекеттердің бірі. Елге қайтқан лаңкестерге ғана емес, олардың жақындарына да кешенді көмек қолын созу қарастырылған.

**«ЕХІТ» («Шығу жолы») бағдарламасы** бұрын террористтік әрекеттерге қатысы болған және лаңкестер жағында соғысқандармен жұмыс жасауға арналған. 2013 жылы Данияға оралған бұрынғы лаңкестерді дерадикалдандыру үшін ашылды. Бағдарламаның мақсаты – оларды реинтеграциялау, көмек көрсету, әлеуметтендіру, қоғамға және күнделікті бейбіт өмірге қайтару. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін мамандар тобы елге қайтқандар мен олардың жақындарына (мысалы, отбасына, достарына, білім беру мекемесіне т.с.с.) қандай көмек пен қызмет түрлері көрсетілуі қажеттігі жайлы шешім қабылдайды. Содан соң жазбаша түрде «Шығу жолы» жайында келісім жасалады, оның ішіне белгілі бір көлемдегі көмек түрлерінің тізімі кіреді. Мысалы, жұмыспен қамту, тұратын орын ұсыну, медициналық қызмет түрлері, әлеуметтік адаптация мен терапия сияқты көмектер. Бұл бағдарлама шет елдерден оралып, Дания аумағында ешқандай қылмыстық іс-әрекеттер жасамаған адамдарға ғана қолжетімді. Яғни, бағдарлама террористтік іс-әрекеттерді тоқтатып, қоғамға қайтадан реинтеграциялануға және бейбіт өмірге қайтуға ниеттенген азаматтарға бағытталған.

Сонымен қатар, халықаралық *«Erasmus+»* бағдарламасы да жастарды экстремизмнің алдын алу саласындағы жұмыстарға тарту ісіне қатысады. Осы бағдарлама аясында 2018 жылдың жазында «Жастар экстремизм мен радикализмге қарсы» атты жоба іске қосылды. Жастар арасында тәжірибе алмасуға арналған халықаралық жоба 5 елден (Венгрия, Армения, Грузия, Түркия және Эстония) 35 жасты қамтыды. Жоба екі кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезең – тақырыптарды, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді зерттеу. Бірінші және екінші кезеңдер аралығында қатысушылар зерттеулер жүргізіп, өздерінің жергілікті қауымдастықтарында радикализация және экстремизммен күресу үшін пайдалы идеялар мен мүмкіндіктерді зерттеген. Екінші кезең – идеялар жинау, білім мен тәжірибе алмасу және дерадикализация мен экстремизмге қарсы күрес бойынша нақты жастар жобаларын жүзеге асыру.

## Нидерланды

Голландия билігі радикалдану үдерісін әлеуметтік поляризациямен байланыстырады және оны негізінен қоғамдағы өзіндік ерекшелік пен орын іздеумен байланысты жастарға тән құбылыс деп санайды. Осылайша, радикалдануға қарсы стратегия қоғамнан шығарылған топтардың негізгі қоғамға интеграциялануын жеңілдету арқылы әлеуметтік келісімді нығайтуға бағытталған.<sup>156</sup>

Үкімет радикалдануға қарсы стратегияның жалпы параметрлерін белгілеп, радикалдануға қарсы күреске қажетті мамандарды оқыту жауапкершілігін өзіне алды және кейбір жобаларды қаржыландырды. Сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдар адамдарды радикалдануға бейім ететін кейбір мәселелерді шешуге тырысты, мысалы, дискриминацияны азайту, жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттыру, мемлекеттік тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз ету, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, демократиялық процеске барлық азаматтардың қатысуы үшін жағдайлар жасау.

2007-2011 жылдарға арналған Нидерланды еліндегі поляризация мен радикалдануға қарсы іс-қимыл Жоспары үш әдісті белгіледі.

- Бірінші жол профилактиканы, дер кезінде ескертуді және кірісуді қамтиды. Бұл іс-шараларды жергілікті жас қызметкерлермен, сабақ барысын бақылаушылармен, полиция және басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен жүзеге асырылды.

- Екінші жол радикалдануға қарсы жергілікті саясатты қолдаудың ұлттық деңгейіндегі ұстанымына қатысты болды.

- Үшінші жол халықаралық дәрежеге жатады, ол ЕО шеңберінде және одан тыс жерлерде радикалдану мен поляризацияны азайтуға және ұлттық радикалдануға қарсы саясатты Голландияның сыртқы саясатының мақсаттарына сәйкестендіреді<sup>157</sup>.

Жергілікті деңгейде іс-шаралар Жоспары радикалданудың алдын алу, экстремизм белгілерін анықтау үшін қатаң және жұмсақ шараларды қолданды. Жұмсақ компонент құрамына мұсылмандардың

<sup>156</sup> Кайратұлы Ж.Т. Дерадикализация жүргізу бойынша голландық әдіс-тәсілдің негізгі ерекшеліктері. URL: <http://cipr.kz/ru/media/stati/klyuchevye-osobennosti-gollandskogo-podhoda-k-deradikalizacii.html>

<sup>157</sup> Сол жерде.

теледидарлық бағдарламалары мен мұсылман үкіметі қаржыландыратын сайттар туралы пікірталастарды жеңілдету, әртүрлі пікірлерді талқылау үшін көпшілік жиналыстар ұйымдастыру, білім беру жүйесінде қалып қойғандарға қосымша қолдау көрсету және олардың еңбек нарығына шығуын жеңілдету кірді. Жұмсақ тәсіл полиция мен қоғамдастық өкілдері арасында сенім мен түсінушілікті қалыптастыруға бағытталған.

Қатаң компонентке саяси зорлық-зомбылық көрсететін топтарға тыйым салу немесе жеке адамдардың оқшаулануына дейін бірқатар тәртіптік және мәжбүрлеу шаралары кірді. Қатаң тәсілдің шеңберінде Голландияның Жалпы барлау және қауіпсіздік қызметінің өкілеттіктері едәуір кеңейтілді және терроризмді қолдайтындарға немесе зорлық-зомбылық әрекеттерін жасағысы келетіндерге қатысты заңдар күшейтілді.<sup>158</sup>

## Америка Құрама Штаттары

АТЖ орталық, сондай-ақ жергілікті деңгейлерде жүргізіледі. Негізгі акцент түрлі жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қойылды, оған әртүрлі ұлт пен діни нанымдағы азаматтар тартылды. Көбіне студенттер мен жастар назарға алынды.

- Нәсілшілдік-этникалық алауыздық себептеріне байланысты экстремисттік топтармен жасалатын қылмыстармен айналысу мақсатында **Қылмыстың алдын алу жөніндегі Ұлттық орталық жұмыс жасайды**. Орталық қылмыс түрлерін айқындау, тергеу және алдын алу бойынша мемлекеттік және құқық қорғау органдарына арналған арнайы нұсқаулықтарды дайындайды.

- **Діни радикализмге қарсы іс-қимыл жөніндегі азаматтық қоғам институттары құрамында толеранттылық орталықтары жұмыс жасайды**, олар штаттар деңгейінде әрекет етеді (коммерциялық емес ұйымдар мен қорлар есебінен қаржыландырылады). Олардың арнайы бөлімдері көптеген діни мекемелерде қызмет етеді (мысалы, мешіттерде), діни төзімділікке насихаттау бойынша оқыту бағдарламалары жүзеге асырылады, өзге дін мен конфессия өкілдері және еріктілер қозғалысы бірлескен шаралар ұйымдастырады. Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары діни радикализмнің алдын алу бағытында ақпараттық саясатқа және БАҚ-пен қарым-қатынас құру мәселесіне ерекше көңіл бөледі.

- **АҚШ жоғарғы оқу орындарындағы Алуандық және Интеграция орталықтары (Diversity&Inclusion Center)**. Студенттерді кампуста өмір сүруге және өзге білім алушылармен кикілжіңсіз бірлесе тұруға интеграциялау үшін арнайы академиялық және шығармашылық бағдарламалар ашылып, оған университеттің барлық техникалық, әлеуметтік және тұрмыстық ресурстарын қолдануға болады. Тақырыптық шаралар ғана емес, сондай-ақ өзге штаттардан келген студенттерге жаңа орынға тез бейімделуге және радикалды топтарға түспеуіне көмектесу мақсатында колледждер мен факультеттер тарапынан арнайы мультипәнаралық оқу бағдарламалары да жүзеге асырылады.

- **Студенттерге кәсіби бағдар беру жұмыстарына жоғарғы оқу орынының түлектері де қатысады**. Мүмкіндіктер бәріне бірдей қолжетімділігін көрсету үшін әртүрлі ұлт өкілдерінің табысты бизнесмендері шақырылады. Мансаптық жәрмеңкелер өткізіледі, бірінші курс студенттері ірі компания өкілдерімен әңгімелесе алады (мысалы, Google, Facebook, Microsoft).

- **Жоғары оқу орындарында тек қана академиялық дайындау ғана өткізілмейді**. Әлеуметтік өмір өте жақсы дамыған: көптеген әртүрлі клубтар, демалыс орталықтары мен секциялар жұмыс жасайды. Барлық бағдарламалар мен курстардың студенттері бос уақыттарында шығармашылықпен айналыса алады (әсіресе музыкалық, теле-, кино-, көркем бағыттар жақсы дамыған). Шет елдік студенттер үшін қауымдастыққа интеграциялау мақсатында экскурсиялық бағдарламалар құрастырылып, жүзеге асырылады, соның ішінде оларды студенттік кеңестің бастамашыл топтары да дайындайды.

- **Жастардың Медиа Орталықтары**. Көптеген жастар медиа-орталықтары жұмыс жасайды. Олардың миссиясы – шынайы ақпараттық өнім өндіре отырып, цифрлық және ақпараттық технологияларға оқыту. Жастардың өздері жұмысына белсене қатысатын БАҚ-тары бар. Жұмысқа ұлттық бірлестіктер мен жағдайы төмен жастарды тарту мәселесіне ерекше назар аударылады. Американың әрбір университеті мен ірі колледжінің контентпен өз кабельді телеканалын немесе тіпті ұлттық желіні қамтамасыз ететін телевизиялық студиясы бар. Мысалы, Майами университеті өз контентімен 150 ұлттық және

<sup>158</sup> Кайратұлы Ж.Т. Дерадикализация жүргізу бойынша голландық әдіс-тәсілдің негізгі ерекшеліктері. URL: <http://cipr.kz/ru/media/stati/klyuchevye-osobennosti-gollandskogo-podhoda-k-deradikalizacii.html>

халықаралық телевизиялық каналдарды қамтамасыз етеді. Жастардың радиостанцияларына арнайы FM-жиіліктері ұсынылып, тәулік бойы хабар таратылады. Үздік журналисттік жұмыстар сыйлықтармен марапатталады.

• **Интерактивті «Қуыршаққа айналма» онлайн ойыны.** Бұл 2016 жылы АҚШ Федералды тергеу бюросының Қоғаммен байланыс жөніндегі басқармасы және Серіктестермен өзара қарым-қатынас бюросының бірлесе жасаған Жобасы. Жасөспірімдерді тегін оқыту мақсатында «Don't be a Puppet» интернет-бағдарламасы құрастырылған. Бұл интерактивті сайт (жастар үшін түсінікті квест ойыны түрінде жүзеге асырылған) жасөспірімдерді зорлық-зомбылық сипатындағы экстремизм жайлы ақпараттандырып, әлеуметтік желілерде кімнің соған үгіттейтінін анықтауға үйрену үшін арналған. Сайттың үйретуінше радикалды идеяларды қабылдаған жасөспірімдер экстремисттер мен террористтердің қуыршағына айналып шыға келеді, ал олардың мақсаты жасөспірімдерге өз айтқанын орындату. Алғашқы айлардан бастап-ақ ресурсты 7 400 адам пайдаланды. Ойын бес негізгі бөліктен (деңгейден) тұрады, оны жасөспірімдер өтіп бағдарламаны табысты аяқтауы керек. Әрбір деңгейден өткен сайын ол Қуыршақты құтқарып отырады. Ойынның бір деңгейіне қосымша «Экстремизмге апаратын тайғақ жол» ойыны енгізілген. Ойынның міндеті – кейіпкерді тосқауылдардан өткізу, әрбір тосқауылда экстремизм белгісі жасырылған. Жасөспірім оларды анықтап, жылдам реакция танытып, сақ болуы керек. Бір қызығы, бес негізгі бөлім аяқталған соң, жасөспірімдерге курстан өткені туралы Федералды тергеу бюросының сертификаты табысталып, «Құттықтаймыз! Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша Федералды тергеу бюросының тренингін аяқтағаныңыз үшін Рақмет!» деген мәлімдеме шығады.

• **АҚШ-тағы экстремизмге қарсы күрес бойынша ұлттық байқау.** Конкурсқа қатысу үшін студенттер экстремизм мен өшпенділікке қарсы іс-қимыл бойынша әлеуметтік немесе цифрлық жобалар әзірледі және жүзеге асырды. Мысалы, Небраска университетінің студенттері Небраскадағы босқын отбасыларына деген көзқарасты өзгерту үшін онлайн және офлайн науқанын жүзеге асырды. Вирджиния Галлнер: «Біз адамдарға осы отбасылардың қай жерде екенін және бастарынан өткен жағдайларды жақсы түсіну үшін жергілікті босқындар отбасының оқиғаларымен бөлістік. Сайып келгенде, біз адамдарға эмпатияны арттыруға көмектескіміз келді». Студенттер өздерінің жарияланымдарының босқындарға қатысты жағымсыз әлеуметтік желілердегі әсеріне қарсы тиімділігін бақылап отырды. Әр түрлі топтардың хабарламалары қаншалықты тиімді болғанын, оларға жаңалықтар хабарламалары қалай әсер ететіндігін анықтау үшін арнайы маркетинг әдістерін қолданды. Нәтижесі: хабарламалардың екі жиынтығы да қатты эмоцияларды тудырды, бірақ топтың цифрлық жұмысы ұйымдастырылған офлайн шараларымен бірге өткізілгені босқындар арасында оң көзқарас қалыптастырды.<sup>159</sup>

• **Интернеттегі экстремизмнің профилактикасы.** АҚШ интернеттегі діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бағытында біршама жетістіктерге жетті. Бұл жұмысқа қатысатын ұйымдар мен бөлімдердің саны айтарлықтай көп. Олардың қатарында: кибернетикалық кеңістіктегі әскери іс-қимылдарды басқару (USCYBERCOM), Терроризмге қарсы ұлттық орталық, Терроризмге қарсы стратегиялық өзара іс-қимыл орталығы. Осының бәрі АҚШ-қа интернет кеңістігін басқа елдерге қарағанда тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Ғаламдық желіге қол жетімді жерлерде, мәселен кітапханалар мен мектептер сияқты орындарда экстремистік сайттарға кіруді шектеу үшін сүзгілер қолданылады. 2015 жылы АҚШ экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің жаһандық желідегі жаңа кезеңінің басталғаны туралы мәлімдеме жасап, радикалды идеологтар жаңа мүшелерді тарту үшін интернетті ыңғайлы құралға айналдырғандықтан, келешекте құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің басты назары соған бағытталатыны ескертілді.<sup>160</sup>

• **Джорджия штатының тергеу Бюросы (Georgia Bureau of Intelligence, GBI)** 2012 жылдың қазанында арнайы қызмет мамандарының әлеуметтік желілерде отыруын ұйымдастыру жөніндегі стратегиясы жариялады. Оларға сәйкес, Бюро қызметкерлеріне өз статустарын желіде пайдаланудың әртүрлі тактикалық тәсілдердің қолдану құқығы берілген: ашық, көзге түспеу (шифрланған) және құпия (жариялы емес). Офицерлер мен аналитиктер визуалды бақылау және әлеуметтік желілерден ақпараттар жинау

159 Ларин Н.Ю. Жастар арасындағы экстремизмнің профилактикасы бойынша халықаралық тәжірибе. Білім беру саласы мен жастар арасындағы терроризм идеологиясына қарсы іс-қимыл: мақалалар жинағы / құраст. В.В. Каберник; МГИМО- Мәскеу, 2018, 191б.

160 Winship C. End of a Miracle? Crime, Faith, and Partnership in Boston in the 1990's. – URL: [http://scholar.harvard.edu/files/cwinship/files/end\\_of\\_a\\_miracle\\_0\\_0.pdf](http://scholar.harvard.edu/files/cwinship/files/end_of_a_miracle_0_0.pdf)



жағдайында әртүрлі деңгейлерде әрекет ете алады. Джорджия штатының Тергеу бюросының (GBI) саясаты әлеуметтік желілерді бақылауда ұстау механизмін пайдалану үшін жазбаша өтінім болуын талап етеді. Осындай өтінім бақылаудың мақсатын, уақытша шектеулерін, бақылау механизмінің типін, мониторинг жүргізілген вебсайттар тізімін, ақпарат қанша уақыт сақталатынын көрсетеді.<sup>161</sup>

Жалпы алғанда, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың белсенді қатысушылары ретінде азаматтық сектордың әртүрлі қоғамдық ұйымдары бірлесіп қызмет етеді. Алдын алу жұмысы жасаралық топтарға жіктеліп өткізіледі. Әрбір штатта конфессиялық ерекшеліктерге сәйкес тұрғындармен жұмыс жасаудың стратегиясы құрылады.

## Канада

1. **Монреаль қаласындағы Экстремизм профилактикасы орталығының «Comic Book» («Комик бук») жобасы.** «Comic Book» жобасы – ерекше тақырыптық комикстер құру бойынша бастама. Шығармашылық процеске қазірдің өзінде 250 000 астам оқушылар тартылды. Жоба аясында жастар тарапынан сценарийлер құрылады, эскиздер жасалады, кейіпкерлер ойланып шығарылады. Студенттер шығармашылық процеске белсенді тартылып, контенттің жай ғана пайдаланушысы емес, оның құрастырушыларына айналады. Комикстер ақпараттандырудың құралы ретінде екі негізгі себепке байланысты таңдалды. Біріншіден, бұл коммуникацияның тиімді құралы, ол аудиторияны көп қамту мүмкіндігін береді. Екіншіден, осындай формат қабылдауды жеңілдетеді.

2. **Монреаль қаласындағы Экстремизм профилактикасы орталығының «Мінез-құлық барометрі» жобасы.** Бұл жоба радикалдану бойынша мінез-құлықты айқындау мүмкіндігін беретін құрал ретінде жасалды. «Мінез-құлық барометрі» жобасы ғылыми зерттеулер мен шынайы радикалдану кейстері негізінде құрастырылған. Зорлық-зомбылыққа әкелетін радикалдану жағдайында байқалатын белгілер талданады. «Мінез-құлық барометрі» қиындық дәрежесіне қарай төрт мінез-құлық категориясына бөлінеді: айқын емес, мазалайтын, секемдік тудыратын және қауіп-қатер тудыратын. Радикалдану табиғаты бойынша оқиға емес, процесс болып табылады. Осы процесс барысында мінез-құлық пен көзқарастар өзгереді. Бұл өзгерістер жақын адамдарға, яғни достарына, отбасына, әріптестеріне, курстастарға және оқытушыларға айқын сезілуі ықтимал. Канадалық Экстремизм профилактикасының орталығы құрастырған «Мінез-құлық барометрі» жобасы осыны анықтауға мақсатталған.

Канада көп конфессиялы елдердің бірі, мұнда әлемнің көптеген елдерінен келген мигранттар, түрлі діни сенім-наным өкілдері бейбіт өмір сүреді. Бұл елде тұрғындарды радикалды идеологиядан сақтандыру бойынша өзіне тән әдіс-тәсілдері қолданылады. Жастар осындай жұмыстарды жүргізуге белсенді түрде қатыстырылады.

## Израиль

Израильде интернеттегі экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасайтын мемлекеттік құқық қорғау органдарының дамуымен қатар, қоғамдық ұйымдарды құқық қорғау қызметінің осы түріне тартуға ерекше көңіл бөлінеді.

Олардың негізгі мақсаты интернет қолданушылары арасында үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізуден көрінеді. Мысалы, Халықаралық терроризмге қарсы институт (International Institute for Counter-Terrorism) деп аталатын қоғамдық ұйым террористерге көмек көрсететіндер, сонымен қатар «азаматтық немқұрайлықтың» қауіпі бойынша ғылыми-зерттеу, консультациялық және насихаттау жұмыстарын жүргізетін коммерциялық емес ұйым ретінде өзін танытып келеді.<sup>162</sup>

## Қытай Халық Республикасы

Дін саласы ұлттық деңгейде реттеліп, мемлекеттік заңнамамен нақты регламенттелген. Құқық қорғау органдары тарапынан жалпы «Қытайдың ұлы брандмауэрі» (Great Firewall of China) атауындағы кешенді шаралардың тиімді жүйесі құрылып, жүзеге асырылып келеді. Жүйе қызмет етуіндегі басты идея – құқықтық, регламенттік, бағдарламалық және аппараттық құралдар көмегімен интернет желілері

<sup>161</sup> Джорджия штатының Тергеу бюросының ресми сайты (Georgia Bureau of Intelligence, GBI .) URL: <https://gbi.georgia.gov> (қаралған күні: 18.08.2020ж)

<sup>162</sup> Завьялов С. Интернеттегі террористік үгіт-насихатпен күрес бойынша шетелдік тәжірибе / Шетелдік әскери шолу. 2014. №4. – URL: [http://factmil.com/publ/strana/belarus/zarubezhnyj-opyt\\_v\\_oblasti\\_borby\\_s\\_propagandoj\\_terrorizma\\_v\\_internete\\_2014/52-1-0-343](http://factmil.com/publ/strana/belarus/zarubezhnyj-opyt_v_oblasti_borby_s_propagandoj_terrorizma_v_internete_2014/52-1-0-343)

арқылы алынатын және жіберілетін ақпараттарды фильтрлеу. Экстремизм және терроризммен күрестің бұл бағытының жүзеге асырылуын интернет-полицияның мамандандырылған бөлімдері қамтамасыз етеді, оларға заңға қарсы контентті айқындаумен қатар, ұлттық заңнамамен тыйым салынған кез-келген ақпараттарды тарататын сайттарды бұғаттаудың техникалық мүмкіндіктері берілген. 2009 жылдан бері барлық компьютерлерге міндетті түрде тыйым салынған немесе күмәнді ақпаратты пайдаланатын сайтты пайдалану жолын бұғаттайтын интернет-фильтрлер қойылады. Айта кетері, Қытай заңнамасында сайт иеленушілері мен провайдерлеріне болсын, сондай-ақ ғаламдық ақпараттық желі пайдаланушыларына болсын айтарлықтай қатаң жауапкершілік шаралары қарастырылған.<sup>163</sup>

## ■ Біріккен Араб Әмірліктері

АҚШ-ғы 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғалардан соң терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі стратегиясы 3 құрамдас бөліктен құралады: «адамдар, ақша, ақылдылар». «Адамдар» – бұл террористтерді айқындау, тұтқындау және соттау, олардың құрылымдарын күйрету. «Ақша» – әртүрлі каналдар арқылы, соның ішінде курьерлер арқылы ақша тасымалының жасалып, террористтер мен экстремисттерге жеткізілуіне бақылауды күшейту. Ал «ақылдылар» үшін күрес контртеррористтік стратегияның ең күрделі құрамдас бөлігі және ол ұзақ уақытты талап етеді. «Ақылдылар» үшін күреске экстремисттік идеологияға қарсы іс-қимылдың бірқатар шаралары кіреді. Мәселен, БАҚ-та түрлі хабарландыруларды, жарнамаларды, интернет арқылы белсенді антиэкстремисттік кампания жүргізу, мектептерде, медреселерде және мешіттерде кітаптар мен памфлеттерді, бейнероликтер мен кассеталарды тарату, экстремисттік идеология жүргізетін дін қызметкерлерін қайта тәрбиелеу. Жалпы саны 70 мың құрайтын мешіттердің 20 мыңында дін уағыздаушылары жұмыс жүргізіледі, «ағартушылық» семинарлары мен дәрістер тұрақты өткізіледі.

Түрмелерде терроризм мен экстремизм бойынша сотталғандар, соның ішінде Гуантанамо базасынан американдықтар қайтарғандар арасында бейімдеу және оңалту бағдарламасы жүргізіледі. 2004-2009 жылдары бұл бағдарлама арқылы 4300 адам өтті. Ол аяқталған соң рецидивтер қатысушылардың шамамен 20 пайызында байқалған, сол себептен оның нәтижесі жоғары және тиімді деуге әбден болады. Билік органдары қабылдаған шаралар террористтік қауіп деңгейін едәуір төмендетті. Сонымен бірге, терроризм өзекті құбылыс болып қала беруде.<sup>164</sup>

Христиандар мен өзге дін өкілдері өз діндерін еркін ұстана алады, бірақ мұсылмандар арасында миссионерлік қызмет түрлерін жүргізе алмайды. Сонымен қатар, 2017 жылдан бері ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстар жөніндегі Федералды прокуратура қызмет жасайды. Басымды бағыттардың бірі – интернетте өзге діндер үшін қасиетті саналатын және ислам шариғаты заңдарына сәйкес мойындалған заттар мен жоралғыларды қорлағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту.<sup>165</sup> Яғни, БАӘ дін саласына қатысты қоғамдық өмірдің түрлі тараптарына бағытталатын кешенді алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

Қорытындылай келе, шетелдік тәжірибені талдау қоғамдағы этноконфессиялық шиеленістер деңгейін төмендетуге бағытталған алуан түрлі бағыттар барын көрсетті. Экстремизмнің алдын алуға бағытталған жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру шеңберінде түрлі амал-тәсілдер пайдаланады, кешенді көп векторлы алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, діни радикализмге қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибелерін талдау нәтижесінде діни радикализмнің профилактикасы нормативтік-құқықтық реттеу механизмдерін азаматтық қоғам институттарымен және ақпараттық кеңістікті бақылауда ұстау принциптерімен интеграциялау арқылы жүзеге асырылатыны айқындалып отыр.

## 3.4 Қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар

Зерттеу жүргізу барысында АТЖ іс-шараларында тиімді әдістемелерді қолдану, азаматтардың ұстанатын құндылықтарына, жасына, әлеуметтік жағдайына, білім беру деңгейіне сүйеніп, адресстік

163 Завьялов С. Интернеттегі террористік үгіт-насихатпен күрес бойынша шетелдік тәжірибе / Шетелдік әскери шолу. 2014. №4. 34-39 бб.

164 Седых Н. Қазіргі заманғы терроризм және жастар: ақпараттық-психологиялық әсер ету мәселелері// Мұсылман әлемі, №2, 2017. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyy-terrorizm-i-molodezh-problemy-informatsionno-psihologicheskogo-protivodeystviya>

165 UAE creates Federal Public Prosecution for Information Technology Crimes. <https://www.thenational.ae/uae/uae-creates-federal-public-prosecution-for-information-technology-crimes-1.41675> (қаралған күні: 28.08.2020ж)



топтармен мақсатты жұмыс жүргізу қағидаттарын ескеру бойынша өңірлік АТТ-ның едәуір тәжірибесі жинақталғаны анықталды.

АТТ-ның жұмыс сапасын күшейту мақсатында өңірлерде мамандарды ынталандырудың түрлі амалдары қолданады: сыйақы беру, облыс басшылығы атынан алғыс хаттар және құрмет грамоталарымен марапаттау, еңбек ақы төлеу мүмкіндігін қарастыру, көлікпен қамтамасыз ету және т.б. Осы ретте 2019 жылы «Парасат» орталығымен АТТ мүшелері арасында өткізілген республикалық байқау осы саладағы жұмыстың мәртебесін арттырып, әркімге өз бағыты бойынша біліктілігін одан әрі жетілдіруге септігін тигізді деуге болады.

Шетелдік тәжірибелерді зерделеу нәтижелері қазіргі қоғамдағы діни-уәждемелі экстремизмнің деструктивті ықпалына қарсы профилактика жүргізудің алуан түрлі жолдары бар екендігін көрсетіп отыр. Нормативті-құқықтық реттеу, азаматтық қоғамның институттарымен әріптестік орнату және ақпараттық кеңістікке бақылау жүргізу бағыттарын интеграциялау мақсатында әр түрлі әдістер қолданылып, кешенді және көп векторлық профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Жалпы алғанда, позитивті шетелдік тәжірибені бірнеше бағыттар бойынша имплементациялауға болады: ТМД/Орталық Азия шеңберінде мемлекеттік органдардың тәжірибе мен ақпарат алмасу күштерін интеграциялау; тұрғындарды, әсіресе жастар мен діндар азаматтарды діни-уәждемелі экстремизм профилактикасының акторлары ретінде адрестік жұмыстарға белсенді қатыстыру; радикалды идеологияның кері әсері туралы тиісті тәжірибе мен түсінік алу үшін онлайн-алаңдары мен интерактивті ойын жобаларын құру.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының ұйымдастыру аспектілеріне жүргізілген талдау бойынша келесі ерекшеліктер анықталды:

- АТЖ іс-шараларын өткізу бойынша жинақталған тиімді әдістерді пәрменді қолдану тәжірибесі өзге өңірлерде енгізілмей келеді;

- АТЖ-ның іс-шараларын материалды-техникалық жағынан сүйемелдеу, әсіресе шалғайда жатқан аудандарға көлікпен қатынауды қамтамасыз ету шығындарын қаржыландыру бойынша бірыңғай амал-тәсілдер қалыптаспаған;

- АТЖ іс-шараларына қатысу жүктемесі АТТ мүшелеріне біркелкі үлестірілмеген. АТТ-ның құрамындағы мүшелер саны көп болғанымен, жұмысқа қатысатын мамандардың шектеулі ғана саны бар екендігі тәжірибе жүзінде анықталып отыр (Маңғыстау облысы);

- өңірлік АТТ мүшелерінің, әсіресе келісім-шарт негізінде қатысатын мамандардың арасында әріптестік қарым-қатынас орнатуға және тәжірибе алмасуға жағдай жасалмаған;

- діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм профилактикасы бойынша жинақталған халықаралық тәжірибенің жетістіктері қолданылмайды.

Осыған орай, талдау нәтижелері бойынша төменде көрсетілген ұсынымдар айқындалды.

### **3.1-бөлім «Ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімді әдістерін талдау (өңірлік тәжірибе)» бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар**

1) *АТЖ-ның іс-шараларын интерактивті форматта өткізу.* Сарапшылардың пікірінше, осы формат аясында аудиторияны толық қамтуға және сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік болуына орай, іс-шаралардың тиімділігі әрдайым жоғары болады.

2) *Тренингтер өткізу үшін психолог-мамандарды қызметке тарту.* Оқытуды аталған форматта өткізу бірнеше позитивті әдістерді қолдануға мүмкіндік береді: интерактивтілік, максималды қамтылу, шығармашылық әлеуетті дамыту, тактильді қатынас, бәсекелестік факторы.

3) *Қолданылатын материалдарды визуализациялау.* Қазіргі заманда клиптік ойлау мен қабылдау үрдісі кеңінен таралуына орай, аудитория алдында визуалды материалдарды қолдану әдісі өзінің тиімділігін толықтай дәлелдеп отыр.

4) *Өңірлерде тиімділігі дәлелденген және тәжірибе барысында тексерілген келесі әдістерді масштабтау:* Open Air, ДМЗО мекемелерінің базасында қысқа мерзімді кәсіби (тілдік және т.б.) курстар ұйымдастыру, «Жедел жасақ» форматы, фокус-топтар, TED Talks, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сакралды орындарға саяхат, оқу орындары студенттерінің қатысуымен мини-спектакльдер ұйымдастыру, АТТ мүшесі мен қамтылған ұйымнан жауапты маманды енгізіп, WhatsApp және Telegram мессенджерлерінде арнайы топтар ашу.

### 3.2-бөлім «Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің қызметін ынталандыру» бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар

1) Жыл сайын АТТ мүшелерін кешенді түрде ынталандыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Іс-шаралар кешеніне корпоративтік бірлікті күшейту, АТТ қызметінің мәртебесін насихаттау, біліктілік арттыру курстарына, соның ішінде шетелдік дәріскерлердің қатысуымен өтетін семинарларға қатысуға мүмкіндік жасау, лайықты еңбек ақы төлеу сияқты тиімді әдістерді енгізу қажет.

2) АТЖ-ны қаржыландыру бойынша ұсыным ретінде бірыңғай стандартын әзірлеу. Бұл бастаманың жүзеге асырылуы қаражат бөліну механизмінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етіп, мүдделі тараптарды АТЖ-ның сапасын арттыруға ынталандырады. Аталған шаралар әсіресе аудандық деңгейде АТЖ-ның сапасын күшейтуге септігін тигізеді.

3) Озық тәжірибесі бар мамандардың пулын құру мақсатында арнайы номинациялар бойынша («Үздік блогер», «Үздік дәріскер» және т.б.) АТТ мүшелері арасында жыл сайын республикалық байқау ұйымдастыру.

4) АТЖ-ның ең нәтижелі әдістерін енгізу/трансляциялау, өңірлердің тәжірибелерімен танысу, АТТ мүшелері арасында корпоративті бірлікті нығайту, ортақ мақсаттар бойынша серіктестік пен диалог қалыптастыру үшін өңірлік ДМЗО, КММ мекемелерінің арасында өзара тәжірибе алмасуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

5) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстандағы 100 жаңа есім», «Туған жер» және т.б. жобаларына танымал тұлғаларды қатысуға үгіттеу арқылы АТТ мүшелерінің мәртебесін көтеруге бағытталған жұмыстарды қолға алу. АТТ мүшелерінің танымалдығын ілгерілету АТЖ-ның алдағы уақыттағы тиімділігін одан әрі арттыруға өз әсерін тигізетін болады.

6) Шалғай аудандарда, базарларда, құрылыс алаңдарында АТЖ-ны іс-шараларын өткізу үшін АТТ мүшелерін арнайы автокөліктермен қамтамасыз ету. Көшпелі мобильді офис (арнайы жабдықталған автобус) әдісін пайдалану тұрғындар арасындағы ұйымдаспаған топтармен жүргізілетін іс-шаралардың санын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мақсатты топтармен жоспарланған кездесулерді қысқы уақытта өткізуге, АТЖ-ның маусымдық сипатынан арылуға ықпал етеді.

### 3.3-бөлім «Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша халықаралық тәжірибе» бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар

1) **ЕО, Ұлыбритания, АҚШ** мемлекеттері құрған Еуропалық ескерту желісінің (Radicalisation Awareness Network) үлгісін негізге ала отырып, діни-уәждемелі экстремизмге қарсы күрес және профилактика бойынша тәжірибе мен ақпарат алмасу мақсатында **ТМД, ҰҚШҰ, ШЫҰ ӨТҚҚ** ұйымдарының **Терроризмге қарсы орталығы** шеңберінде өзара әріптестік орнату.

2) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды келесі бағыттар бойынша жетілдіру:

а) корпоративті желілерге қосылу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, рұқсат етілмеген кіру фактілерін анықтауға және алдын алуға бағытталған технологияларды енгізу (**Ресей Федерациясы**);

б) құқықтық, регламенттік, бағдарламалық және ақпараттық құралдар көмегімен интернет желісі арқылы алмасатын кіріс/шығыс ақпаратты фильтрациялау (**ҚХР**, «Қытайдың ұлы брандамауэрі» кешенді шаралар жүйесі).

3) Радикалды экстремизм сипаттарын анықтауға және соған сай іс-әрекеттер жасауға үйрету үшін жастарға арналған интерактивті өнімдер әзірлеу (онлайн-ойындар, комикстер, театралдық қойылымдар және т.б.):

а) «Марионетка болма», «Радикалды экстремизмнің тайғақ жолы» сияқты квест түріндегі онлайн-ойындар (**АҚШ, ФТБ басқармасы**);

б) «Энди» бағдарламасы – 12-19 жастағы жасөспірімдер мен жастарға арналған комикстер, мобильді қосымшалар арқылы еркін жүктеп алуға болады. Негізгі мақсаты – жастардың түсініктеріне бейімделген түрде экстремистік ағымдарға қосылудың негативті салдарын жеткізу (**Германия**);

в) «From one extreme to another» – оңшыл және исламистік зорлық-зомбылықпен байланысты радикализмнің көріністерін бейнелеу үшін театралды компаниямен өткізілетін ойынның атауы. Жоба жүзеге асыру барысында 50 000 мектеп оқушысы қамтылып, оның басым көпшілігін Англияның

солтүстік-батысында оқшаулы шоғырланған және экономикалық жағдайы төмен ортада өмір сүретін балалар құрады;

г) *Монреаль қаласының Экстремизм профилактикасы орталығының «Comic Book» жобасы.* Мектеп оқушыларының ерекше тақырыптық комикстер әзірлеу бойынша бастамасы. Әлем бойынша 250 000 оқушы қызығушылық танытты. Жобаны жүзеге асыру барысында жастар арнайы сценарийлер мен эскиздер дайындап, кейіпкерлердің образдарын ойлап табады. Осы жоба арқылы жастар мен студенттер контент тұтынушысы емес, оның құрастырушысы бола бастайды **(Канада);**

д) *мұсылман жастарды волонтерлық қызметке тартуға, көшбасшылық мектептерде оқуға, олардың келешекте өз жолын табуға көмек көрсететін «Muslim Youth Development Partnership» жобасы.* Сондай-ақ, бұл жобаның веб-форумы ашылып, оның жұмысы әлем бойынша мұсылмандық ұйымдардың арасында әріптестік орнатуға, мұсылман жастардың өзара түсіністік пен диалогты дамытуға бағытталған **(Англия).**

4) *Тиімділігі дәлелденген шетелдік үкіметтік емес бағдарламалардың позитивті тәжірибесін қолдану:*

а) *Азаматтарды экстремистік ортадан шығару бойынша 10 жылдан астам тиімді нәтиже көрсетіп келе жатқан «EXIT» («Шығу») бағдарламасы.* Бағдарлама аясында барлық стейкхолдерлер оқудан өтеді: мұғалімдер, полицейлер, әлеуметтік қызметкерлер, заңгерлер, сондай-ақ экстремистік топтар мен радикалдану процесі туралы білуге ниетті азаматтар. Бағдарлама 500 қатысушыға экстремистік ортаның ықпалына түспеуге көмек көрсетті **(Дания, Канада, Германия, Швеция);**

б) *Монреаль қаласының Экстремизм профилактикасы орталығының «Мінез-құлық барометрі» жобасы.* Аталған жоба радикалдану жолына түскен адамның сипаттарын анықтауға үйретеді. «Барометр» радикалданудың нақты орын алған жағдайларын зерттеу негізінде әзірленді. Контекстуалды талдау бойынша радикалдануға апаратын және зорлық-зомбылыққа итермелейтін сипаттар анықталды. Радикалдану жағдайын оқиға ретінде емес, үрдіс болып келетінін түсіну қажет. Осы үрдіс нәтижесінде мінез-құлықпен бірге көзқарастар да өзгереді. Бұл өзгерістерді тұлғаның достары, отбасы мүшелері, группаластары мен оқытушылары тани алады. Канадалық Экстремизм профилактикасы орталығы әзірлеген «Мінез-құлық барометрі» жобасы осы ерекшеліктерді анықтауға негізделеді **(Канада);**

в) *«Күшті Ұлыбританияны бірге құрамыз» жобасын 2018 жылы «Колчестер Юнайтед» футбол клубы іске қосты.* Жобаны мақсаты мен міндеттері – жергілікті қауымдастықты салауатты өмір салтын ұстануға және пайдалы тағамдарды тұтынуға шақыру, спорттың дамуына қолдау көрсету, дарынды жастардың потенциалын ашу. Жоба жергілікті қауымдастықтың мыңдаған адамын жұмылдырып, оларға ағымдағы өзекті мәселерді және ішкі ынтымақтастыққа кері әсері болуы мүмкін жағдайларды ашық талқылауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде жастардың радикалдануына қатысты мәселелердің, этносаралық қатынастағы қайшылықтардың бірлесіп, алдын алуға жағдай жасалды **(Ұлыбритания).**

5) *Біріккен Араб Әмірлігінде жүзеге асырылған «Адамдар, ақша, ақылдылар» Стратегиясының үлгісінде кешенді бағдарлама әзірлеу.* Стратегияға сәйкес, «Адамдар» – террористерді анықтау, қамауға алу және соттау, террористік құрылымдарды жою. «Ақша» – террористер мен экстремистерге әр түрлі арналар, соның ішінде тасымалдау арқылы келетін қаржыландыру жолдарына бақылауды күшейту. «Ақыл үшін күрес» – экстремистік идеологияға қарсы іс-қимылдар кешені: әр түрлі хабарламалар, жарнамалар, интернет құралдарының көмегімен БАҚ-та антиэкстремистік кампания жүргізу; мектеп, медресе және мешіттерде кітаптар, памфлеттер, дискілер мен кассеталар тарату; экстремистік идеологияны насихаттайтын имамдар мен теологтарды қайта тәрбиелеу. Осылайша мемлекет аталған Стратегия негізінде қоғамдағы барлық салаларын кешенді іс-шаралармен қамтуға мүмкіндік алды **(БАӘ).**

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы – тұрғындар арасында радикалды көзқарастардың таралуына жол бермеу бағытында өз дәрменділігін дәлелдеген мемлекеттік саясаттың құралы деп санауға болады. АТТ құрамына кіретін әр түрлі кәсіби салалардың мамандары алдарына қойылған міндеттерге сәйкес, қоғамдағы зайырлы қағидаттарды және құқықтық мемлекеттің толеранттылыққа негізделген саясатын нығайтуға, сондай-ақ қоғамда радикалды идеологияның таралуына жол бермеуге мақсатталған кешенді іс-шараларға қатысады.

Эксперттердің пікірінше, 2018 жылдан бастап өткізіліп келетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының сапасы едәуір артты. Қазіргі таңда білім беру орындары мен мемлекеттік мекемелерде түрлі форматтағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, белгіленген тәуекел топтармен түрлі адресстік іс-шаралар енгізілуде және осы саладағы азаматтық сектор өкілдерінің белсенділігін арттыруға бағытталған бастамалар одан әрі күшейтілуде. Әлеуметтік желілердегі АТЖ-ның саны мен сапасы айтарлықтай артып отыр. 2018-2019 жылдары «Парасат» КЭО, ҚР ҰҚК-нің Академиясы тарапынан ұйымдастырылған біліктілік арттыру курстарымен барлық өңірлердің белсенді АТТ мүшелері қамтылды. Сонымен бірге баяндамада көрсетілген қорытындыларға сүйенсек, дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының кейбір бағыттары одан әрі дамытуды қажет етеді.

Зерттеу жұмысының түйіндемесі ретінде келесідей қорытындыларды атап кетуге болады:

- Дін саласындағы өңірлік АТТ жұмыстарына кешенді талдау жүргізілді. АТЖ ұйымдастыру бойынша проблемалық аспектілер айқындалды: өңірлік АТТ-ның құрамын жасақтауда сандық жағынан бірыңғай ұстаным жоқ, АТТ-ның сапалық құрамында диспропорция сияқты жағдайлар орын алуда;

- Зерттеу барысында өңірлерде өткізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары БАҚ беттері мен интернет кеңістігінде тұрақты және қажетті деңгейде жарық көрмейтіні анықталды. Осыған орай ақпараттық контент сапасын арттыру, интернет кеңістіктегі түрлі ақпараттық технологияларды АТТ мүшелерімен игеру бағытында жұмысты күшейту қажет;

- Ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметі туралы тұрғындарды ақпараттандыру деңгейі анықталып, тақырыптар топтамасы мен қолданыстағы АТЖ әдіс-тәсілдеріне өзгерістер енгізу және қоғамдағы жеке топтарды қамту жұмысын соған сәйкестендіру бағыттары белгіленді;

- АТЖ-ның жүзеге асырылуы бойынша орын алатын ерекшеліктер мен мәселелер анықталды: шалғай елді-мекендердің АТЖ-мен толық қамтылмауы, іс-шараларды ұйымдастыру барысында көлікпен қамтамасыз етуде туындайтын қиындықтар. АТТ мүшелерінің беделін нығайту және біліктілігін арттыру мәселелердің өзектілігі әлі де жоғары;

- Діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм профилактикасының шетелдік тәжірибелері зерттеліп, оларды қолдану бойынша ұсынымдар әзірленді. Еуропа мемлекеттеріндегі мысалдар негізінде жастар арасында экстремистік көзқарастар таралуын алдын алу үшін интерактивті өнімдер дайындау ұсынылды. Одан бөлек, Еуропалық ескерту желісі (Radicalisation Awareness Network) қызметіне негізделген ЕО, Ұлыбритания және АҚШ елдеріндегі озық тәжірибелерді имплементация жасау мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Дания, Канада, Германия және Швеция елдерінде азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен экстремистік ортадан шығаруға бағытталған және 10 жылдан астам уақыт ішінде нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізген бағдарламаларды енгізуге назар аудару қажет. Аталған тәжірибелерді зерделеп, «Жусан» операциялары барысында елге қайтарылған азаматтармен қолдануға болады;

- АТТ жұмысы кешенді зерделеніп, оның бағыттарын жетілдіруге арналған шаралар ұсынылды: ҚР АҚДМ-ның бағынысты мекемесінде дін саласы бойынша мамандардың, соның ішінде АТТ мүшелерінің біліктілігін арттырумен және ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етумен мақсатты түрде айналысатын арнайы бөлімше құру; АТЖ барысында қолдану үшін оқу-әдістемелік, ақпараттық, контрпропагандалық материалдар жинақталған бірыңғай республикалық база жасақтау.

Осыған орай, Қазақстан Республикасындағы дін саласы бойынша мемлекеттік саясатты сапалы жүзеге асыру қажеттілігіне сәйкес, аталған талдамалық баяндамада АТТ қызметіндегі проблемалық аспектілер кешенді тұрғыдан айқындалып, оның одан әрі жетілдіруі бойынша бірқатар әдістер ұсынылып отыр.

Ұсынымдар мен ұсыныстар дін саласындағы АТЖ сапасын арттыру үшін ғана емес, сондай-ақ конфессияаралық келісімді нығайту және қоғамда кез-келген экстремистік және террористік идеология таралуына «мүлдем төзбеушілік» ұстанамын қалыптастыру мақсатында тиісті мемлекеттік органдарға арналады. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың позитивті механизмдердің қолдайтын саясаттың тиімділігі өзгеден жоғары болатыны сөзсіз, себебі бұл жерде ұзақ мерзімді жоспарлау, экстремистік үндеулерге қарсы тыңғылықты түрде иммунитет қалыптастыру, жүргізілетін қызметтің ашықтығын көрсету және мемлекеттік билікке деген сенімді арттыру орын алатын болады.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_\(қаралған күні: 05.07.2020ж\);](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_(қаралған күні: 05.07.2020ж);)
2. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000483> (қаралған күні: 05.07.2020ж);
3. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен бекітілді. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000648> (қаралған күні: 09.07.2020ж);
4. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығымен бекітілді. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1700000500> (қаралған күні: 02.07.2020ж);
5. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 124 қаулысымен бекітілді. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000124> (қаралған күні: 02.07.2020ж);
6. Тұрғындар арасында адрестік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар / Нүкежанов Е.Б., Бакиров Б.Ж., Карабаева М.С., Халым К. - Нұр-Сұлтан: ҚР АҚДМ ДІК. 2019.
7. Эксперттік сұхбаттардың материалдары.
8. Фокус-топтық зертеулердің материалдары.
9. Қазақстандағы діни ахуал тұрақталды [https://forbes.kz/news/2013/02/15/newsid\\_19119?](https://forbes.kz/news/2013/02/15/newsid_19119?) (қаралған күні: 21.06.2020ж)
10. Әзілханов М. Қазақстандағы дін саласында қысқа уақыт аралығында түбегейлі реформалар жүргізілді [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31624625#pos=10;-58](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31624625#pos=10;-58) (қаралған күні: 21.06.2020ж).
11. Иржанов Р. Діни-уәждемелі экстремизмнің профилактикасы барысында ақпараттық әсер етудің формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 143 б.
12. Шериязданов Б. Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары. <https://kazislam.kz/informatsionno-razyasnitelnaya-rabot/> (қаралған күні: 26.07.2020ж)
13. Қазақстанда 863 дінтанушы түсіндіру жұмысын жүргізуде. <https://mail.kz/ru/news/kz-news/v-kazahstane-razyasnitelnuyu-rabotu-sredi-naseleniya-provodyat-religioveda#hcq=5cZ4K8s> (қаралған күні: 26.08.2020ж)
14. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау туралы есебі. <http://knб.gov.kz/ru/article/otchet-o-realizacii-gosudarstvennoy-programmy-po-protivodeystviyu-religioznomu-1>
15. Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желілер <https://www.kp.kz/online/news/3585076/>
16. Решетняк А. Қауіпті желілер: Қазақстандағы онлайн-радикалдану үрдісімен қалай күресу қажет - 2018 [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/%D0%A0%D0%B5%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%BD%D1%8F%D0%BA\\_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0\\_.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/%D0%A0%D0%B5%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%BD%D1%8F%D0%BA_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0_.pdf)
17. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығы [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=32648341#pos=8;-52](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32648341#pos=8;-52) (қаралған күні: 26.07.2020ж)
18. «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасы, 239 б.
19. Қазақстан Республикасындағы НЕЕТ жастарының саны (жылдық мәлімет) /Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/7>

20. Қазақстандағы терроризмнің қалай алдын алуға болады? <https://kazislam.kz/kak-predotvratit-terrorizm-v-kazahs/?lang=ru>
21. Безработные, самозанятые и студенты наиболее подвержены экстремистской пропаганде – Абаев <https://kazpravda.kz/news/obshchestvo/bezrabotnie-samozanyatie-i-studenti-naibolee-podverzheni-ekstremistskoi-propagande--abaev>
22. Карашулаков Ж. Діни ахуалды тұрақтандыру бойынша атқарушы биліктің рөлі. Дінтанулық зерттеулері: мақалалар жинағы. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2014. 40 б.
23. «Дін саласындағы құқық қолдану практикасын жетілдіру мәселелері мен жолдары». «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев Орталығы» КеАҚ әзірлеген талдамалық есеп, 2020 ж.
24. Гайко О.А. Қазақстандағы жаңа діни ағымдардың прозелитистік әрекеттерінің негізгі формалары мен әдістері. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі аспектілері. Оқыту семинарының материалдар жинағы. – Астана, 2017 ж. 149 б.
25. Бишманов К. Алматылық тұрғындар қаладағы діншілдіктің өсуіне наразы – <https://365info.kz/2017/04/almatintsy-ne-dovolny-rostom-religioznosti-v-gorode-issledovanie> (қаралған күні: 29.07.2020ж)
26. Сатершинов Б.М. ҚР дін бостандығы мен мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың өзекті мәселелері. Қазіргі зайырлы мемлекеттегі дін. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы: ҚР БЖҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. 25 б.
27. «Парасат» кеңес-әдістемелік орталығының қорытынды бағдарламалық есебі <https://www.cisc.kz> (қаралған күні: 26.06.2020ж)
28. «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қорының үкіметтік емес ұйымдар үшін жарияланған грант байқауына қатысу өтініші <https://www.cisc.kz> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
29. <https://zanmedia.kz/42000/obuchayushhij-kurs-dlya-chlenov-informatsionno-razyasnitelnyh-grupp-povoprosam-religij/> (қаралған күні: 06.08.2020ж)
30. [dini.zhambyl.gov.kz/ru/proveden-obuchayushhij-seminar-dlya-dlya-uchitelej-predmeta-svetskosti-osnovy-religiovedeniya-i-chlenov-informatsionno-razyasnitelnyh-grupp-v-sfere-religii](http://dini.zhambyl.gov.kz/ru/proveden-obuchayushhij-seminar-dlya-dlya-uchitelej-predmeta-svetskosti-osnovy-religiovedeniya-i-chlenov-informatsionno-razyasnitelnyh-grupp-v-sfere-religii) (қаралған күні: 06.08.2020ж)
31. <http://stopsekta.kz/%D0%B1%D1%83%D0%BA%D0%BB%D0%B5%D1%82%D1%8B/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
32. <http://ctc-rk.kz> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
33. «Не сұмдық?» бейнеоролигі, Aдырна Ulttyq Portaly каналы <https://www.youtube.com/watch?v=R7TEvjqTKj0> (қаралған күні: 25.06.2020ж)
34. «Бабалар рухы» <https://www.youtube.com/watch?v=hSe3-ZProjl> (қаралған күні: 25.06.2020ж)
35. «Қобыз және домбыра» <https://www.youtube.com/watch?v=kfXEzhu78FM> (қаралған күні: 25.06.2020ж)
36. «Отқа май құю» <https://www.youtube.com/watch?v=krsZ9Fylw-o> (қаралған күні: 25.06.2020ж)
37. «Алматы дін» каналы <https://www.youtube.com/channel/UCbg7PnQso5bqiHJ-9v3xHjQ> (қаралған күні: 25.06.2020ж)
38. Алматы қаласында Қазақстандағы түркі халықтары туралы фильмдер көрсетілді // <https://ehonews.kz/v-almaty-sostoyalsya-pokaz-filmov-o-tyurkskih-narodah-kazahstana/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
39. <https://www.facebook.com/kazakhfilm/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
40. <https://www.youtube.com/user/kazakhfilmstudios/videos> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
41. <https://www.youtube.com/watch?v=98QVIQgSw4Y> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
42. <https://www.bicotender.ru/tender142074831.html> (қаралған күні: 26.06.2020ж)

43. STOP EXTREMISM KZ <https://vk.com/wall-187943037?own=1> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
44. [https://www.facebook.com/Stop-Extremism-Kz-104284027671918/about/?ref=page\\_internal](https://www.facebook.com/Stop-Extremism-Kz-104284027671918/about/?ref=page_internal) (қаралған күні: 21.06.2020ж)
45. [https://www.youtube.com/channel/UCs2VK1uAYbd5vskukp-aMfA?view\\_as=subscriber](https://www.youtube.com/channel/UCs2VK1uAYbd5vskukp-aMfA?view_as=subscriber) (қаралған күні: 21.06.2020ж)
46. «Қазақстан Республикасында терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қоры <http://antiterr.kz/> (қаралған күні: 21.06.2020ж)
47. <https://www.goszakup.gov.kz/ru/announce/index/4182449?tab=general> (қаралған күні: 11.06.2020ж)
48. Шахапсоев З.Л., Тутуков А.Ю. Экстремистік бағыттағы жастар ұйымдары тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыру. // Бизнес в законе. 2014. № 1. – 139-141 бб.
49. Маркин В., Роговая А. Жастар ортасында экстремизм мен терроризм идеологиясы таралуына қарсы іс-қимыл. 2012. 142-146 бб.
50. Старостин А. Экстремизм мен терроризм идеологиясының профилактикасын өткізу мақсатында сотталғандармен жұмыс жүргізу формалары мен әдістері // Экстремизм профилактикасы. Жетістіктер мен қиыншылықтар»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2019, 148-160 б.
51. Завьялов С. Интернеттегі террористік үгіт-насихатпен күрес бойынша шетелдік тәжірибе / Шетелдік әскери шолу. 2014. №4. 34-39 бб.
52. Примаков В.Л., Маткаримова Г.В. Этноконфессионалдық қарым-қатынастарды реттеудің негізгі бағыттары: еуропалық тәжірибеге шолу. Вестник МГЛУ. 2 (713) Шығарылым / 2015. 133-144 бб.
53. Process Evaluation of Preventing Violent Extremism Programmes for Young People // Youth Justice Board for England and Wales. URL: <http://www.justice.gov.uk/downloads/publications/research-and-analysis/yjb/> (қаралған күні: 12.08.2020ж)
54. Preventing violent extremism pathfinder fund 2007/08. Case studies //Department for Communities and Local Government: London. URL: <http://www.tedcandle.co.uk/publications/022%20Preventing%20violent%20> (қаралған күні: 14.08.2020ж)
55. Ларин Н.Ю. Жастар арасындағы экстремизмнің профилактикасы бойынша халықаралық тәжірибе. Білім беру саласы мен жастар арасындағы терроризм идеологиясына қарсы іс-қимыл: мақалалар жинағы / құраст. В.В. Каберник; МГИМО- Мәскеу. 2018. 130-145 бб.
56. Джорджия штатының Тергеу бюросының ресми сайты (Georgia Bureau of Intelligence, GBI .) URL: <https://gbi.georgia.gov> (қаралған күні: 18.08.2020ж)
57. Израиль: экстремизммен күресушілер арасындағы экстремизмнің өсуі. URL: <https://politrussia.com/world/izrail-rost-ekstremizma-962/> (қаралған күні: 28.08.2020ж)
58. UAE creates Federal Public Prosecution for Information Technology Crimes. <https://www.thenational.ae/uae/uae-creates-federal-public-prosecution-for-information-technology-crimes-1.41675> (қаралған күні: 28.08.2020ж)
59. Cultural Harmony. The Next Decade 2002–2012. White Paper // New South Wales Government. – 2004, с.73 URL : <http://catalogue.nla.gov.au/Record/3409670>
60. Rieker P. Juvenile Right-Wing-Extremism and Xenophobia in Germany: Research and Prevention // P. Rieker, M. Glaser, and S. Schuster (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 67–78.
61. A common and safe future. An action plan to prevent extremist views and radicalisation among young people // Government of Denmark. – 2009. – URL: <https://ec.europa.eu/migrant-integration/index.cfm?action=media.download&uuid=FBC310B9-FB85-7C31-946D632BC120D3B7>
62. Preventing Terrorism and Countering Violent Extremism and Radicalization that Lead to Terrorism: A Community-Policing Approach. – Vienna: OSCE, 2014. – 59-60 p.

63. Carlsson Y. Violent Right-Wing Extremism in Norway: Community Based Prevention and Intervention // Rieker, P., Glaser, M., and Schuster, S. (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 12–29.
64. Multi-Cultural France is becoming a Multi-Racist Society: An Interview with Ch. Rojzman, conducted by S. Schuster // P. Rieker, M. Glaser, and S. Schuster (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 113–124.
65. Davolio M., Gerber B., Eckmann M., Drilling M. The Special Case of Switzerland: Research Findings and Thoughts from a Context-Oriented Perspective // Rieker, P., Glaser, M., and Schuster, S. (eds.). Prevention of Right-Wing Extremism, Xenophobia and Racism in European Perspective. – Halle: Deutsches Jugendinstitut, 2006. – P. 29-47.
66. Бураева Л. А. Жастар арасындағы кибертерроризм // Бизнес в законе. Экономикалық-құқытық журнал, 2016, № 2. – 27 б.
67. Гизятова Л.А., Фахрутдинова А.В. Есірткеге қарсы тәрбие беру жұмысы экстремизм идеологиясына тиімді қарсы іс-қимыл жүргізу факторы ретінде // Жас ғалымдардың Қазан вестнигі. Педагогикалық ғылымдар, 2017, Т. 1, № 3 (3) . - 35-39 бб.
68. Кайратұлы Ж.Т. Дерадикализация жүргізу бойынша голландық әдіс-тәсілдің негізгі ерекшеліктері. URL: <http://cipr.kz/ru/media/stati/klyuchevye-osobennosti-gollandskogo-podhoda-k-deradikalizacii.html>
69. Winship C. End of a Miracle? Crime, Faith, and Partnership in Boston in the 1990's. – URL: [http://scholar.harvard.edu/files/cwinship/files/end\\_of\\_a\\_miracle\\_0\\_0.pdf](http://scholar.harvard.edu/files/cwinship/files/end_of_a_miracle_0_0.pdf)

НАО «ЦЕНТР Н.НАЗАРБАЕВА ПО РАЗВИТИЮ  
МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО И МЕЖЦИВИЛИЗАЦИОННОГО ДИАЛОГА»

ИНСТИТУТ АНАЛИЗА РЕЛИГИОЗНОЙ СИТУАЦИИ И РЕЛИГИОВЕДЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

Аналитический доклад

**О состоянии и направлениях  
совершенствования  
информационно-разъяснительной  
работы в религиозной сфере**

Нур-Султан -2020



О состоянии и направлениях совершенствования информационно-разъяснительной работы в религиозной сфере/ Байбол Е.К., Камарова Р.И., Малгараева З.Б., Темирбаева А.А., Тлеубаева К.К., Орынтай А.О., Кикимбаев М.Ж., Укенов А.С. – Нур-Султан: НАО «Центр Н.Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога», 2020. – 102 стр.

Данный аналитический доклад содержит результаты комплексного исследования текущего состояния и направлений совершенствования информационно-разъяснительной работы в религиозной сфере в Республике Казахстан, также включает в себя анализ следующих аспектов: репрезентативность информационно-разъяснительной работы как одного из важных инструментов реализации государственной политики в сфере религии, наличие и функционирование инфраструктуры ее качественной реализации, обеспеченность информационно-разъяснительных групп профессиональными кадрами и необходимыми для деятельности материальными и финансовыми ресурсами, анализ международного опыта по профилактике религиозно мотивированного экстремизма.

При подготовке доклада были использованы данные, полученные в результате проведенных социологических исследований, официальная информация государственных органов и аналитические материалы, находящиеся в открытом доступе.

Аналитический доклад подготовлен в рамках государственного заказа Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан и рекомендован государственным органам, неправительственным организациям, экспертам, участвующим в реализации государственной политики в сфере религии.

# СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	109
ГЛАВА I. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-РАЗЪЯСНИТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В СФЕРЕ РЕЛИГИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	110
1.1 Анализ деятельности региональных информационно-разъяснительных групп в сфере религии.....	119
1.2 Информационно-разъяснительная работа с адресными группами.....	119
1.3 Уровень информированности населения об информационно-разъяснительной работе в сфере религий.....	126
1.4 Выводы, рекомендации и предложения.....	131
ГЛАВА II. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-РАЗЪЯСНИТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В СФЕРЕ РЕЛИГИИ.....	134
2.1 Уровень подготовки членов информационно-разъяснительных групп.....	134
2.2 Повышение эффективности деятельности информационно-разъяснительных групп.....	144
2.3 Анализ учебно-методического обеспечения информационно-разъяснительных групп.....	153
2.4 Выводы, рекомендации и предложения.....	160
ГЛАВА III. СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-РАЗЪЯСНИТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В РЕЛИГИОЗНОЙ СФЕРЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	163
3.1 Анализ эффективных методов информационно-разъяснительной работы (региональный опыт).....	163
3.2 Стимулирование работы членов информационно-разъяснительных групп.....	176
3.3 Международный опыт информационно-разъяснительной работы в сфере религии.....	183
3.4 Выводы, рекомендации и предложения.....	196
ЗАКЛЮЧЕНИЕ.....	200
СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ.....	202

## СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ

<b>АИК</b> – Аналитическая интернет-карта	<b>МИОР РК</b> – Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан
<b>АО</b> – Акционерное общество	<b>НПО</b> – Неправительственные организации
<b>АТК</b> – Антитеррористическая комиссия	<b>ОАЭ</b> – Объединённые Арабские Эмираты
<b>АТЦ</b> – Антитеррористический центр	<b>ОБСЕ</b> – Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе
<b>ВК</b> – Социальная сеть «ВКонтакте»	<b>ОДКБ</b> – Организация Договора о коллективной безопасности
<b>ВКО</b> – Восточно-Казахстанская область	<b>ОО</b> – Общественное объединение
<b>ДП</b> – Департамент полиции	<b>ООН</b> – Организация объединённых наций
<b>ДРТ</b> – Деструктивные религиозные течения	<b>ПО</b> – Правоохранительные органы
<b>ДУМК</b> – Духовное управление мусульман Казахстана	<b>РК</b> – Республика Казахстан
<b>ЕС</b> – Европейский союз	<b>РО</b> – Религиозное объединение
<b>ЗКО</b> – Западно-Казахстанская область	<b>РПЦ</b> – Русская Православная церковь
<b>ИП</b> – Индивидуальное предпринимательство	<b>РФ</b> – Российская Федерация
<b>ИРГ</b> – Информационно-разъяснительные группы	<b>СМИ</b> – Средства массовой информации
<b>ИРР</b> – Информационно-разъяснительная работа	<b>СНГ</b> – Содружество независимых государств
<b>КГУ</b> – Коммунальное государственное учреждение	<b>США</b> – Соединённые Штаты Америки
<b>КДР</b> – Комитет по делам религий	<b>ТОО</b> – Товарищество с ограниченной ответственностью
<b>КИСИ</b> – Казахстанский институт стратегических исследований	<b>ТРЦ</b> – Торгово-развлекательный центр
<b>КМЦ «ПАРАСАТ»</b> – Консультативно-методический центр «Парасат»	<b>УДР</b> – Управление по делам религий
<b>КНБ РК</b> – Комитет национальной безопасности Республики Казахстан	<b>УК</b> – Уголовный кодекс
<b>КНР</b> – Китайская Народная Республика	<b>ФБ</b> – Социальная сеть «Фейсбук»
<b>КоАП РК</b> – Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях	<b>ФБР</b> – Федеральное бюро расследований
<b>МВД</b> – Министерство внутренних дел	<b>ЦАРМО</b> – Центр анализа и развития межконфессиональных отношений
<b>МИО</b> – Местный исполнительный орган	<b>ЦИПР</b> – Центр исследования проблем религии
	<b>ЦПГИ</b> – Центр поддержки гражданских инициатив
	<b>РАТС ШОС</b> – Региональная антитеррористическая структура

## ВВЕДЕНИЕ

Аналитический доклад «О состоянии и направлениях совершенствования информационно-разъяснительной работы в религиозной сфере» посвящен определению проблемных аспектов информационно-разъяснительной работы и путей совершенствования деятельности информационно-разъяснительных групп (далее - ИРГ) по реализации государственной политики в религиозной сфере.

**Актуальность.** С обретением Независимости Республики Казахстан религиозная сфера начинает приобретать все более значимый общественный характер. Растет число верующих, культовых сооружений, количество людей, участвующих в религиозных практиках.

Казахстан исторически является поликонфессиональным и полиэтническим государством, где на протяжении веков мирно сосуществуют и активно взаимодействуют представители разных национальностей и вероисповеданий.

